


К Э С І П Т І К

Б І Л І М




Г. А. Кактаева

ФИЛОСОФИЯ НЕГІЗДЕРІ

К Ә С І П Т І К

Б І Л І М



Г. А. Кактаева

ФИЛОСОФИЯ НЕГІЗДЕРІ


Оқулық

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
кәсіптік бастауыш және орта білім беру
ұйымдарына ұсынады



«Фолиант» баспасы
Астана-2006

87
ББК 88.3
К 14



Пікір жазғандар:

Аухадиева Ш.Д. – философия ғылымдарының кандидаты;
Дүйсебаева М.Ж. – қоғамдық пәндер оқытушысы

К 14 Кактаева Г.А.
Философия негіздері: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2006.
– 180 б.

ISBN 9965-35-097-3

Бұл оқулық жалпы орта білім беру орындары оқытушылары мен оқушыларына ұсынылады. Философия негіздерін оқу барысында оқушылар түрлі қоғамтану жайлы өз көзқарастарын қалыптастырады, сонымен қатар қазақ халқының ұлы тұлғаларының философиялық көзқарастары келтірілген.

Аталған оқулық оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады және адамгершілік тәжірибесі шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналады.

К 0303020000
00(05)-06

ББК 88.3

ISBN 9965-35-097-3

© Кактаева Г.А., 2006
© «Фолиант» баспасы, 2006

КІРІСПЕ

Жалпы орта білім беру орындары оқушыларына ұсынылып отырған бұл оқулық "Философия негіздері" пәні бойынша типтік оқу бағдарламасына сәйкес жасалынған.

Философия негіздерінің курсы қоршаған ортадан дұрыс бағыт тауып, әлеуметтік процестерді түсіну үшін маңызды рөл атқарады. Философияны оқу барысында оқушылар түрлі қоғамтану мәселелері жайлы өз көзқарастарын қалыптастырады және өз позицияларын анықтайды.

Философия негіздері оқушыларға философияның қоғамда қандай рөл атқаратынын түсіндіріп, әлемдік философиялық ойлардың негізгі кезеңдерімен таныстырады. Курстың басты бөлімдері – адам табиғаты және оның әмір сүруінің мағынасы, адам, қоғам, өркениет, мәдениет, бостандық және жауапкершілік; адам танымы және іс-әрекеті; адамзат болашағы сияқты, т.б. философияның негізгі мәселелерімен таныстыруға арналған.

Философия негіздерін оқуда оқушыларда – философия әлемінің ғылыми және діни бейнелері, адам өмірінің мағынасы, адам білімінің формалары және оның қазіргі қоғамдағы көрінісі, ерекшеліктері туралы танымы қалыптасады.

Курстың оқу негізінде оқушының рухани және материалдық құндылықтар қатынастары туралы, олардың адам өміріндегі, қоғамдағы және өркениеттегі рөлі туралы түсінігі болуы тиіс; ғылымның рөлі және ғылыми таным, оның құрылымы, формасы мен әдістері, ғылым мен техниканың және технологияның дамуына және оның табыстарын пайдаланудағы байланыстан туындайтын әлеуметтік және этикалық проблемалар туралы түсінік болуы тиіс; адамдағы биологиялық және әлеуметтік, денелік және рухани байланыстар туралы; жеке тұлғанын қалыптасу шарттары, оның бостандығы және жауапкершілігі туралы түсінігі болуы тиіс.

Оқулықта өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар, тест сұрақтары қамтылған.

"Философия негіздері" пәнінің оқу тақырыптық жоспары:

I тарау. Философиялық білімнің өзіне тән ерекшеліктері.

1. Философия және оның қоғамдағы рөлі.
2. Философияның тарихи типтері.

II тарау. Әлем – шындықтар жиынтығы ретінде.

3. Материя және сана.
4. Диалектика және оған баламалар.
5. Қоғамның философиялық түсінігі.

III тарау. Адамның және қоғамның рухани өмірі.

6. Таным теориясы.
7. Қоғамдық сана және оның формаларының көп түрлілігі.

IV тарау. Философиядағы адам мәселесі.

8. Адам болмысы – философия мәселесі ретінде.
9. Жеке тұлғалық. Бостандығы және жауапкершілігі.
10. Адамзат болашағы.

Философияның басқа пәндермен байланысы:

- Әдебиет;
- Мәдениеттану;
- Математика;
- Статистика;
- Құқық салалары;
- Экономикалық теория;
- Қаржы және несие;
- Экономикалық талдау;
- Ревизия және бақылау;
- Бухгалтерлік есеп;
- Бюджет және бюджеттік жүйе;
- Салық және салықтандыру;
- Аудит;
- Кеден ісі;
- Экология, гөнтану;

Философияның басқа ғылымдармен байланысы:

- Математика;
- Физика;
- Астрономия;
- Химия;
- Биология;
- Техникалық ғылымдар (микроэлектроника, кибернетика, т.б.);
- Тарих;
- Антропология;
- Археология;
- Экология.

І ТАРАУ

ФИЛОСОФИЯЛЫҚ БІЛІМНІҢ ӨЗІНЕ ТӘН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1 тақырып. "Философия және оның қоғамдағы рөлі"

Тәуелсіз Қазақстанның ертеңгі болашағына өз үлесін қосар білікті маман, зерделі азамат болып, ел тағдырын шешуге, қоғам дамуының жауапкершілігін мойнына алуға ұмтылған әрбір жас үшін философия пәнін оқып-үйрену өте қажет.

Философияның басты ерекшелігі – әлемді, бүкіл дүниені тұтас қарастырады, оның ішкі байланысын, жалпы даму заңдылықтарын зерттейді. Яғни, ол – дүниетанымдық ғылыми жүйе болып табылады.

Сондықтан философияның маңызын, құрылымын, пәнін тереңдеп білу үшін, ең әуелі, оның дүниетаныммен байланысын, арақатынасын қарастырып көрелік.

Белгілі бір адамдардың дербес қызметі ретінде философия ежелгі шығыс елдерінде – Қытайда, Индияда, т.б. елдерде, кейінірек антика дәуірінде ежелгі Греция топырағында қалыптаса бастаған. Бірақ, оның түпкі туындайтын түбірі адамдардың әлемдегі айрықша болмысында, дүниеге өзіндік қатынасында жатуы тиіс. Ол қатынас жануарлардың өзін қоршаған табиғи ортаға қатынасынан мүлдем өзгеше. Жануарлар табиғи дамудың төл туындысы, белгілі бір географиялық ортамен тікелей үйлескен, олар өздерін табиғаттан бөліп, оған бір бөгде күштей сырт қатынас жасай алмайды. Сондықтан олар үшін табиғатты игеру, оны түсіну, ішкі сырына қанығу мәселесі тұрған жоқ.

Адамдар болса, ортаға тікелей бейімделудің нәтижесінде емес, сол ортаны игеру қызметі нәтижесінде, оған

дәнекерлі, құрал-саймандар арқылы, өзара қоғамдасу арқылы қатынасады. Бұл процесс өзі атқаратын іс-әрекеттерді де, оның өзгеретін объектісін де және ақырында өзінің кім екенін де белгілі дәрежеде көре білуді, түсіне білуді де қажет етеді.

Осыған орай адам табиғатқа, жалпы әлемге солардың тек бір бөлшегі ғана емес, олардан біршама бөгделенген, оқшауланған сырт күштей қатынас жасай алады. Сол арқылы ол өзін де өзгертіп, өзінің мүмкіндіктерін ортаның мүмкіндіктерімен ұштастырады, өзіне де сырт көзбен қарай алады. Бұл, әрине, адамдардың тарихында өзгере беретін жағдай.

Айтылмыш жағдай адамның әлемдегі алатын орнын, оның өмірінің түпкі мәнін, оның кім болатындығын, болуы керектігін алдын ала шешілген, онсыз-ақ, онан бұрын-ақ анықталған мәселе ретінде қарамайды. Керісінше, оның барлығын адамның өзі шешуін, өзі анықтауын керек етеді. Яғни, адам әлемі үнемі белгілі бір дәрежеде шешіліп, не шешілмей жататын, бірақ толассыз оның алдында шешілуін, анықталуын күтіп тұрған жұмбақтай болып тұрады.

Дүниетаным, дүниеге көзқарас дегеніміз – айнала қоршаған орта, бүкіл әлем, тұтас дүние туралы, ондағы адамның орны, тіршіліктің мән-мағынасы туралы көзқарастардың, пікірлер мен түсініктердің жүйеленген жиынтығы.

Дүниеге көзқарас адам қоғамымен бірге пайда болған қоғамдық тарихи құбылыс. Оның шығуының қайнар көзі – өмірдің өзі, адамның тіршілік болмысы.

Дүниеге көзқарастың негізгі ұғымдары – “дүние” және “адам”. Олар ажырамас бірлікте. Яғни, адамнан бөлектенген дүние және табиғат, сондай-ақ сыртқы дүниемен салыстырылмаған адамның іс-әрекеті, ішкі рухани өмірі, әрқайсысы өз бетінше дүниетанымды құрай алмайды. Дүниеге қатынасы арқылы адам өзінің тағдыры мен өмірлік позициясын, сүйіспеншілігі мен сенімі туралы белгілі бір көзқарастар аумағын кеңейтеді. Адам мен дүние арақатынастары бір-бірімен жаңа байланыста қаралған сай-

ын, сыртқы материалдық әлем және ішкі рухани дүние туралы түсініктер тиянақталынады.

Осыдан келіп дүниеге көзқараста, біріншіден, әлем, табиғат және қоғам туралы, олардың бірлігі туралы, екіншіден, адам және оның дүниедегі орны туралы, үшіншіден, болмыс пен болашақтың мән-жайы туралы көңілге қонымды түсініктер қалыптаса бастайды.

Дүниетанымның тұтастығын құрастыратын негіз – білім. Білім адамның көкірегіне қоныс теуіп, санасына ұялап, оның өмір тәжірибесінің елегінен өтіп барып, сенімге айналады. Сенім дегеніміз – дүниеге көзқарастың түп қазығы, бағыттаушысы, адамның өз позициясына, тоқыған ойына, істеген ісіне, ұмтылған мұрат-мақсатына деген беріктігі. Сенімі берік адамның көзқарасы, дүниетанымы нақты, ісі қонымды, бағыты қашан да айқын.

Дүниеге көзқарастың қалыптасуы табиғи, әлеуметтік және нақты мәдени ортаға тәуелді. Дүниеге көзқарасты ғылыми және ғылыми емес, қарапайым деп бөлуге болады.

Сөйтіп, қарапайым дүниетанымда мифологиялық, діни және ғылыми көзқарастар, *материалистік* және *идеалистік* ағымдар араласып жатады.

Ал тарихи тұрғыдан алғанда дүниеге көзқарастың мифологиялық, діни, натурфилософиялық және философиялық түрлері қалыптасты.

Ежелгі дәуір мәдениетінің дүниетанымы – миф.

Миф – алғашқы қауым адамына тән ойлаудың бірінші бөлінбеген формасы. Мұнда поэзия мен ғылымның, дін мен моральдың, рационалды әсердің элементтері бар. Ежелгі миф-аңыздар алғашқы адамдардың тіршілігінің маңызды белгісіндей, олардың рәміздік мазмұны арқылы адамзат қоршаған ортаны және уақытты әрі игерді, әрі түсінді. Ағылшын тарихшысы Э.Б. Тайлор мифтердің мынадай түрлерін атап өтеді:

1. Философиялық немесе түсіндірмелік;
2. Нақтылы, бірақ бұрмаланған деректерге сүйенген мифтер;
3. Тарихи және аңыздық тұлғалар туралы мифтер;
4. Фантастикалық және метафоралық мифтер;
5. Саяси-әлеуметтік және тұрмыстық мифтер.

Мифологиялық дүниетанымның кіндігі – кеңістік пен уақытты адаммен жақындастыру талпынысы, бағдары. Мифологиялық уақытта адам мен табиғаттың арасында алшақтық жоқ болды. Миф алғашқы адамдардың тіршілігінің ажырамас бір бөлігі болып табылады. Миф – адамның қауымдық санасының алғашқы қалыптасуының көрінісі. Ол ешбір құбылыстың түп негізін, шығу себебін ашпайды. Жазулы ақпарат жоқ кезде миф оның қызметін атқарған, адам мен дүниенің дәнекері болған. Сонымен, мифологиялық кезеңде адам мен табиғаттың арасындағы бірлік ерекше жоғары дәріптелді. Егіншілік пен бақташылық, тіпті, қолөнердің өзі ежелгі дәуір мәдениетінен табиғат пен сырлас болуды талап етті. Скиф – сақ өркениетіндегі "аң стилі", қытайдың инь, ян бастамалары, Египет пен Шумердегі өліп, қайта тірілген құдай туралы аңыздар табиғат пен үйлесімдікке шақыратын рәміздер.

Түрік халықтарының мифологиясында ғарыштың құрылымы былай бейнеленеді: жеті қабат Жер бар, онда Көктөбе тұр, Көктөбеде Көктерек өсіп тұр, ол Көккүмбезді тіреп тұр. Бұл бейне киіз үйдің құрылымына да ұқсас. Қазақтың әлем туралы түсінігінде әсерлі бейненің бірі – алып бәйтерек. Дүниежүзілік ағаш таңбасы өрлемдік қозғалысты, Жер мен Аспанның тығыз байланысын білдіреді. Осы биік бәйтеректен эпос батырлары аспан денелеріне өрмелеп жете алатын болған. Әлемдік ағаштың тағы бір атқаратын қызметі оның жоғары және орта дүниемен байланыстыруында. Тірілер әлемі өткен кезбен, аруақтармен қатынасын үзбейді. Көктеректің тамырлары жер астында орналасқан. Жасыл-желек өмірлік ағаш күш-қуат пен нәрді төменгі дүниеден алады.

Сонымен, қазақтың рухани мәдениетінде аспанды Тәңірі – құдай ретінде қадірлеу осы мәдениеттің маңызды бір қасиетіне жатады. Аспанды құдай деңгейіне көтеру, одан қорқу емес, бұл көне мифтер мен ежелгі діндердің дүниетанымдық ерекшелігі екені ғылымға белгілі.

Қазақтардың ата-тегі түріктердің басты құдайы – Көк Тәңірі. Оның рақымымен елді билеген қағандар "Аспан-

да туған және Күнмен, Аймен безендірілген" деп аталған. Түрік жазуларында көшпенділердің барлық жеңістері Көк Тәңірімен байланыстырылған. Аспанды және оның шырақтарын қадірлеу түрік өркениетіне жататын барлық халықтардың дүниетанымының маңызды белгісі. Мысалы, "Оғызнаме" эпосында Оғыз қаған өз балаларының атын Көк, Күн, Ай, Жұлдыз, Тау, Теңіз деп қойғаны мәлім.

Ертегідегі қиял-ғажайып (сиқырлы) ерекшелік ондағы фантастика арқылы өріледі. Анығырақ айтқанда, фантастика – қиял-ғажайып ертегілердің жаны. Халық ертегілерінде фантастиканы жасау үшін неше қилы тәсілдер қолданылған. 1) Сенім-нанымды оқиғаға айналдыру. Алғашқы қоғам адамдарының ұғымынша табиғат дүниесіндегі барлық заттардың рухы бар, сол рухтар бейне адам баласы секілді ой-сезімге, түйсікке ие. Міне, бұл біз ұдайы айтып жүретін анимизмдік көзқарас болып саналады. Қиял-ғажайып ертегілерде бұл көзқарас айқын бейнеленген. Осы көзқарас бойынша табиғат дүниесіндегі түрлі-түсті бар заттар адамзаттық сезіммен күдіреттің күшті қуаты арқылы жарық дүниеге шыққан. Мысалы, ерегілердегі жердің жарылып немесе бас кейіпкердің жер астына түсіп, қатерден құтылуы, сиқырлы сулардың адам баласын әр қилы хайуанға айналдыруы, жануарлардың адам баласына қамқорлық жасауы, сол сияқты адамға серік болуы, әруақтардың тірі адамдармен қарым-қатынас жасауы, балгерлердің болжам айтуының нақты өмірде іске асуы, адамды хайуанға айналдыру секілді әрекеттердің бәрі таңғажайып фантастика. Мұның бәрі ертедегі адамдардың жерге, суға, тауға, ағашқа, жануарларға және ата-бабалар рухына сыйынатын көзқарастары. 2) Әсірелеу. Ертегілердегі фантастиканы жасаудың тағы бір тәсілі талдау жолы. Ертегілердің бір бөлігінде табиғат дүниесіндегі белгілі бір зат, тұрмыс бұйымдарын әсірелеп, олардың маңызы мен жұмыстағы қызметі шектен асырыла көтермеленді. Мысалы, қылыш – адамдардың жыртқыш аңдармен, жауларымен арпалысуында қолданатын өте маңызды құралы, басқа қызметі де елеулі болған. Сон-

дықтан қылыштың жасалуы өзінің дәуірі тұрғысынан айтқанда зор тапқырлық саналған. Сол үшін адамдар қылышты ертегілер әлеміне енгізіп, оның қызметін әсірелеу арқылы өздерінің бақытты тұрмысқа жетуі жолындағы армандарын қылыштың қасиеті арқылы жетуге болады деп түсінген. Сандық – халықтың алтын қазынасын, киім-кешегін, т.б. да бағалы заттарын сақтауға пайдаланатын мүлкі. Сондықтан сандық ертегілерде кедейлерге тауар шығарып беретін игі қасиетке ие етілген.

Ертегілердегі әр қилы құдірет образдарының жасалуы да іс жүзіндегі болмыстан алыстап кете қоймайды. Мысалы, диюлар өте зор денелі құдіретті мақұлық, бірақ оның адамдарға ұқсаған аяғы, қолы, басы, көзі бар. Ол перизат сұлу қыздың образында болады; Жалмауыз кемпір сияқты болып көрінеді, тек аузы, мұрны, көзі өзгертіліп, сүйкімсіздендірілген. Сондықтан халықтың қиял-ғажайып ертегілерінде жоғарыда айтылған екі түрлі тәсіл арқылы нақтылықтан фантастика құрастырған және сол нақтылықты бейнелеу үшін қызмет істеттірген.

Кейін Құдай адамдарға кітап (Құран, Библия) "сыйлаған" соң, мифологиялық дүниетанымды дін мен философия ығыстырды.

Діни негіздегі дүние көзқарасы мифологиялық сана-ның табиғи жалғасы. Діни дүниетаным табиғаттан тыс, құдіретті күшке адамның мүлтіксіз бағынуын уағыздайды. Адам санасында табиғи құбылыстардың бұрмаланған бейнесін туғызады, оны табиғатты өзгерту мүмкіндігінен шеттеуге бейімдейді. Дін объективтік шындықты адам басында бұрмалап, фантастикалық түрде бейнелейді. Діни қағидаларға қарағанда дүниеде қандай бір құбылыс болмасын оның тікелей тірегі, қозғаушысы өмірден тыс тұрған және оны жаратушы күш (құдірет) екені. Ең бірінші діндер политеистік болған, діндердің ең жоғары сатысы таптық қоғамдарда пайда болып, содан бері келе жатқан монотеистік сенім. Үш ірі дүниежүзілік дін бар: буддизм, христиан, ислам діндері. Діннің пайда болуы ертедегі қауымдық адамдардың дүниетаным қабілеттерінің өте төмен болып, табиғат құбылыстарының сы-

рын түсіне алмай, түрлі жағдайлардың себептерін рухани күш-құдіретке балағанын көрсетеді.

Буддизм б.з.д. VI ғасырда пайда болады. Оның шығу тарихы принц Сиддхартха Гаутаманың есімімен тығыз байланысты. Буддизм ілімі бойынша, өмір – қасірет. Адам қандай әлеуметтік сатыда тұрса да аурудан, кәріліктен, өлімнен құтыла алмайды. Буддизм бойынша, өмірдің азаптары жайындағы қасиетті шындық мынадай: өмірге келу – азап, қартаю – азап, жүрегің қаламайтын адаммен қосылу – азап, жақсы көрген адамыңнан айрылысу – азап, көздеген мақсатыңа жете алмау – азап. Ал осы азаптардан құтылудың басты жолы – сегіз салалы қасиетті өмір жолын тандап алу. Будда ілімі адамның бойындағы ізгілік, адамгершілік қасиеттерді одан әрі дамытуды насихаттайды. Онда былай делінген: "Бұл дүниеде өшпенділікті өшпенділікпен жеңуге болмайды, адам ашу-ызасын ақылға жеңдіріп, зұлымдықты қайырымдылықпен ауыздықтауы қажет. Ұрыста мың адамды жеңіп шығуға болады, ал нағыз жеңіс адамның өзін-өзі жеңіп шығуы болып табылады".

Христиан діні б.з. I ғасырда қалыптасты. 1054 ж. христиан діні: католик және православиелік болып екіге бөлінсе, ал XVI ғ. бұл діннің жаңа тармағы – протестанттық ағым пайда болды. Христиан діні – өзінің мазмұны мен мәні жағынан өзгеше жаңа мәдениеттің негізін қалауға тікелей себепкер болды. Бұл жаңа мәдениет адам тұлғасын мойындады, адамды құдайтағаланың жер бетіндегі пендесі, ал Иисус Христос адамзат баласының ең жақын қамқоршысы деп танылды.

Библияда христиан Құдайы "Қазына Құдайы" деп аталды, өйткені мұндағы Құдай пұт емес, адам еркінің көрінісі емес, ол адамнан мүлде тәуелсіз өмір сүреді. "Құдай – ол нағыз махаббат" өйткені оның адамзат баласына деген махаббаты өте шексіз, ол еш уақытта да адамдарға жамандық пен жауыздық жасамайды. Зұлымдық пен жауыздық – адамдардың мән-мағынасыз өмірінің және бұл өмірде жасаған күнелерінің жемісі.

Ислам (арабша Аллаға берілу, мойын ұсыну) діні Батыс Аравияда VII ғасырда таптық араб мемлекетінің құрылу кезеңінде пайда болды. Ислам діни ілімі Құранда баяндалған, оның мазмұны, аңыз бойынша, Құдайдың еркімен Мұхаммед пайғамбарға хабарланған. Ислам діни христиан діні мен иудаизмнің, ішінара манихейлік пен зороастризмнің әсеріне ұшырады. Исламның басты догматы бірден-бір ақиқат Құдай көк пен жерді жаратушы және ондағы бар нәрсенің бәрін жасаушы ретінде олардың үстінен өктемдік жүргізетін Алланы мойындау болып табылады. Мұсылманның бес парызы бар. Олардың біріншісі, діннің символы: "Алладан басқа Құдай жоқ, ал Мұхаммед – Құдайдың елшісі" деген сөздерді айту болып табылады. Одан әрі мұсылмандарға күнделікті намаз оқу, ораза тұту, салық(зекет) төлеу, сондай-ақ қажыға бару парыз етілген. Ислам негізінен екі бағытқа – суннизмге және шиизмге бөлінеді.

Мұсылмандық діннің еуразиялық Далада таралуына байланысты көшпелі халықтардың ғарыш туралы түсінігі де өзгерістерге ұшырады. Бұрынғы ескі мұра жоғалып кетпей, ислам космогониясымен синкреттік (тығыз байланысты) түрде тұтасты. Бұл түсініктер бойынша әлем екі дүниеден: фәни (белгісіздік) және бақидан (мәңгілік) тұрады. Осыған сәйкес адам өмірі шексіз. Фәниден бақиға өту, бұл дүниеден кету дегеніміз – жанның бір формадан екінші формаға ауысуы, оның нұрға айналуы.

Мифология мен діни сананың кемшіліктеріне қарсы күресті біршама батылдықпен жүргізген натуралистік философия болды. Ол жеке жаратылыстану ғылымдарының тұжырымдарына сүйене отырып, табиғат туралы тұтас көзқарас қалыптастыруға тырысты. Бірақ онда дүниені өзгермейтін нәрсе ретінде қарастыру басым еді.

Натуралистік философия – жеке жаратылыстану ғылымдарының тұжырымдарына сүйене отырып, табиғат туралы тұтас көзқарас қалыптастыруға тырысты.

Ал *философиялық* ой-толғамдар мен тұжырымдар таптық қоғамның орнығуы барысында, яғни, ертедегі Қытай, Үнді, Греция елдерінде айқынырақ қалыптасты.

Осы кезде экономика мен сауда-саттық, саяси құрылым мен мәдениет ошақтары ірі-ірі қалаларда шоғырланды. Жерге жеке меншік орнады. Өндіріс құралдарының шоғырлануы еңбек бөлінісін тездетті, әрі тереңдетті. Біреулердің қолында өндіріс байлығын, жерді, сондағы бар мүліктерді иемденуге мүмкіндіктері болады. Басым көпшілік, бұқара қауым мұндай игілік пен құқықтан мүлде айырылды. Таптық қайшылық қоғамдық өмірдің күрделі мәселелерін күн тәртібіне қойды. Қайшылық салдарынан таным мен өндіріс қызметі, ой еңбегі мен дене еңбегі бір-бірінен дараланып бөлінді. Білім жеке биліктің есебімен ғана практикалық қолдау тапты. Міне, осы жағдайда дүниеге деген көзқарас қалыптасты. Ертедегі грек ойшылдары үшін философия дегеніміз – болмыстың алғашқы бастамасы мен себебін іздеу, мән жөніндегі ілім, шындықты пайымдау, болмысты құдірет күш-Аллатағаламен теңестірудің баламасын табуға үйрететін қабілеттілік деп түсінілді. Ой жүйесінің ең жоғары деңгейі – дүниеге философиялық көзқарас.

"Философия" – грек сөзі (даналықты сүю), шығыс халықтарында арабшаланған түрде фәлсәфә деп аталады, біздің айналамыздағы өмір шындығы жөніндегі көзқарастар жүйесі, дүние туралы және онда адамның алатын орны туралы анағұрлым жалпы ұғымдардың жүйесі болып табылады. Яғни, даналыққа құмарлық деген мағынаны білдіреді.

Адам дүниемен қарым-қатынаста болғанда, болмыстың екі жағы – *материалдыққа* және *идеалдыққа* душар болады.

1. Материалды дүниеге айналадағы қоршаған заттардың бөрі, яғни адамның санасынан, ой жүйесінен тысқары, әрі одан тәуелсіз, объективті түрде өмір сүретіннің бөрі жатады.

2. Ал идеалды, яғни рухани дүниеге санадағы, ойдағы, көкейдегі субъективті құбылыстар (ойлар, сезімдер, психикалық қасиеттер) жатады.

Философияның атқаратын функциялары:

1. Дүниетанымдық, дүниені танып білу;
2. Рационалды (заңдарды ашу);

3. Критикалық, сынға салу;

4. Болашақты болжау.

Философия ғылым ба, әлде рухани қызметтің өз алдына дербес саласы ма? – деген мәселе әлем философиясында көп талқыланған. Батыс Еуропаның философиялық ой тарихында оны көбінесе ғылым саласына жатқызатын, тіпті оны "ғылымдардың ғылымы" деген көзқарас басым болды. Маркстік философияда осы жөнінде екі ұштылық байқалады. Бірінде философия ғылымнан бөлек, өз алдына қоғамдық сананың формасы деп танылса, басқа көп еңбектерде К. Маркс, әсіресе Ф. Энгельс философияны, оның ішінде диалектиканы даусыз ғылымға жатқызады. XX ғасырда, бірақ, батыс ойшылдарының көпшілігі дерлік философияны ғылымнан бөлек, бөгде рухани сала деп түсінуге ойысты.

Ең алдымен философияны ғылымға жақындастыратын жақтары қандай? Ғылым сияқты философия да өз қағидаларын фактілермен де, логикалық уәждермен, дәлелдермен негіздеуге ұмтылады. Философия өмірдегі бар, болып отырған қатынастарды, болмысты, оның заңдарын игеріп, бейімдеуді негізге ала отырып, бірақ түпкі мақсатын, ұмсынатын бағытын, болуға қажетті, болуға лайықты, болуы мүмкін, тіпті болуы парыз нәрселерге арнайды. Ғылымның мұраты – бар тылсымның сырын айқындау, барлықтың ақиқатын ашу, соның негізінде сол барлықтан заңды түрде туындайтын немесе міндетті түрде шығатын, шыға алатын нәрселерді анықтау. Бұл бірақ, көбінесе табиғат пен қоғамның бар заңдылықтарына байланысты.

Философия адамның дүниеде болуының сан алуан формалары мен жолдардың ең алдымен мәнділігі мен мәнсіздігін айқындау, сол мәндерді адам көңіл күйінде, жан толғанысында игеріп, әркімнің жеке басының өзіндік рухани ырзығы етудің түрі, соны жасаудағы рухани қызмет.

Философия пәні

Философия

Ой жүйенің ең жоғары деңгейі – дүниеге философиялық көзқарас


Дүниетанымның мағынасы

Гуманистік-сүйіспеншілік
әлеуметтік-аксиологиялық құндылықтар
мәдени-тәрбиелік адамдарды тәрбиелеу
бейнелеу-ақпараттық категориялар,
жалпы принциптер, заңдар


Әдістемелік

Эвристикалық – жаңа білімдерді игеру
Үйлесімділік – ғылыми зерттеу
әдістерінің координациясы
Интеграциялық бөлшектерді біріктіру
Логико-гносеологиялық ғылыми
білімдердің теориялық құрылымы және
түсініктер қалыптасуы


Философиялық білімнің құрылымы




Дүниетанымның тарихи түрлері



Философияның дін және мифологиямен байланысы



Философияның өзекті мәселесі (материалистердің көзқарасы)



Өз бетінше жұмыстар:

1. *Осы түсініктерге анықтама беріңіз:* Дүниеге көз-қарас; мифология; концепция; тіршілік; экология.

2. *Абай Құнанбаев. Қара сөздер. Отыз жетінші сөз.*

– “Адам баласын замана өстіртеді, кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі виноват.”

– “Дүние – үлкен көл,
Заман – соққан жел,
Алдыңғы толқын-ағалар,
Артқы толқын-інілер,
Кезекпенен өлінер,
Баяғыдай көрінер”.

– “Бақпен асқан патшадан,
Мимен асқан қара артық,
Сақалын сатқан кәріден
Еңбегін сатқан бала артық”.

Адамның табиғаттағы мәні және оның болмысы жөніндегі Абайдың сөздерін қалай түсінесіз?

3. *Шәкәрім Құдайбердіұлы:*

Тәңіріні іздеп бір мұңғыл,
Тас сүретке шоқынса.
Өлсе де болып соған құл,
Иманын бұзбай отырса.

Атақ, пайда іздемей,
Ойында мақтан жоқ болса.
Қиянатты көздемей,
Қанағатқа тоқ болса.

Молдеке-ау, оған таңданба,
Сол кіреді бейіске.
Екі жүзді сандалма,
Сен қаласың кейісте.

Құдайың мен дүниеге,
Кезекпе-кезек шоқынсаң.
Инедей пайда тие ме,
Мешітте мың жыл отырсаң?!

Кімде болса шын мінез,
Болмас онда екі сөз.
Өлтірсе де көзбе-көз,
Иманын сатып алмас бөз.

Иман да сол, дін де сол, –
Адаспайтын айқын жол.
Күл де мейлің, ыза бол,
Бейіске анық кіреді ол.

Мысал емес, ындыным,
Өлгі мұңғыл – әулие,
Иман сатқан жындының,
Іздегені дүние!

Шәкәрімнің өлеңін "дүниетаным", "дін" категорияларды қолданып талдаңыз.

– Бейіс, кейіс, мұңғыл сөздеріне түсінік беру

Пікірталас сұрақтары:

1. Қазіргі жастар "болатын елдің баласына" ұқсай ма?
2. Жастар арасында кездесе беретін рухани мешелдік-мәңгүрттіктің тарихи, әлеуметтік, қоғамдық себептері қандай? Одан құтылудың жолы қайсы?
3. Соңғы дәуірде халық бойындағы қасиеттерге нені өкеп қосып, нені жоғалттық?
4. "Тастанды бала", "алжыған әке-шеше", "жезөкше мен нашақор, қатыгездік" сияқты дерттердің өмірдегі түпкі себептері неде?
5. "Халықтың ұлы мен қызы" болу үшін қазіргі жастарға не жетіспейді?
6. Жастардың да шешуі қиын өмірлік мәселелері бар. Олар нендей мәселелер?

7. Елге, Жерге қамқор, қайырымды болу үшін өзің қандай іс атқардың?

I тараудың тест сұрақтары:

1. Философияның анықтамасы:

А) Табиғат және қоғамның неғұрлым жалпы даму заңдары туралы ғылым.

В) Адамның дүниеге көзқарасы.

С) Дүниетанымның ерекше түрі.

2. Алғашқы қауым адамына тән ойлаудың бірінші бөлінбеген формасы:

А) Миф.

В) Дін.

С) Философия.

3. Конфуцийлықтың мемлекеттік ілімге айналған кезі:

А) IX ғ.

В) Б.д.д. I ғ.

С) XI ғ.

4. Тарихта философияның тууына негіз болған дүниежүзілік өркениеттің үш ірі ошағы атап көрсетіледі:

А) Қытай, Үнді, Греция.

В) Еуропа, АҚШ, Үнді.

С) Батыс Еуропа, Қытай, Үнді.

5. Философияның негізгі мәселелері:

А) Тарихи дамуды зерттеу.

В) Ғарышты зерттеу.

С) "Адам", "Өркениет", "Қоғам", "Мәдениет" ұғымдары.

6. Даосизмнің негізін қалаушы:

А) Лао-цзы.

В) Моди.

С) Конфуций.

7. Таным процесін жоққа шығаратын философиялық ағым:

А) Материалистер.

В) Идеалистер.

С) Агностиктер.

8. "Өзіңді өзің танып біл" деген философ:

А) Сократ.

В) Фалес.

С) Диоген.

9. Діни дүниеге көзқарастың негізі:

А) Ғылым.

В) Культ.

С) Сенім.

10. Б.з.д. пайда болған діннің ілімі бойынша "өмір-қасірет":

- А) Индуизм.
- В) Буддизм.
- С) Ислам.

11. Философияның пайда болуын, тарихта өткен философтардың ой-пікірлерін, тұжырымдары мен айқындамаларын белгілі бір білімдік жүйеге лайықтап, осы заманға жеткізген:

- А) Онтология.
- В) Гносеология.
- С) Философия тарихы.

12. Қазақ философиясының ірі өкілі, "Қара сөздерді" (Ғақлияны) жазған:

- А) Шәкәрім.
- В) Абай.
- С) Ы.Алтынсарин.

13. "Дүниедегі бар нәрселердің бәрінің материалдық негізін от деп санаған":

- А) Демокрит.
- В) Гераклит.
- С) Анаксимен.

14. Философияның заңдарды ашумен байланысты функциясы:

- А) Дүниетанымдық.
- В) Рационалды.
- С) Критикалық.

15. Қазақтардың ата-тегі түріктердің басты Құдайы:

- А) Көк Тәңірі.
- В) Ұмай.
- С) Аспан.

16. Әлемді, бүкіл дүниені тұтас қарастырады, оның ішкі байланысын, жалпы даму заңдылықтарын зерттейтін ғылым:

- А) Дін.
- В) Философия.
- С) Мифология.

17. "Сандар – барлық заттардың, ғарыштың негізі" деп тұжырымдаған философ:

- А) Сократ.
- В) Фалес.
- С) Пифагор.

18. Тал түсте қолшам ұстап базар алаңына барып "халық – көп, адам аз екен" деген философ:

А) Демокрит.

В) Диоген.

С) Эпикур.

19. Аристотельден кейінгі "Екінші ұстаз":

А) әл-Фараби.

В) Платон.

С) Сократ.

20. Медицина тақырыбында 43 трактат жазған, философия, математика, медицина, астрономия, ботаника, геология, лингвистика, поэзия және музыка салаларында еңбектері зор:

А) әл-Хорезми.

В) Аристотель.

С) Ибн Сина.

2 тақырып. "Философияның тарихи типтері"

1. Философияның үш ірі ошағы.

2. Антика заманының философиясы.

3. Орта ғасырлық философиясы.

4. Орта Азия халықтарының философиясы.

5. Қайта Өрлеу дәуірінің философиясы.

6. Жаңа заман философиясы.

7. ХІХ ғасырдағы қазақ ағартушыларының дүниетанымдық көзқарасы.

Философия тарихын зерттеудің басты мәселесі – тарихта өткен философтардың ой-пікірлерін, тұжырымдары мен айқындамаларын белгілі бір білімдік жүйеге лайықтап, осы заманға бұрмаламай жеткізу.

Философияның үш ірі ошағы: Қытай, Үндістан, Греция.

Ежелгі Үнді философиясы

Біздің жыл санауымыздан үш мыңдай жыл бұрын Ежелгі Үнді жерінде қауымдық қоғам ыдырап, оның орнына құлдық қоғам қалыптаса бастады. Осыған орай ежелгі үнді қоғамы төрт варнаға (каста) бөлінді. Олар: брахмандар (абыздар), кшатрийлер (әскербасылар), вайшьилер (ауқатты шаруалар) және шудралар (құлдар). Әр варна тұйықталған әлеуметтік топ болды да, әрқайсысы

қоғамда өзіне тиесілі орын алды және өздеріне ғана тән дәстүрлі қызметтері болды.

Мысалы, брахмандардың үлесіне – ой еңбегі, кшатрийларға – әскери қызмет, вайшьилерге – ауылшаруашылық, қолөнер кәсібі, саудагерлік тисе, шудраларға – қара жұмыс қана тиді. Ежелгі үнді қоғамының осы даму кезеңіне сай мифологиялық, философиялық көзқарастары да қалыптасты.

Үнді философиясының мақсаттары – адамгершілікке, руханилыққа баса назар аудару, адамның "өзін басқа барлық нәрседен және басқа барлық нәрселерді өзінен" көру, "йога" жаттықтыру, денені машықтандыру.

Ежелгі Қытай философиясы

Ежелгі Қытайдың қола дәуірінен темір дәуіріне өтуіне байланысты ауыл шарушылығы мен қала тұрғындарының еңбектерінің бөлінуіне, әртүрлі сатыдағы әлеуметтік топтардың пайда болуына әкеліп соқтырды.

Ежелгі Қытай мемлекеті – шын мәніндегі шығыстық деспотия болатын. Мемлекет басшысы – әрі патша, әрі абыз және жалғыз ғана жер иесі болды.

Б.д.д үшінші ғасырдың аяғында пайда болған Ежелгі Қытай философиясы кейінірек негізі алты философиялық бағытқа – мектептерге бөлінді. Олар: конфуцийшілдік, моизм, заң мектебі (легистер), даосизм, тұрпайы философтар (натурфилософия) және Атаулар мектебі.

Конфуцийшілдік. Бұл философиялық ағымның пайда болуы және қалыптасуы, осы ағымның негізін қалаушы Кун-фу-цзы, оның ізбасарлары Мэн-цзы және Сюнь-цзының есімдерімен байланысты.

Кун-фу-цзының ілімінше, ең жоғары жаратушы күш – аспан. Ол жерде әділеттілік болуын қадағалап отырады. Ал қоғамдағы теңсіздік, әртүрлі сатыдағы топтардың болуы ол – әділеттілік. Олай болса, аспан(көк) осы теңсіздікті қорғайды. Ең басты мәселелер – адамдар арасындағы қарым-қатынас, тәрбие.

Мэн-цзы – Кун-фу-цзының ілімін әрі қарай жалғастыра отырып, аспан-объективтік қажеттілік, тағдыр ретінде жақсылықты қорғайды дей отырып, аспанның еркі – адамдардың жігер-еркі арқылы көрінеді деген пікір айтады.

Конфуцийлық б.д.д. І ғ. Мемлекеттік ілімге, ал ІХ ғасырдан бастап Қытайдағы негізгі діни көзқарасқа айналды.

Легистер (заңгерлер) – негізгі өкілдері: Шан Ян, Хань Фэй-цзы. Олардың пікірінше, мемлекетті тек қана заңға сүйеніп басқаруға болады. Елде тәртіпсіздік болмас үшін: 1. Мақтаудан жазалау көп болу керек; 2. Аямай жазалау арқылы халық арасында үрейді тудыру қажет; 3. Ұсақ қылмыс жасағандарды аямай жазалау керек, сонда олар үлкен қылмыс жасамайтын болады; 4. Адамдар арасында бір-біріне сенімсіздік тудыру керек.

Конфуцийшылардың мемлекет – үлкен отбасы, оның басшысы – халықтың әкесі деген ілімнің орнына легистер: мемлекет – өз алдына бір машина сияқты құбылыс, билеуші – өзін ата-баба аруағынан да, халықтан да, аспаннан да жоғары қоятын деспот. Мемлекеттің негізгі мақсаттары: ұсақ патшалықтарды біріктіріп, Аспан аясындағы (Қытай) мемлекет құру, осы мемлекетке басқа халықтарды бағындыру.

Конфуцийшылдар мен легистер арасындағы күрес көп жылдарға созылды.

Даосизм (б.д.д, VI-V ғғ.). Бұл ілімнің негізін қалаушы Лао-цзы деп есептеледі. Оның негізгі еңбегі – "Дао және дә туралы кітап" ("Дао дә цзин").

Даосизм ілімі "дао" ұғымына негізделген. Егер басқа қытайлық философиялық ағымдарда "дао" "жол" деген мағына берсе, және ол Қытайдың дамуымен әдептілікті жетілдірудегі негізгі ұғым болса, даосизмде "дао" – жалпы дүниетанымдық ұғым. "Дао" – алғашқы бастама. Алғашқы түпнегіз және Қытайдағы, Жердегі және Өлемдегі барлық құбылыстардың, денелердің бірлігі, соңғы сатысы. (Дао – барлық заттардың анасы).

Әлемдегі денелерде аспан (ян-еркек) мен жер (инь-әйел) бастамалары заттардың өмір сүру заңы (цу) арқасында гармониялық бірлікте болады. "Дао" – болмыс заттарды дүниеге келтірсе, "дэ" оларды қоректендіреді. Бұл екеуінсіз (дао және дэ) еш нәрсе өмір сүруі мүмкін емес. Кейін келе даосизм дінге айналып, өзінің алғашқы кездегі көптеген идеяларынан айырылып қалды.

Антика заманының философиясы (б.д.д. VII -VI ғғ.)

Аталған дәуірлерде Эллада полистерінде (қала-мемлекет) қолөнер, сауда, ақшалай-заттық қатынастар жоғары қарқында дамып, осы себептердің негізінде өзіндік талап-мүдделері ерекшеленген өлеуметтік топтар пайда болды. Бұл ой еңбегі мен дене еңбегінің бөлінуіне, осы негізде таза зиялылар қауымының пайда болуына, өртүрлі өлеуметтік топтардың талап-мүдделеріне сай саяси-өлеуметтік, философиялық көзқарастардың қоғамдық сана ретінде қалыптасуына әкеліп соқтырды.

Сонымен қатар, антика философиясының қалыптасуына Крит-Микен, Гомерлік Греция кезеңдеріндегі әдеби-діни-мифологиялық көзқарастар және күнделікті өмір тұрғысынан тұжырымдалған данышпандық ой-пікірлер негізінде дамыған грек мәдениетінің сол кездегі Көне Шығыс мәдениетінің озық үлгілерін өз бойына сіңіруі арқасында қалыптасқан әлемнің субстанционалдық негізін іздеген, рационалданған көзқарастар зор әсер етті.

Демек, антикалық дүниетанымдық көзқарас өз кезеңіндегі ғылыми жетістіктерге сүйене, өзінің логикалық, категориялық аппараттарын жетілдіре отырып, философияның көзқарастық және рационалдық-жүйелілік жақтарын тығыз байланыстыра қарастырып, алғашқы философиялық ой-пікірдің қалыптасып, кейінірек келе оның классикалық деңгейге дейін көтерілуіне мүмкіндік туғызды.

Б.д.д. VII-V ғғ. антикалық рухани даму мифологиялық, діни көзқарастан ғылыми, философиялық көзқарасқа қарай бағытталды. Бұл кезеңді антикалық философия

тарихында Сократқа дейінгі, ал б.д.д. V-III ғасыр ойшылдардың мәнділіктің генетикалық бастамасын, түпнегізін жалпы дүниетанымдық көзқарастың негізі етіп алып, оны өзінің категориялық аппараты тұрғысынан түсіндіріп, философиялық ойлауды биік деңгейге көтеруіне байланысты кезеңді – Сократтан кейінгі немесе классикалық кезең деп екіге бөледі.

Сократқа дейінгі кезеңде дүниеге келген алғашқы философиялық мектеп Кіші Азияда шыққан Милет мектебі болды. Оның негізін қалаушы Милет қаласында өмір сүрген, жеті данышпан қатарына жататын солардың ішінде ең сыйлысы *Фалес* болды (шамамен б.д.д. 625-547 ж.ж.). Ол "Бастама туралы", "Күн туралы", "Күн мен түннің теңесуі туралы", "Теңіз астрологиясы" деген еңбектер жазған, бірақ олар біздің заманымызға жетпеген. Фалестің ілімінше, барлық денелердің генетикалық бастамасы – су.

Фалестің ілімін әрі қарай оның шәкірті және жолын қуушы *Анаксимандр* (шамамен б.д.д. 611-545 ж.ж.) жалғастырды. Негізгі еңбектері: "Табиғат туралы", "Жер картасы", "Глобус". Анаксимандр барлық денелердің бастамасын сол денелердің түпнегізі (субстанция) сатысына дейін көтереді. Бастаманы ол заттардың түпнегізі – айперонмен теңестіреді. Олай болса, айперон бастама да, түпнегіз де.

Анаксимандр ілімін әрі қарай оның шәкірті *Анаксимен* (б.д.д. VI ғ. Ортасы) жалғастырды. Негізгі еңбегі – "Табиғат туралы". Анаксимен барлық денелердің негізі деп ауаны айтады. Ауа – шексіз (апейрос). Сөйтіп, Анаксимандрдың апейроны түпнегізден ауаның қасиетіне айналды.

Милет мектебінде қалыптасқан философиялық дәстүрді ілгері қарай дамытқан Эфес қаласынан шыққан саяси қайраткер, ғұлама ойшыл *Гераклит* (шамамен б.д.д. 544-483 ж.ж.) болды. Оны іліміндегі терең ойлары үшін "тұңғық" деп атаған. Негізгі еңбегі: "Табиғат туралы". Гераклит заттардың бастамасын от деп есептеген. От мәңгі және құдай тектес.

Пифагор (б.д.д. 580-500 жж.) Б.д.д. VI ғасырдың аяғында философиялық ілімдер Кіші Азиядан "Ұлы Элладаға" ауыса бастады. Осы кезеңде оңтүстік Италия мен Сицилияда "пифагоршылар мектебі" деп аталған одақ құрылып, онда қоғамдық өмірді діни-әдептілік тұрғыдан реформалау қажеттігі туралы ілім кең өріс алады. Пифагоршылар қоғамда анархияның етек алуына қарсы болып, құдайдың айтуымен жасалған мемлекеттік заңдарды сақтау керектігін уағыздады. Пифагордың пікірінше, сандар – барлық заттардың, ғарыштың негізі. Оның ғарыштың бастамасы, негізі деп отырған сандары жай күнделікті өмірде қолданып жүрген сандар емес, олар – ғарыштың реттілігін, үйлесімділігін көрсететін сандар.

Классикалық философия – антика философияның екінші кезеңі. Ол Сократтың есімімен (б.д.д 469-399 жж.) тығыз байланысты болғандықтан, "Сократтан кейінгі" немесе "классикалық кезең" деп аталады. Сократ жазбаша еңбектер қалдырмаған, оның философиялық көзқарастары бізге Платон, Аристотельдің еңбектері арқылы жетті. Сократ ауызша пікірталастырып, диалог арқылы өзінің қарсыластарын қарастырылып отырған мәселе туралы жаңа, тың білімге сендіруге тырысты. Оның қағидалары: "Мен өзімнің түк білмейтіндігімді білемін" және "Өзіңді өзің танып-біл".

Киниктер философиясының ("Киносарг" деп аталған гимназияның атымен аталып кеткен, аудармасы – "көрегенит") негізін қалаушы **Антисфеннің** (б.д.д 444-368 жж.) пікірінше, нақты өмір сүретін тек жеке заттар ғана, ал жалпы ұғымдар заттардың қандай зат екенін анықтайтын сөз ғана. Антисфен өзінің ұстазы Сократтың рақымшылық, ізгілік, басқа туралы ілімін ілгері қарай жалғастырып, түкке тұрмайтын құндылығы жоқ байлық, денсаулық, т.б. сияқты игіліктермен салыстырғанда, рақымшылық – ең құнды және жалғыз ғана игілік деп уағыздаған. Себебі, адам өзінің негізгі мақсаты бақытқа тек рақымшылық арқылы жетуге болады. Рақымшыл болу үшін ол туралы көп сөздің, немесе көп білімнің қажеті жоқ, ол – тек іс-әрекет арқылы ғана көрінеді.

Материалдық тұрмыс қасиеттерін елемей, қоғамда қалыптасқан әдет-дәстүрлерді мысқылдай отырып, нағыз данышпандық, рақымшылық, бақытты іздеген Антисфеннің ізбасары *Диоген Синопский* (б.д.д. 412-323 жж.) киниктердің этикалық ілімін өз өмірінің негізгі қағидасы етіп қабылдаған, осыған байланысты өзінің артынан көптеген анекдотқа ұқсас әңгімелер қалдырған ойшыл. Мысалы, ол туралы замандастары былай дейді. Бірде, базар алаңында, бөшкеде отырған Диогеннен Ұлы Александр сіздің қандай өтінішіңіз болса да орындауға өзірмін деп сұрағанда, ол – күнді қалқаламаңыз деп жауап беріпті. Ол өте кедей тұрғанына қарамастан, киниктердің түсінігінше рақымшылыққа, бақытқа, шынайы бостандыққа жеткізбейтін адамдардың кемшіліктерін сынап, ләззатқа деген құмарлықты жек көрудің өзі – ләззат деп уағыздаған. Тал түсте фонарь ұстап базар алаңында "халық-көп, адам аз екен" деген сөзі осы пікірді нақтылайтын сияқты.

Атомистер ілімі. Бұл бағытқа ежелгі грек ойшылдары *Левкипп*, *Демокрит*, *Эпикур* және ежелгі Рим өкілі *Лукреций Кар*, т.б. жатады.

Бұл ойшылдардың шығармаларында, кейін материалистік бағыт деп аталып кеткен дүниетанымдық көзқарас толығымен қалыптасып, өзіндік ерекшеліктері бар философиялық ілімге айналды. Атомистік бағыттың қалыптасуына үлкен үлес қосқан ойшыл Левкипп (шамамен б.д.д. V ғ.) болды. Ол әлем бөлінбейтін ұсақ бөлшектерден, "атомдардан" тұрады және олар бос кеңістікте алақұйын қозғалыста болады да, бір-бірімен байланысқа түсіп, жеке денелерді құрайды. Левкипптің бұл пікірлері Демокрит ілімінің қалыптасуына зор әсер етті. Демокрит (шамамен б.д.д. 460-371 жж.) 70-тен астам шығармалар жазған: "Пифагор", "Планеталар туралы", "Табиғат туралы", "Адам табиғаты туралы", "Ақыл-ой туралы", "Үлкен әлем құрылысы", "Кіші әлем құрылысы", т.б.

Демокриттің ілімінше, дүниенің бастамасы – атомдар (шын болмыс) және бос кеңістік (бейболмыс). Болмыс пен бейболмыс бір-біріне қарама-қарсы құбылыстар. Атом-

дар бос кеңістікте соқтығысып, бір-бірімен бірігіп және байланысып, заттар әлемін құрайды.

Платон (б.д.д. 427-347 жж.) Сократтан дәріс алған, оның ілімін әрі қарай жалғастырушы, өзінің терең де мағыналы философиялық ойларымен жалпы философия ғылымының дамуына үлкен әсер еткен ғұлама-ойшыл. Платон оның лақап аты (жалпақ, кең деген мағына береді), шын аты – Аристокл. Негізгі шығармалары: "Апология" (Сократты қорғау), "Критон" (заңды сыйлау туралы), "Кратил" (тіл туралы)", "Заңдар", т.б. Платон пікірінше, шын болмыс-ақылмен ғана білуге болатын денесіз идеялар әлемі.

Оның ілімі бойынша идея мен материядан басқа үшінші бастама – әлемдік рух, немесе космос рухы шығармашылық күштің, қозғалыстың, тіршіліктің, жанның, санның және таным процесінің қайнар көзі ретінде идеялар әлемі мен заттар әлемін қосып, байланыстырады. Платон мәдениет тарихында өшпес із қалдырған ұлы ойшыл.

Ежелгі Греция философиясының биік шыңдарының бірі ұлы ғұлама **Аристотель** (б.д.д. 384-322 жж.) болды. Ол философияның өз алдына ғылым ретінде қалыптасуының негізін қалап, өз еңбектерінде басқа ғылымдардың мәселелерін философия тұрғысынан қараған алғашқы ойшыл-философ. Аристотель сол кездегі ғылымдардың барлық саласында ат салысып, көптеген еңбектер жазып қалдырған: "Категориялар", "Аналитика" (I-II томдар), "Топика", "Физика", "Метафизика", "Этикалық трактаттар", "Саясат", "Риторика", "Поэтика", т.б.

Өзінің ілімін Аристотель мәнділікті болмыс деп қарастырудан бастайды да, оны сол болмыстың өзіне тән категориялары арқылы түсіндіруге тырысады, (түр-форма, мән, сапа, сан, материя, қозғалыс, уақыт, т.б.). Аристотельдің пікірінше, адамдар "қоғамдық жануарлар". Отбасының, қоғамның табиғи дамуының арқасында мемлекет пайда болады. Мемлекеттің табиғаттан айырмашылығы, онда көптеген әлеуметтік, т.б. қатынастардың өріс алғандығы.

Орта ғасырлық философия

Құлиеленушілік қоғам күйреп, оның орнына Батыс Еуропа елдерінің қай-қайсысында да феодалдық қоғамдық қатынастар қалыптасып, христиан дінінің кең етек алып, тарауына байланысты, "шіркеу әкейлері" мен "пұтқа табынушылар" философиясының арасындағы мәмлеге келмес күрестің өрбу деңгейіне байланысты ортағасырлық философияны негізгі үш кезеңге бөліп қарастырады. Біздің заманымыздың II ғасырынан бастап, алғашқы христиандық ойшылдардың ілімдерін жиынтықтап, кейін *апологетика* (қорғау) деп аталып кеткен діни-философиялық бағыт пайда болады. Негізгі өкілдері: Юстин Мученик, Тициан, Тертуллаин Квинт Септимий Флоренс, т.б. Олар өз ілімдерінде христиан діні ежелгі грек философиясы сияқты жалпыадамзат алдында тұрған маңызды да күрделі мәселелерді көтеріп, оларға ежелгі грек философтарынан гөрі тереңірек, ауқымды және ұтымдырақ жауап береді, сондықтан да оларды христиан дініне сенбейтін билеушілер мен ғалымдардың сынауы негізсіз деген пікірді басшылыққа ала отырып, жаңа грек философиясының орнын басатын христиандық діни-философия жасауға бар күштерін салды.

Патристика (pater-әке) деп шіркеу әкейлерінің діни философиялық ілімдерін айтады (III-VI ғғ.) Негізгі өкілдері: Климент Александрийский, Амвросий, Августин Блаженный, т.б. Мысалы, Августинның көтерген басты мәселесі – христиан дінінің артықшылығын дәлелдеу арқылы, шіркеудің жанды билеуге құқықтығы. Ол – аспан мен жер арасын байланыстырушы деген сияқты идеяларды дәлелдеу үшін манихейлық, скептицизмдік және неоплатонизм қағидаларын басшылыққа алды. Августинның ілімі бойынша, адам дүниеге келмей тұрып тағы басқа оның іс-әрекеттері, қылықтары құдайдың ерік-жігерімен белгіленіп қойған.

Ортағасырлық философияның *схоластика* деп аталған кезеңі Еуропа тарихында Рим империясының күйреуінен бастап Қайта өрлеу дәуіріне дейінгі 600-700 жылдай

уақытты қамтиды. Бұл кезеңде егемендік алған көптеген Еуропа елдерінде (Италия, Франция, Англия, Германия, т.б.) феодалдық қарым-қатынастар қалыптасып, христиан дінін қоғамдық өмірдің барлық салаларында өктемдік көрсетіп, шіркеудің сауаттылықтың қолжазбалар сақтау ісінің ошағына айналған мезгілі болатын. Осы жағдайда философия өзінің барлық ақыл-ой, күшін христиан догматтарын негіздеуге жұмсап, дін ілімінің күңіне айналғанды.

Орта ғасырлық философтар екі топқа бөлінді: реалистер, номиналистер:

а) жалпы ұғымдар (универсалийлер) жеке заттардан тәуелсіз, олардан бұрын пайда болған, бүкіл тіршіліктің мәні жаратушы құдай деді. (Фома Аквинский 1225-1274 ж.ж.); б) жалпы ұғымдар өздігінше дербес өмір сүре алмайды. Тек нақты, жеке заттар ғана шын өмір сүреді, сондықтан олар алғашқы (Росцелин 1050-1112 ж.ж.)

Орта Азия халықтарының философиясы

Орта ғасырлық Шығыста VIII-IX ғасырларда Батыс Еуропаның мәдениеттік даму деңгейі төмен дәрежеде қалып қойған кезде араб тілді философия, араб мәдениеті кең өркен жайды. Ол ислам дінінің пайда болуымен де байланысты болды.

Феодализм дәуірінде ортағасырлық өркениеттің бір ошағы болған Орта Азияда *әл-Хорезми* (IX ғ.), *әл-Фараби* (870-950 ж. шамасы), *әл-Бируни* (973-1037 ж. шамасы), *Ибн Сина* (Авиценна, 980-1037 ж. шамасы), *Омар Хайям* (1040-1123) сияқты өз заманының ғұлама ғалымдары, ірі философ, ойшылдары өмір сүрді.

IX-X ғ. Орта Азия халықтары араб халифатының үстемдігінен құтылып, жергілікті феодалдық мемлекеттер пайда болды. Осы кезде мұнда жаратылыстану ғылымдары айтарлықтай күшті дамыды.

Хорезмдік математик, астроном әрі географ *әл-Хорезми* үнді, грек және араб жерлерінде математиканы дамыта отырып, ғылымның жаңа саласы – алгебраны бірінші

болып жасады. Оның "Астрономиялық таблицалар", "Күн сағаты жайлы трактаттар", "Жердің келбеті", т.б. шығармалары латын тіліне аударылып, Шығыс пен Батыс математикасы мен астрономиясының қалыптасып, дамуында үлкен рөл атқарды.

Қазақ жерінен, оның ішінде Отырар қаласынан шыққан атақты математик, әрі философ Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлаг *әл-Фараби* ат-Түрки – Аристотельден кейінгі "Екінші ұстаз" атанған данышпан ойшылдың толық есімі осындай. Ол Сырдарияның Арысқа құятын тұсындағы көне Отырар қаласында (арабша Фараб) әскербасы әмір қызметшісінің отбасында дүниеге келді. Ортағасырлық көптеген ойшылдар сияқты ол да дүниенің бастапқы жаратушысы құдай деп білді. Әл-Фарабидің пікірінше, материалдық дүние алты табиғи денеден немесе элементтерден (қарапайым элементтерден, минералдардан, өсімдіктерден, жануарлардан, адамдардан және әлемдік денелерден) тұрады. Әл-Фараби өз заманында мәлім болған ғылым салаларын әрі қарай дамытып, 160 шамасында трактат жазған. Негізгі шығармалары: "Математикалық трактаттары", "Философиялық трактаттары", "Логикалық трактаттары", "Этикалық трактаттары" және т.б.

Жалпы алғанда, әл-Фараби – Шығыс мәдениетінің алып тұлғасы, ол дүниежүзілік өркениетте өзінің қадірлі орнын алады. Оның рухани мұрасы өзінің ұлы ізбасарлары Ибн-Синаға, Бируниге, Жүсіп Баласағұнға және т.б. суалмайтын қайнар болды.

Әл-Бируни ғылымның түрлі салаларынан көптеген еңбектер, оның ішінде "Ертедегі халықтар хронологиясын", "Үнді суреттемесін", т.б. жазды. Философиялық көзқарасы бойынша ол да идеалист болды, дегенмен өзінің жаратылыстану шығармаларында әл-Фараби сияқты кең құлашты ғалым бірқатар материалистік пікірлер айтты.

Феодалдық Орта Азияның аса көрнекті ғалымы әрі философы, бұқаралық **Ибн Сина** (Авиценна) есімі кең тараған ұлы энциклопедист ғалымдардың бірі. Ол айналыс-

паған ғылым саласы кемде-кем. Алайда, оның данышпан ой-өрісі әсіресе екі салада-медицина мен философияда айрықша көрінді. Негізгі еңбегі: "Дәрігерлік ғылымның қағидалары", "Айығу кітабы". Ол философияны үшке бөледі: физикаға (табиғат жайлы ілім), логикаға (табиғат пен адамды танып білу жайлы ілім) және метафизикаға (тұтас болмысты танып білу жайлы ілім).

Көрнекті математик, астроном, ақын әрі ойшыл Омар Хайям мұсылмандық теологияның діни қағидаларын аямай сынға алып, жан өлмейді және ол дүниеде мәңгі өмір сүреді деген түсініктерді теріске шығарды.

Қорыта келгенде, Орта Азияның орта ғасырлардағы ойшылдары мен ғалымдарының философиялық және жаратылыстанулық-ғылыми көзқарастары Шығыс пен Батыс философиясының ілгері дамуына зор әсерін тигізді.

Қайта Өрлеу дәуірінің философиясы

XV ғасырдың аяғында өндірістің, сауданың, әскери саланың жедел қарқынымен өсуі – техниканың, табиғаттану ғылымдарының, математиканың, механиканың дамуына себепші болды. Қолөнер өндірісінен машина өндірісіне өту басталды. Капиталистік өндірістік қатынастардың одан әрі дамуы XV ғ. аяғы мен XVI ғ. басында ұлы географиялық жаңалықтардың ашылуына алып келді. Мұның бәрі сайып келгенде ақыл-ойдың схоластикалық ойлаудан азат болып, дүниетанудың жаратылыстану ғылыми тәсілдеріне көшуін талап етті. Бұл бағытты Қайта өрлеу дәуірінің аса ірі ойшылдары *Н. Кузанский (1401-1464)*, *Н. Коперник (1473-1543)*, *Дж. Бруно (1548-1600)*, *Г. Галилей (1564-1642)* және т.б. жақтады. Бұл дәуірде жаңа мәдениет – гуманизм пайда болды.

Жалпы алғанда Қайта өрлеу философиясы негізгі үш бағытта дамыды:

1) Біріншісі (*Н. Кузанский*, *П. Мирандолла*, *Леонардо да Винчи* т.б.) адамның еркін, бостандығын өздерінің философиялық ілімдерінің негізгі өзегі етіп қабылдап, рухани өмірде, мәдениетте гуманизм (адам сүйгіштік) деген бағытты дүниеге екелді.

2) Екіншісі (Т. Компанелла, Т. Мор), қоғамдық құрылысты сынап, утопиялық социалистік идеяға бой ұрады.

3) Үшіншісі (Н. Коперник, Д. Бруно, Г. Галилей), табиғаттану ғылымдарының жетістіктеріне сүйене отырып, христиан дінінің әлемнің пайда болуы және оның құрылысы туралы іліміне сәйкес келмейтін, табиғат құбылыстарын өз заңдылықтарына сүйеніп түсіндіруге болатын көзқарастың дамуына үлкен әсер еткен революциялық жаңалықтар ашты.

XVII ғасырдағы ғылыми революция және философия

Жаңа заман философиясы мен мәдениетінің дамуына Ренессанс (Жаңғыру) үлкен ықпалын тигізді. Ренессанс дәуірінде білімнің қарқынды дамуы, антик мәдениетін қайта жаңғырту, жаратылыстанымдық ғылымдардың пайда болуы сияқты құбылыстар орын алды. XVI-XVII ғ.ғ. Батыс Еуропадағы дамыған елдерде феодалдық қоғамдық қатынастар біртіндеп ыдырап, капиталистік өндірістік қарым-қатынастар өмірге келіп, жаңа қоғамдық тап-буржуазия дербес әлеуметтік күшке айнала бастады. XVII ғасырдағы материализм механистік және метафизикалық сипатта болды, өйткені ол кездегі ең дамыған ғылымдар механика мен математика еді. Сондықтан философияның ғылымға қатынасын анықтау көптеген философтардың маңызды міндетіне айналды. Осыған орай философ-эмпиристер Локк және Юм, трансценденталист Кант философия мен жаратылыстану арасындағы шекараны демаркациялау туралы мәселені шешумен айналысты.

– Ағылшын философы Ф. Бэкон (1561-1626) – жаңа заман материализмнің негізін салушы болып есептеледі. Жаңа ғылымның міндеті – адамның табиғатқа үстемдігін арттыру, ал ол үшін ғылым заңдарын танып-біліп, соларға сәйкес әрекет ету болды. Ф. Бэкон жаңа философия методологиясының мынадай принциптерін ұсынады:

1) табиғатты зерттеудегі объективтілік;

2) ғылыми және философиялық әдістің өзіндік құндылығы;

3) табиғаттан технологиялық үстемдік;

4) табиғи әлемді зерттеудің индуктивті әдісі.

Бэконның пікірінше ғылым адамның табиғаттан үстемдігін қамтамасыз етеді және бақытты қоғам құрудың алғышарттарын қалыптастырады.

– Ағылшын философы Т. Гоббс (1588-1679). Материя, оның пікірінше, мәңгі, бірінші, ал жеке денелер екінші.

– Француз философы Р. Декарт (1596-1650) керісінше, бірінші орынға ақыл-ойды қойып, тәжірибенің рөлін төмендетті – оны ақыл-ой нәтижелерін жай тәжірибеде тексеру ғана деп қарады.

– Нидерланд философы – Б. Спиноза (1632-1677) философияға геометриялық әдісті енгізді. Спиноза табиғат қана шын өмір сүреді деп санады. Діннің шығу себебін ол адамдардың надандығынан, белгісіз болашақ алдындағы қорқынышынан іздейді.

– Джон Локк (1632-1704) – ағылшын материализмнің ірі өкілі, ол білімді діни сенімге бағындыруға қарсы шықты.

– Ағылшындық идеалист Дж. Беркли (1685-1753) материализмді теріске шығарды.

– Ағылшынның екінші бір субъективтік идеалисі Д. Юм (1711-1776) Берклидің ілімін агностицизм бағытында дамытты.

Жинақтай айтқанда, Беркли және басқа идеалистер материалистік көзқарастың дамуына кедергі жасауға тырысқанымен, оның ілгері жылжуын тоқтата алмады.

Ағартушылық философиясы және француз материализмі

XVII-XVIII ғ.ғ. алғашында Англияда, содан соң Францияда, кейінен Германияда феодалдық қоғам идеологиясына қарсы, адамның ақыл-ой бостандығы үшін күресте ағартушылық деп аталатын кең ауқымды философиялық ағым пайда болды.

Ағылшын ағартушысы Дж. Толанд (1670-1722), француз ағартушылары Гассенди (1592-1655), Монтескье (1689-1755), Вольтер (1694-1778), Кондильяк (1715-1780),

Руссо (1712-1778), неміс ағартушылары Х. Вольф (1679-1754), Лессинг (1729-1781), Гете (1748-1832), т.б. діни сенімге шек қойып, ақыл-ой мен ғылыми дүниеге көзқарасқа кең жол ашу, моральды діннің "қамқоршылығынан" азат ету, сөйтіп, ақыл-ойдың табиғи дамуына жол ашу үшін күресті.

XVIII ғ. орта шенінен бастап әсіресе Францияда буржуазиялық революцияны идеологиялық жағынан әзірлеуде материалистер Д. Дидро (1713-1784), Ж.О. Ламетри (1709-1751), П.А. Гольбах (1723-1789) және К.А. Гельвеций (1715-1771) аса маңызды рөл атқарды. Олар сол кездегі Франциядағы саяси-әлеуметтік құрылыспен аяусыз күресті.

Классикалық неміс философиясы

Классикалық неміс философиясының негізін салушы И. Кант (1724-1804) болды. Өзінің творчестволық қызметінің бастапқы кезеңінде И. Кант жаратылыстану мәселелерін зерттеп, оларды материалистік тұрғыдан шешті.

И. Кант дуалист болды, өйткені ол материалдық нәрселердің объективті өмір сүретіндігін мойындады, алайда олар мәнін танып-білуге болмайтын "өзіндік зат" болып табылады деді. Ол заттармен қатар өмір сүретін құбылыстар дүниесі, немесе табиғат, адам санасынан тәуелсіз, өздігінше өмір сүре алмайды – ол "өзіндік заттардың" сезім мүшелеріне әсер етуі нәтижесінде пайда болады, демек, ол адам сезімдерінің жиынтығынан басқа ештеңе емес, дейді Кант.

Канттан кейін классикалық неміс философиясын дамытқан *И.Г. Фихтениң (1762-1814)* және *Ф. Шеллингтің (1775-1854)* идеалистік ой-пікірлері өзінің логикалық жалғасын *Г. Гегель (1770-1831)* философиясынан тапты. Гегель дүниеде өмір сүретін барлық нәрсені негізгі ұғымдардың қозғалысы – абсолюттік идеяның дамуы деп санады. Гегельдің философиясы – сана, рух алғашқы, бірінші, ал материя, табиғат екінші туынды, тәуелді деп дәлелдейтін объективтік идеализмнің айқын түрі болып табылады.

Л.Фейербах (1804-1872) материализмді бұрынғы қалпына келтірді, бірақ ол диалектиканы жоққа шығарды.

Орыс философиясы

Ресейде философиялық ой-пікірдің өз дәстүрлері мен ерекшеліктері бар. Олар, көбінесе, Ресейде ғасырлар бойы орын алған мәдени-әлеуметтік процестерге байланысты. Орыс философиясындағы материалистік дәстүрлер Ломоносовтан басталды. *М.В.Ломоносов (1711-1765)* аты әлемге әйгілі бірінші орыс ойшылы, ғалымы, ғылымның сансаласын дәйекті дамытқан данышпан (материалист).

Философияның негізгі мәселесін материалистік тұрғыдан шеше отырып, Ломоносов материя атомдардан тұрады, ал атомдар өзара қосылыса келе молекулаларды құрайды, ал соңғылардың қосылысынан аралық заттар түзіледі деп есептеді. Әлеуметтік өмірді түсіндіруде Ломоносов ағартушылық, гуманистік көзқарасты ұстады. Сондай-ақ оның көзқарасында деизмнің элементтері де бар еді.

Ломоносов сияқты *А.Н.Радищев те (1749-1802)* дүниенің материалдығын, атап айтқанда қозғалыс материяның негізгі бір қасиеті екенін уағыздады.

Орыс философиясының тарихында XIX ғасырдағы революцияшыл демократтардың материализмі мен диалектикалық ой-пікірлері ерекше орын алады. Бұл философияның басты өкілдері, көрнекті орыс материалистері *В.Г.Белинский, А.И.Герцен, Н.Г.Чернышевский, Н.А.Добролюбов, Д.И.Писарев* тек теория жүзінде емес, сондай-ақ патшалық Ресейде 40-60 жылдары пісіп жетіліп келе жатқан шаруалар революциясының идеолоттары болды.

XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының дүниетанымдық көзқарасы

Ресейге күштеп қосылу нәтижесінде Қазақстанда өндіргіш күштер мен халық ағарту ісін ұйымдастыру және

басқаруда ілгерілеу байқалды. Орыс революционер - демократтарының идеалдары Қазақстан ағартушы-демократтарының жанына жақын келді. Олардың кейбірі (Уәлиханов, Абай, Алтынсарин) Н.Г. Чернышевскийдің, Н.А. Добролюбовтың, А.И. Герценнің, В.Г. Белинскийдің еңбектерімен, ал кейбірі (Уәлиханов, Абай) авторларымен таныс болатын.

Қазақ ағартушылығының негізін салушы **Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов (1835-1865)** – демократиялық ұлттық мәдениетіміздің көрнекті өкілі. Энциклопедист-ғалым, шығыстанушы, саяхатшы, публицист және қоғам қайраткері Шоқан Уәлиханов өз бойында шын мәнінде еуропалық білімділік пен Шығыс халықтарының мәдениеті жайлы терең түсінікті үйлестірді және қысқа ғұмырында мол да жан-жақты шығармашылық мұра қалдырды. Ш.Уәлиханов тікелей философиялық мәселелер жөнінде еңбектер жазбаған, алайда, көптеген шығармаларынан философиялық пікірлері мен тұжырымдарын байқауға болады. Ол "Қазақтардағы шамандықтың қалдығы", "Даладағы мұсылмандық жөнінде", "Тәңір (құдай)" деген еңбектерінде философияның негізгі мәселесіне қатысты пікірлер айтады.

Қазақ ағарту ісінің көрнекті өкілі, педагог-жаңашыл және жазушы **Ыбырай Алтынсарин (1841-1889)**.

Ыбырай дүниетанымы қалыптасуына халық ауыз әдебиеті, прогрессивті орыс мәдениеті мен Еуропа ойшылдарының еңбектері өз әсерін тигізді. Ыбырайдың көптеген өлеңдері мен әңгімелерінен оның қоршаған дүниенің санадан тыс және тәуелсіз өмір сүретіндігін мойындайтынын байқаймыз. "Жаз", "Өзен" сияқты өлеңдерінде табиғатты өзінше тамашалау ғана емес, сонымен бірге оның адам санасынан тыс және тәуелсіз екендігі сезіледі. Екіншіден, Ыбырай дүниені жаратушы құдай деп біледі. ("Жаратқан мұнша таңсық жаббар құдай!", "Жаратты неше алуан жұрт бір құдайым" деген өлең шумақтарында, "Мұсылманшылдықтың тұтқасында", т.б. еңбектерінде осы пікірді қуаттайды). Алтынсаринның этикалық және эстетикалық көзқараста-

ры құндылығы және маңызы жағынан ерекше орын алады. Жастарды инабаттылық пен адамгершілікке тәрбиелейтін шығармалары ерекше орын алады. Еңбекті сүю, үлкенді құрметтеу, мейірімділік, кішіпейілділік сияқты қасиеттерді қырда өскен балаларға әңгіме, мысалдар арқылы жеткізе білді.

Қазақ ағарту ісінде, қазақ халқының бүкіл прогрессивті мәдениеті тарихында үлкен орын алған ұлы ақын, ойшыл-демократ, сазгер *Абай Құнанбайұлы (1845-1904)* болды. Оның шығармашылық мұрасы өлең, поэма, философиялық проза, аудармалар мен өндерден тұрады. Абай – қазақ әдебиетінде сыншыл реализмнің негізін салушы. Дүниетанымдық мәселеде ол деизмге жақын. Құдай – өз заңдары бойынша дамып жататын өлшемнің алғашқы себепшісі деп түсінді. Дінбасыларының насихаттап жүрген соқыр сеніміне Абай ақылмен тануды қарсы қойды. Абай Құнанбаев өзінің аса дарындылығы, ой-өрісінің тереңдігі, халқына деген қамқорлығымен әлемге танымал болды. Абайдың дүниеге көзқарасы ойы мен қыры мол, күрделі. Оны біржақты бағалап, бір бояумен көрсету мүмкін емес. Абай шығармаларындағы негізгі тақырып моральдық мәселелер десек, қателеспейміз. Еңбекке, ғылымға мойын бұрмай, ауыл арасында бос қыдырумен күнін өткізген пысықсымақтар жөнінде:

"Осындай сидаң жігіт елде мол-ақ,
Бөрі де шаруаға келеді олақ.
Сырын түзер біреу жоқ, сыртын түзеп,
Бар өнері – қу борбай сымпыс шолақ", –

деп өмірін бос өткізіп жүрген жастарды қатты сынайды. Әсіресе, пайдасы үшін арын сатқан, екіжүзді адамдарға жиіркенішпен қарайды. Жастарды азғырып, ру тартысы, болыс сайлауының партия таласына баурап жүрген ауыл атқамінерлеріне:

"Ары кеткен алдамыш
Мені-ақ алда, сөкпейін.
Балы тамған жас қамыс,
Ормасайшы көктейін", –

– деп ренішін білдіреді. Жастарға ғылым таппай мақтанбауды, өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал

шашпақ сияқты мінездерден аулақ болуды кеңес етеді. Қоғам өмірін түсінуде Абайдың көзқарасы, өрине, идеалистік тұрғыда болды. Абай – ұлы гуманист. Абстрактылы, утопиялық сарынды гуманист.

Абай ілімін одан әрі жалғастырған қазақтың рухани мәдениеті мен менталитетінде өшпес із қалдырған алып тұлғаның бірі – *Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858-1931)*. Оның шығармашылығының негізгі тақырыбы мораль философиясы мен мәдениет ілімін қамтиды. Шәкәрім Абайдың немере інісі және ұлы ақынның мұрасына сүйенген. Ол арнайы оқу орнында оқымаса да араб, парсы, орыс, шағатай тілдерін өз бетімен үйреніп, сол тілдердегі шығармалардан дала ойшылы тұрғысынан ой қорытқан:

"Жасымнан жетік білдім түрік тілін,
Сол тілге аударылған барлық білім.
Ерінбей еңбек еттім, еңбек жанды,
Жарқырап қараңғыда туып күнім.
Оятқан мені ерте – Шығыс жыры,
Айнадай айқын болды әлем сыры.
Талпынып орыс тілін үйренумен,
Надандықтың тазарып кетті кірі".

Абай сияқты Шәкәрім де қазақ елін қалай өркениетті, мәдениетті елдер қатарына қосамын деп талпынады. Шәкәрімнің рухани ізденісінде ежелгі сақ-түрік заманынан қалыптасқан ғарыштық дүниетаным ерекше орын алады. Төңірі, Нұр, Күн, Табиғат – ол үшін қасиетті, киелі ұғымдар.

Шәкәрімнің "Үш анық" атты шығармасы негізгі философиялық шығармалардың бірі болып табылады. Басқа шығармалары: "Еңлік-Кебек", "Қалқаман-Мамыр", "Қодардың өлімі", "Нартайлақ-Айсұлу", "Мұтылғанның өмірі" поэмалары, "Қазақтардың кітабы" (этнофилософиялық), "Мұсылмандық шарты", "Үш анық" философиялық трактаттары, "Әділ-Мария" көлемді романы, "Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі", тарихи шығармасы және т.б.

Ал, енді Шәкәрімнен кейінгі қазақ философиясын дамытуда үлкен өзіндік орны бар қазақ зиялылары: *Ахмет*

Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Мұстафа Шоқай.

Маркстік философия

Маркстік философияның пайда болуының тікелей әлеуметтік алғышарты – өнеркәсіптік жұмысшы табының дамуы және оның революциялық қызметінің өсуі болып табылады. Маркстік философияның дүниеге келуінің ғылыми себептері де болды. Бұл кездегі ұлы ғылыми жаңалықтар табиғатта да, қоғамда да барлық құбылыстар бір-бірімен тығыз байланыста және ұдайы даму үстінде болатынын дәлелдеді. Маркстік философияның негізін қалаушылар: Карл Маркс, Фридрих Энгельс, В.И. Ленин.

Семинар сұрақтары:

1. Философиялық ойдың шығуы.
2. Орта ғасыр философиясы.
3. Ағартушылық философиясы.
4. XIX ғ. қазақ ағартушыларының дүниетанымдық көзқарастары:

- Ш. Уәлиханов;
- Ы. Алтынсарин;
- Абай Құнанбаев;
- Шөкәрім Құдайбердіұлы.

Өз бетінше жұмыстар:

Ұлы тұлғалардың өнердегі, ғылымдағы өнегелі өмірлерінен тәлім-тәрбиелік, танымдық мәні бар хикаяларды қалай түсінесіздер?

1. Көне заманның ұлы ғалымы Аристотель шығармаларының бірінде шыбынның сегіз аяғы бар деп жазыпты. Екі мың жылға таяу уақыт ғалымдар бұған күмәнсіз сеніп келген. Бірде халғыз шыбын ызындап маза бермеген соң ғалымдардың бірі оны қағып түсіреді де, әзілдеп аяғын санайды. Сөйтсе шыбында не бары алты аяқ бар екен. Осыншама уақыт өткенше мұны тексеру неге ешкімнің ойына келмеген?

2. Ертедегі грек философы Сократты өлім жазасына кескенде, онымен қоштасу үшін досы келген екен. Сөйтсе, Сократ ұстазы үйреткен әнді жанын салып пысықтап, қайта-қайта айтып отырады. Таңдана қараған досы: "Сен ертең өлесің, ал бүгін ән үйреніп жатқаның қалай?" дегенде: "Бүгін үйренбегенде, енді қашан үйренем? Өлгеннен кейін үйренем бе?", – депті Сократ.

3. Сократ бір бай адаммен сапарлас болады. **Жол-жөнекей** олар бұл жерлерде ұры-қарының көп болатынын естиді.

– Олар мені танып қалса қайттім? – дейді зәре-құты қашқан бай үрейленіп.

– Олар мені танымай қалса қайттім? – дейді Сократ қуланып.

4. Біздің эрамызға дейін 580-500 жылдары өмір сүрген атақты ғалым Пифагор геометриядан көп жаңалықтар ашқан. Оның бір жолдасы: "Ғалым адам ғой, өмірге пайдалы кеңес сұрайын" деп келсе, Пифагордың айтқан кеңесі мынадай екен:

1) Таразыны елемей өтпе.

2) **Жастыққа** отырма.

3) Отты найзамен көсеме.

4) Қарлығашты шатырдың астына қондырма – деген екен.

Бұл не дегені деп тексере келсе:

1) Әділеттілікті бұзба.

2) Жетістікке мастанба.

3) Ызалы адамға тиіспе.

4) Аузы жеңіл адамды жаныңа жуытпа – деген екен.

5. Атақты Гиппократ өзіне емделуге келген бір ауруға: – Есіңде болсын, біз үшеуміз – мен, сен және ауру. Егер сен менің жағыма шықсаң екеуіміз бір ауруды оңай жеңеміз. Ал, егер сен оның жағында болсаң, мен жалғыз қаламын да екеуіңді жеңе алмаймын, – депті.

6. Ертедегі грек философы Платон: "Ештеңе білмейтін және ештеңе де білгісі келмейтін адамнан түңіл, өйткені, оған екі бірдей кесел жабысқан", – деген екен.

7. Атақты Галилейдің жер шар бітімдес, ол айналып тұрады деген іліміне дін басылары қарсы шығып, сол үшін діни сотқа шақырған. 70 жастағы Галилейді жүгіндіріп қойып:

– Сен райыңнан қайт, Жер айналып тұрады деген ілімің жалған деп жарияла. Сонда сені өлтірмей, аман қалдырайық, – деген.

– Жарайды, айтайын, – деп уәде береді. Орнынан тұра беріп:

– Мен райдан қайтқанмен, Жер айналуын тоқтатпайды ғой, – депті.

8. Бір мекеме басшысы Шекспир шығармаларының бір бетін бір сағат оқып түсінбеген соң, оны хатшысына ұсынып:

– Мынаны оқыдың ба? Бұдан не түсінуге болады? – дейді дегбірсізденіп.

– Оқығанмын. Тек түсінсем бұйырмасын, – депті хатшысы.

– Мен жынданған шығармын деп ойлап едім. Құдайға шүкір, сау екем ғой, – деп, бизнесмен қуанып кетіпті.

II ТАРАУ

ӘЛЕМ – ШЫНДЫҚТАР ЖИЫНТЫҒЫ РЕТІНДЕ

3 тақырып. "Материя және сана"

1. Болмыстың негізгі түрлері.
2. Материя ұғымы.
3. Қозғалыс, кеңістік пен уақыт.
4. Сана.

1. Болмыс – тарихи қалыптасқан кең мағыналы, терең ауқымды философиялық ұғым. Әр заманда өмір сүрген ойшылдар бұл ұғымды көбінесе жүйелі философиялық толғаныстардың бастапқы негізі деп қараған. Осы уақытқа дейін де болмыс туралы бұл көзқарас өз мәнін сақтап келеді. Болмыс туралы философиялық мәселені түсіну үшін ең алдымен оның адамзаттың шынайы өмірінде қандай түбегейлі орын алатынын ұғыну қажет.

Адамның дүниеге қатынасының негізінде қандай құндылық жатса да, оның бастамасы – болмыс. Мәнділік жөнінде айтқанда не нәрсенің болса да дүниеде болу жолы немесе тәсілі оның негізін құрайды дегенбіз. Болу жолдары және сан алуан құндылықтар – бәрі де ең алдымен жалпы болуға тиіс. Онда болмыс деген не нәрсе? Бұл сұраққа оның барлық формаларының мазмұнын ашу арқылы ғана жауап беруге болады. Болмыстың нақты, жеке формаларының бәріне ортақ жалпы қасиет, ол – болу.

Философия тарихында таза болмысты абсолюттік ақиқат ретінде алғаш жария етіп, дәлелдеуге тырысқан *Парменид* (б.д.д. VI-V) болатын. Оның айтуынша дүниеде болмыс қана бар, одан басқа ешнәрсе жоқ, болмыс – біртұтас, ол жіктелмеген, бөлектенбеген.

Болмыс мәселесінің үш қыры мен сыры бар. Болмыстың бірінші қыры мен сыры мынадай сұрақтар мен жауаптар тізбегіне келіп тіреледі. – Не өмір сүреді? Дүние. – Қайда өмір сүреді? Осында және барлық жерде. – Ол қалай ұзақ өмір сүреді? Қазір де және әрқашан дүние болған, бар және бола береді, ол түпкілікті. – Жеке заттар, организмдер, адамдар, олардың тіршілік қызметі қалай ұзақ өмір сүреді? Олар шектеулі, өткінші. Дүние болмысы мен жеке заттардан құралатын нәрселердің болмысының арасында айырмашылық бар. Сөйте тұра, дүниенің өмір сүруінде ажырамас бірлік, әмбебап тұтастық тұнып тұр.

Болмыстың екінші қыры: табиғат, қоғам, адам, ойлар, идеялар – бәрі де, тұтас алғанда, тең өмір сүреді. Ал өмір сүрулерінің формалары жағынан алуан түрлі. Бар болып отырғанның бәрінің өмір сүруі және олардың бола беретіндігі дүние бірлігінің алғышарты болып есептеледі. Әрбір жекелеген адамның өмір қызметі – басқа адамдар үшін және өзі үшін де іс жүзіндегі нақтылы шындық. Мысалы, кәсіпкер адамдар өндірісті дамытып, тұтынушылар үшін тауар шығарады, сонда өздері де пайда алады. Адамдардың санасы, ақыл ойы, көңіл күйі, ішкі сезімі – бәрі де болмыс.

Болмыстың үшінші қыры – дүниеде өмір сүретіннің бәрі – нақты шындық, бұл шындықтың өмір сүруінің, дамуының іштей логикасы бар, ол адам санасынан нақты түрде бейнесін таба алады. Адамдар сол нақты шындықпен санаспаған кезде, шындық оларға қарсылығын көрсетеді. Мысалы, экологиялық мәселелер адамның шындықпен санаспауынан шығады.

"Болмыс" категориясы, философияның басқа категориялары сияқты дүние мен оның нақты көріністерінің өзара байланыстарын, бірлігін талдап, қарастыруға мүмкіндік береді.

Болмыстың негізгі түрлері:

1. Заттар (денелер), процестер болмысы:

а) бірінші табиғат;

б) екінші табиғат.

2. Адам болмысы:

- а) заттар дүниесіндегі адам болмысы;
- б) адамның өзіндік болмысы.

3. Рухани болмыс:

- а) жеке адамның рухани болмысы;
- б) қоғамның рухани болмысы.

4. Әлеуметтік болмыс:

- а) қоғамдағы және тарих процесіндегі жекелеген адам болмысы;
- б) қоғам болмысы.

Тарихи тұрғыдан келгенде адам қызметінің, өмір тіршілігінің негізі – табиғат заттары мен табиғи процестер. **Бірінші табиғат** – ол адамзатқа дейін пайда болған, адамдардың санасынан тысқары және тәуелсіз өмір сүреді. Ол теңіздер, мұхит, ормандар, ауа, жер, т.б. Кейін адам Жер табиғатына қуатты да кең әрекет етуші болып алды. Бұрын табиғатта өмір сүрмеген, адамдар өндірген заттардың, процестердің, жай-күйлердің тұтас дүниесі пайда болды. К. Маркс оны "Екінші табиғат" деп атады. "**Екінші табиғатқа**" жататындар: үйлер, материалдық заттар, адам ойлап шығарған өсімдіктер және тірі организмдер (табиғатта кездеспейтін). Ол жасанды табиғат. Қазіргі заманда "екінші табиғат", өзі "бірінші табиғаттың" туындысы болса да, басымды болды.

Адам болмысы екіге бөлінеді:

– Адам тікелей жанды, нақты кісі ретінде өмір сүреді. Оның үстіне адамның өмір сүруінің табиғи алғышарты – оның денесінің өмір сүруі. Яғни адам, ең алдымен, "сүйек пен еттен жаралған пенде". Сонда адам денесі – табиғат бөлшегі. Денесінің болуы адамды шектеулі, өткінші жан иесі етеді. Ерте заманнан адамдар өз өмірлерінің ұзақтығының ұлғаю мүмкіндіктерін іздестірген. Ағылшын биологтарының айтуынша, барлық жағдайлар жасалса, адам денесі бір мың жыл өмір сүре алады. Өмір ұлғаю үшін не керек? Біріншіден, адам денесінің тіршілігін қамтамасыз ету қажет. Екіншіден, адамның ең алғашқы құқығы өз өмірін сақтаумен, адамзаттың аман-есендігімен байланысты. Үшіншіден, жаңа организм ретінде адам-

дар тұқым қуалаушылық заңдарына бағынады, мұны жойып жіберуге немесе жоққа шығаруға олар дәрменсіз. Төртіншіден, философия адамның денесі және оның ынтызарлығы, қуаныш-реніші, психикалық жай-күйі, ойы, мінез-құлқы, ерік жігері, іс-әрекеті, бір сөзбен айтқанда, арасындағы байланысты үнемі іздестіреді.

Рухани болмыс сана мен санасыздық процестерін қамтиды. Рухани болмысты шартты түрде екі үлкен топқа: жеке кісілердің өмірлік қызмет-тіршілігінен бөліп алуға келмейтін (дербестенген руханилық) және кісіден тысқары өмір сүретін, басқаша айтқанда, объективтендірілген (дербестенген емес) руханилыққа бөлуге болады.

Бірінші жағдайда адам сананың көмегімен сыртқы дүние туралы ойлайды, оның бейнесін туғызады (санасыздық процестер, тіл мен сана, тіл мен ойдың байланысы). Екінші жағдайға жататындар – кітаптар, сызбалар, жобалар, ескерткіштер, идеялар, ойлар, музыка, т.б.

Әлеуметтік болмыс та екіге бөлінеді: тарих процесінде жекелеген адам болмысына және қоғам болмысына. Жеке адам тек қана қоғамда өмір сүре алады. Ол бір ұлтқа, тапқа кіреді, бір мемлекетте тұрады, тарихи процестерге қатысады. Қоғамдық болмыс – ол жалпы ұғым, оның даму заңдары болады. Қоғамдық болмыс жағдайлары мен мүдделері арасындағы қайшылықтар туады. Қоғам неғұрлым жоғары дамыған сайын ондағы алуан саладағы прогресті жоғарылату қарқыны бұқараның, таптардың, жеке адамдардың жоғары саналылығына, әлеуметтік белсенділігіне, яғни субъективтік факторларға тікелей байланыстылығын байқаймыз.

2. Материя туралы адамдардың ойлары өз заманындағы қоғамдық тәжірибенің, жалпы мәдениеттің көрінісі. "Материя" деген терминді қолданбаған бірде-бір философиялық мектеп немесе бірде-бір философ жоқ. Сондықтан, түрлі кездерде және түрлі мағынасы мен маңызы болғандығы таңданарлық нәрсе емес.

Ұзақ тарихи замандарынан бері адамзат ойы материяны зат деп түсінді, яғни материя дегеніміз – *зат*. Бірақ заттардың сан алуан түрлері бар. *Жансыз зат*, *жанды зат*,

т.т. Материяны затпен барабар деп қараудың біршама ұзақ тарихы бар. Ежелгі грек философиясында барлық саналуан заттардың түпкі тегі белгілі бір зат деген көзқарас болған. Ол ең қарапайым зат. Ерте заманғы материалистер дүниенің алғашқы негізі, түпкі бастамасы деп суды алған, екіншілері – ауаны, үшіншілері отты алған; сөйтіп, бәрі де судан, ауадан немесе оттан пайда болады да, қайтадан бәрі де солардың өзіне айналады деп есептеген. Мысалы, Фалес үшін ол – су, Анаксимен үшін – ауа, Гераклит үшін – от, Демокрит үшін – атом (“бөлінбейтін” деген сөз), Пифагор үшін – сан, т.т.. Күрделі заттардың барлығы қарапайым заттардан шыққан, солардың құрамасы, құрамды заттар сондықтан да тұрақсыз, өзгере береді. Күрделі заттар бұзылғанда алғашқы қарапайым заттарға бөлінеді. Ал қарапайым біртекті заттар тұрақты.

Мұнан кейін философтар заттай нәрсенің бәрі атомдардан – өзгермейтін және бөлінбейтін, бос кеңістікте мәңгі-бақи қозғалып жүретін өте ұсақ материялық бөлшектерден құралады деген данышпандық болжам айтты. Сонан соң табиғаттың алуан түрлі заттары мен құбылыстарының мәңгі-бақи өмір сүретін жалпы негізін материя деп түсіне бастады. Материя осы кезеңнен бастап-ақ материалистік бағытта бүкіл космостың түпкі негізі, бүкіл әлемнің біртұтастығының шығатын тегі ретінде қаралады. Олар үшін әлем әртүрлі заттардың кездейсоқ қосындысы ғана емес. Әлем біртұтас нәрсе.

Жаңа дәуір философиясында (XVII-XVIII ғ.ғ.) қоғамдық өндіріс пен ғылымның дамуы, қоғамдық еңбек бөліністің тереңдеуі материяны механикалық заттармен, дәлірек айтқанда, заттардың механикалық қасиеттерімен теңгеруге жол ашады. Материалистік ой енді материяны заттардың белгілі бір түрмен емес, олардың барлығына тән ортақ қасиеттері мен байланыстыруға бейім.

Ал XIX ғ. Фейербах болса материя барлық заттардың қосындысы деген көзқарасқа ойысады. Маркске дейінгі материалистік философия мен жаратылыс тану ғылымында материя жөніндегі осы сияқты көзқарастар болды. Мұнда талас: материяны барлық заттардың табиғи

себебі деп есептеуге бола ма, әлде онан басқа тағы бір "бастапқы себеп" бар ма, материялық объектілердің тоқтаусыз қозғалыста болатын себебі не және қозғалыстың шығатын көзі неде, материя бір түрлі болып табыла ма және сезім арқылы аңғарылатын нақты заттардан өзгеше материяны дәл сол өзіндей деп ойлауға бола ма деген мәселелер жөнінде болды. Бұл ретте материяны барлық заттардың алғашқы негізі деп танып білу үшін атомдар қозғалысының заңдарын ашса болғаны деп есептелді. Сонымен қатар көптеген ғалымдар физикалық және химиялық процестерді атомдардың механикалық жылжып ауысуына апарып саюға тырысты.

Алайда, ХХ ғасырдың бас кезінде ғылым шешілместей болып көрінген қиыншылықтарға кездесті. Атомдардың бөлінбейтіндігі жөніндегі, материялық бөлшектердің кейбір басқа да қасиеттері жөніндегі, энергия жөніндегі сол кезде үстем болып жүрген түсініктерді жоққа шығарған ірі-ірі жаңалықтар ашылды. Физика микродүниеге, яғни атом құбылыстарының дүниесіне тереңдей еніп, материялық бөлшектерің таңғажайып қасиеттері мен энергияның жаңа түрлеріне тап болды.

Ғылымда жаңадан ашылған табыстар материя мен оның қасиеттері жайындағы ескі метафизикалық түсініктерге мүлде қайшы келді. Физикада дағдарыс туды. В.И. Ленин "Материализм және эмпириокритицизм" деген кітабында ғылымда туып отырған жағдайды талдай келіп, физикадағы дағдарыстың себептерін ашып берді, идеализм қалыптасып қалған ұғымдардың күйреуінен туған ғылымдағы қиыншылықтарды пайдаланып, сол ғылымның жетістіктерін бұрмалап отыр деп көрсетті.

1909 жылы В.И. Лениннің материяға берген анықтамасы:

"Материя дегеніміз – адамға оның өзінің түйсігі арқылы көшірмесі, суреті, сәулесі түсетін объективтік реалдылықты белгілеу үшін қолданылатын философиялық категория". Әр дәуірдің материяны қалай түсінетіндігі ғылымның, танымның ғана нәтижесі емес. Материя туралы адамдардың ойлары өз заманындағы өздерінің дүние-

ге қатынасының, жалпы мәдениеттің көрінісі. Адамдардың материалдық дүниені қаншалықты дәрежеде игерді, сол игерген мазмұнда, күштерден қаншалықты дәрежеде өзінің әлеуметтік дүниесін жасады – міне, материя туралы ең алдымен қоғамдық санада туатын көзқарастар осы жағдайларға байланысты. Адамзат бүгінгі күнге дейінгі тарихында іс жүзінде материяны зат түрінде біледі. Ол заттың өртүрлі қасиеттерін меңгерді, заттан көптеген құралдар жасады, т.т., яғни ол заттар дүниесінде тіршілік етеді. Өзі де сол заттар дүниесінің, жанды тіршіліктің бірі. Адамдар табиғатта бар заттардан басқа, онда тіпті болмаған және адамсыз болуы мүмкін емес заттар жасайды. Адамдар өздерін белгілейтін заттармен өзін қоршаған.

Жалпы алғанда, *материяның түрлері*: зат пен өріс, метагалактика мен биосфера. Материяның алуан түрлілігінің шексіздігін мынадай факті көрсетеді: материя тек зат түрінде ғана ("элементарлық" бөлшектерден құрала-тын құм түйіршіктерінен бастап зор аспан денелеріне дейінгі айналамыздағы заттардың бөрі) емес, сонымен қатар өріс түрінде де (электромагнит өрісі, ядро өрісі, тар-тылыс өрісі) өмір сүреді. Материяның осы негізгі екі түрі өзара тығыз байланысты және өзара бір-біріне айналып тұруға қабілетті келеді.

XX ғ. 80-ші жылдарында *материяның құрылымы* осындай болып көрінеді: Метагалактика (оған галактикалар, макро-микро-денелер, молекулалар, атомдар, элементарлық бөлшектер жатады) және Биосфера (оған қоғам, биоценоз, көпклеткалық организмдер, клеткалар, ДНК, РНК жатады). Дәуір өткен сайын, адамның өндіріс қызметі жан-жақты күрделі процеске айналған сайын, адамдардың қызметтері сан алуан болып кетті. Материя туралы адамзаттың түсініктері заманына сай өзгере береді.

Материя үшін заттық форма оның негізі емес, негізгі форма – *қозғалыс*. Бұл қорытынды тек адамның дүниеде болу формасына ғана емес, ол жалпы болмыстың барлық формаларына қатысты.

Материя үнемі қозғалыста болады. Болмыстың ішкі табиғаты – қозғалыс. Сондықтан да бұрынғы материалис-

тер де мұны белгілі бір дәрежеде болжаған. Философияда көп ойшылдар қозғалыссыз материя жоқ деген пікірге ойыстаған. Бірақ қозғалысты әртүрлі түсінген. Қозғалыс табиғаттағы, қоғамдағы барлық өзгерістерді түгел қамтиды. Қозғалыстың ішкі өзіне қарама-қарсы бір сәті – *тыныштық*. Тыныштық қозғалыстан бөлек, оған бөгде нәрсе емес. Тыныштық – қозғалыстың белгілі өткінші қалпы. Дәлірек айтсақ, тыныштық – қозғалыстың біршама, бір сәткі тұрақтылығы.

Материя қозғалыстың бір формасынан екіншісіне ауысып отырады. Бірақ ол денелер жерге қатынасында тыныштық қалпында. Қозғалыс негізгі, себебі барлық тіршіліктің формалары шын мәнінде қозғалыс. Тіпті тыныштықтың өзі де – қозғалыс немесе қозғалыстың біршама тұрақты қалпы дедік. Сондықтан тыныштық относителдік (салыстырмалы) нәрсе. Тыныштық белгілі бір қатынаста ғана тыныштық, басқа барлық қатынастарда – қозғалыс. *Материя қозғалысының негізгі формалары: механикалық, физикалық, химиялық, биологиялық, әлеуметтік. Механикалық қозғалысқа* әр түрлі денелердің кеңістіктегі орын ауыстыруы: аса ұсақ бөлшектердің қозғалысы, атомдар мен молекулалардың орын ауыстыруы кіреді. *Физикалық* өзгерістерге жылу процестері, ядро мен атомның ішінде болатын өзгерістер, "элементарлық" бөлшектердің өзара әрекеттері, т.б. кіреді. Қозғалыстың *химиялық* формасына атомдардың молекулалар болып қосылу және молекулалардың ыдырау процестері, заттардың органикалық және органикалық емес табиғатта болып жататын құралу және бұзылу процестері кіреді. Қозғалыстың *биологиялық* формасы дегеніміз – тіршіліктің алуан түрлі көріністері, тірі организмдердің өзара және өлі табиғатпен арадағы қарым-қатынастары. Қозғалыстың *әлеуметтік (қоғамдық)* формасы өндіріс саласындағы өзгерістерді, таптық және ұлттық қатынастарды қоса алғанда қоғамда болып жататын алуан түрлі процестердің материалдық және рухани мәдениеттің даму процестерін, қоғам мен табиғаттың өзара жасайтын әрекеттерін қамтиды.

Қозғалыстың жеке формалары жөніндегі көзқарастар ғылымның дамуына байланысты өзгеріп отыра бермек. Ол жеке ғылымдардың айналысатын мәселесі. Себебі философия материяны, оның формаларын ойлауға кеңірек ауқымды алғанда – адамға қатыссыз, одан оқшау алып зерттемейді дедік. Бұлай зерттеу жеке ғылымдардың міндеті. Қозғалыс табиғаттағы, қоғамдағы барлық өзгерістерді түгел қамтиды.

3. Материяның қозғалыстан шығатын келесі негізгі формалары – **кеңістік пен уақыт**. Қозғалыс өзін кеңістік пен уақыт формасында айқындайды. Олар қозғалыстың көріну формалары деуге болады немесе оның сыртқы өлшемдігі. Қозғалысты біз кеңістік пен уақыттың арақатынасы арқылы өлшей аламыз. **Кеңістік** – қозғалыстың әр сәттегі орналасу қалпы. **Кеңістік** пен **уақыт** материя қозғалысының сандық айқындығы. Кеңістік деген ұғым материялық объектілердің қатар өмір сүруін және олардың өзара орналасуын білдіреді. Оның өлшемдері : ұзындығы, ені, биіктігі. Бұл өлшем тек заттық формаға ғана тән емес, процестерге де тән.

Уақыт – қозғалыстың формалары мен құрамды бөліктерінің (не элементтердің) бір-бірінен туындап ұласу формасы. Уақыт деген ұғым материялық процестердің бірінен соң бірінің кезектесіп келуін, заттар мен құбылыстардың өмір сүруінің ұзақтығын білдіреді. Уақыт заттың емес, тек процестің сипаты. Уақыттың айнымайтын белгілі бір бағыты болады. Ол өткеннен болашаққа қарай жылжиды және оның қайтып оралмаушылық қасиеті бар. Өткенді өзгертуге болмайды, өткенге қайта оралуға болмайды. Уақыт бір өлшемді.

Кеңістік пен уақыт адамдардың санасынан тәуелсіз өмір сүреді және материялық заттар мен құбылыстардың объективті қасиеттері мен қатынастарының жиынтығын білдіреді. Ғылым мен материализмнің тарихында қалыптасқан қағидалардың бірі: материя кеңістікте шексіз, уақыт жағынан мәңгі. Яғни материяның аяқталатын немесе таусылатын шегі жоқ. Материя таусылмайды. Адамдардың кеңістік және уақыт туралы түйсіктері мен сезім-

дері әлеуметтік-тарихи процестердің, тарихи дамудың ағымы, оның ішкі ырғақтарын әрі жасайды, әрі бейнелейді. Сондықтан кеңістік пен уақытты тек физикалық кеңістік және уақыт деп түсіну қате. Жеке адам санасы болсын, қоғамдық сана болсын ондағы кеңістік және уақыт туралы категория (ойлаудың формасы) әлеуметтік кеңістік, әлеуметтік уақыттың нәтижесі. Маркс экономикалық еңбектерінде әлеуметтік кеңістік жөнінде көп айтқан. Мысалы, тауар айналымының өрістеуі, оған сәйкес нарықтың кеңеюі туралы ұғымдар бар. Нарықтың кеңеюі ол географиялық, не территориялық кеңею емес. Сол бір территорияның ауқымында айырбас қатынастары жан-жақты өрістейді. Яғни физикалық кеңістік өзгермейді, бірақ соның көлемінде адамдар қатынастарының шеңбері кеңиді. Түпкі табиғаты бір болғандықтан, кеңістік пен уақыт бірінің функциясын екіншісі атқара алады. Бұл әсіресе даму процесінде, соның ішінде қоғамдық дамуда көзге түседі. Яғни, уақыт дамуда тұрған кейбір құбылыстар үшін кеңістіктің рөлін атқарады. Адамның дамуы кеңістіктен гөрі уақыттың шеңберінде өрістейді. Адамдар, әрине, өздеріне дейінгі қалыптасқан табиғаттағы физикалық, т.б. кеңістік пен уақытты өз тәжірибесінде игереді әрі дамытады. Соның негізінде кеңістік пен уақыттың әлеуметтік формасын жасайды. Ол формалар да тарихи өзгеріп отырады.

Қазіргі жинақталған этнографиялық деректер, адамдар ойлауының әр замандағы ерекшеліктері туралы зерттеулер олардың кеңістік пен уақыт туралы ұғымдарының соншалықты сан алуан екендігін көрсетеді. Себебі әр заманда олардың әлеуметтік тәжірибесінің өзі бір-біріне ұқсамайды және соған сәйкес кеңістік басқаша ұйымдастырылып, уақыт та басқаша өтеді екен. Мысалы, көшпелі халықтарға кигіз үй әлемнің моделі болған. Уақыттың өлшемі "көш", "мүшелі" болған. Қазақ тіршілігінің негізгі түп қазығы – кеңдала, жазық жер. Ұлы Даланы Алтай, Тянь-Шань, Орал, Кавказ таулары қоршап тұр. Бұл шекара тауларда және одан әрі қарай жау бар деген түсінік халық санасына терең ұялаған. Алайда, эпостық ке-

ністіктегі тау, өзен сияқты кедергілерді, даланың шекараларын "басқанікі" деп түсіну өзгермелі болды. Әр түрлі тарихи қозғалыстар, этностардың белгілі бір территорияда қалыптасуы, олардың мекен-жайларын өзгертуі, басқа этностардың бұл территорияға енуі, т.б. осы сияқты процестер, "біздікі" - "өзгенікі" оппозициясын түбегейлі өзгертуі мүмкін. Биік таулар этностың киелі жеріне, жаудан сақтанып, қуат алатын қасиетті мекендеріне, ал қала көшпелілердің туысқандары тұратын, тіршілік үшін қажетті заттар алатын тұрақ-жайға айналуы әбден мүмкін.

4. Дүниеде ең ғажап, керемет құбылыс – адамның рухани дүниесі, *сана*, ой. Адамзат игілігіндегі барлық материалдық және рухани жетістіктер: зәулім құрылыстар, түрлі техникалық табыстар, өнер, дін, әдебиет, философия, ғылым – осылардың бәрі сол сананың құдіреті. Объективтік дүниеде сананың баламасы жоқ. Ол тек адамға ғана тән. Сонда сана дегеніміз не? Ол қайдан, қалай пайда болады? *Сана* – бейнеленудің қасиеті. *Бейнелеу* – жалпы материяның қасиеті. Бейнелеудің негізінде бір құбылыстың екінші құбылысқа, бір дененің екінші денеге тигізген әсерінің салдары жатыр. Сана да сол әсерінің нәтижесі. "Бүкіл материяның шын мәнінде түйсікке ұқсайтын қасиеті, – деп жазды В.И. Ленин, – бейнелену қасиеті. Бұл пікір тірі материя мен өлі материя арасында табиғи байланыс бар екенін көрсетеді. Бұдан келіп, ең жоғары бейнелену – сананың өзі де бірден пайда болмай, бірте-бірте дамудың нәтижесінде шыққанын көреміз. Өлі материяда бейнеленудің екі түрі кездеседі, бірі – изоморфизм, екіншісі – гомоморфизм. Изоморфизмде бейнеленетін объект пен оның бейнесі арасында айнымас ұқсастық болады. Мәселен, нақты ұшақ пен оның кішкентай моделі. Ал гомоморфизм дегеніміз – бейнеленетін объект пен оның бейнесі арасындағы ұқсастық дәлме-дәл емес, жоба түрінде болатыны. Мәселен, жер бедерінің картадағы көрінісі.

Материяның түрлі құрылымдық даму дәрежесіне сәйкес бейнеленуі де әр қилы болып келеді. Өлі материяда

ондай бейнелеудің негізінде зат, дене бірте-бірте мүжіліп, үгітіліп, бара-бара жойылып бітеді. Ал тірі материяда ондай әсерге белсенді түрде бейімделу пайда болады. Мысалы, өсімдіктердің жарыққа созылып, күнге бой тартуы. Бейнеленудің ең жоғары түрі тіршілікке, өмірге байланысты биологиялық формасы. Ал енді тіршілік өмірдегі бейнелену формалары қандай? Ол да түрліше. Ең алғашқы қарапайым бейнеленуге тітіркену жатады. Ол барлық тірі организмдерге тән құбылыс. Орталық жүйке жүйесі бар организмде ол рефлекс тудырады.

Адам миына сыртқы дүниедегі түрліше ақпараттар қалай келеді? Ол сезім мүшелері арқылы қабылданады. Адамда *бес түрлі сезім мүшелері бар*: көру, есту, иіскеу, дәм, сезу, яғни, тері түйсігі. Бес сезім мүшесі арқылы келген хабарды сезімдік бейнелеу дейміз. Сезім мүшелері адам миын сыртқы дүниемен байланыстырушы. Ол сезімдік формасы омыртқалы жануарларда да бар. Бірақ олардың түйсігі өз тіршілігіне сәйкес сыңаржақ дамиды, яғни өзіне қажеттіні ғана қабылдайды. Ал адам сана, тіл арқылы өзінің сезім мүшелерінің мүмкіндіктерін жан-жақты дамытады. Ол сезім мүшелерін ақылға билетеді. Адамға микроскоп, телескоп, сейсмограф сияқты құралдар көмекке келеді. Сөйтіп, адам сезім мүшелері арқылы заттың қасиеттерін біледі. Бірақ заттың қасиеті әртүрлі болады. Затты бүтіндей, толық білу үшін оның қасиеттерін жан-жақты танып, түсіну қажет. Ол үшін таным-түйсіктен бірте-бірте ойлауға көтеріледі. Сана өзінің шығуы жағынан екінші. Бірақ сана енжар емес, белсенді, пәрменді рөлі бар құбылыс. Сонымен, адам миы түрлі түйсіктер арқылы келетін мәліметтерді орталық жүйке жүйесі қабылдап оны қорытады, белгілі ой тұжырымдарын жасайды. Сана қалай пайда болды деген сұраққа жауап біреу ғана: ол түйсік мүшелер арқылы объективті шындықты бейнелендіріп, оларды қорыту арқылы пайда болады. Оған түйсік, қабылдау, ойлау сияқты негізгі элементтердің жиынтығы кіреді.

Сана дүниені бейнелеп қана қоймайды, сонымен қатар оны өзгертеді, қолдан жасайды. *Сана ең жоғары ұйым-*

дасқан материя – мидың функциясы ретінде бірден пайда болған жоқ. Ол талай дәуірден өтті.


Сана – адам миы қызметінің жемісі. Бірақ ми жан-жануарларда да бар. Ал сана тек адам миының ғана жемісі. Оның пайда болуы екі факторға байланысты: бірі – еңбек, екіншісі – тіл. Адам санасы оның еңбек ету процесінде пайда болып, дамыды. **Еңбек** – еңбек құралын жасаудан, басқаша айтқанда, белгілі мақсатқа жетуде алғашқы адамдардың тасты қашап одан кесуге болатын, не соғуға болатын құрал жасаудан басталады. Ондай құралды табиғат жасамайды, табиғат заттарын өңдеп, адам жасайды. Ол бір. Екіншіден, сол еңбектенген адамдар бір-бірімен түсінісу үшін тіл керек болды. Тіл де бірден пайда болған жоқ. Оның алдында түрлі дыбыс, қимыл-әрекеттермен алғашқы адамдар бір-бірімен ұғысқан. Сана тілмен бірге дамиды.

Материя құрылымы



Материяның құрылымы (зат)

Микроденелер	Элементарлық «бөлшектер», атомдар, молекулалар, плазма	Ақ ауыз денелер Нуклейндік қышқылдар Микроденелер (вирустар, микробтар, бактериялар)	
Макроденелер	Газтәріздес, Сұйық, Қатты	Бір жасушалы денелер, көпжасушалы денелер, өсімдіктер. Тірі организмдер. Биосфера.	Адамдар. Қоғам. Элеуметтік сфера. Техносфера. Жасанды табиғат. Неосфера.
Мегаденелер	Жер-геосфера. Аспан денелері, жұлдыздар, галактикалар		
Мегаденелер жүйесі	Метагалактика		



Сана

Сананын
қайнар көзі

Табиғи, әлеуметтік, рухани құбылыстар

Әлеуметтік-мәдени орта: жалпы ұғымдар, этикалық,
эстетикалық ережелер, әлеуметтік идеялар, құқық
нормалар, қоғамдағы қалыптасқан білімдер

Жеке адамның рухани әлемі

Ми – табиғи жүйе ретінде

Ғарыштық информациялық – мағыналы өріс

Кеңістік пен уақыт – материяның өмір сүру формалары

Кеңістік – материялық объектілердің қатар өмір сүруін және олардың өзара орналасуын білдіреді.

Кеңістік:

- Үш өлшемі бар
- Бір түсті
- Жан жақты қамтиды

Уақыт – қозғалыстың формалары мен құрамды бөліктерінің (не элементтерінің) бірінен-бірі туындап ұласу формасы

Уақыт:

- Бір өлшемді
- Уақыттың ағымы өткеннен қазіргі арқылы келешекке бағытталған
- Қайта оралмайды немесе кері жүрмейді

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?

Кім жүрер тіршілікке көңіл бермей,
Бақи¹ қоймас фәнидің² мінін көрмей.
Міні қайда екенін біле алмассың,
Терең ойдың телміріп соңына ермей.

Дүниеге дос ақиретке бірдей болмас,
Екеуі тап бірдей боп орныға алмас.
Дүниеге ынтық, махшарға³ амалсыздың
Иманын түгел деуге аузым бармас.

1. Төмендегі түсініктердің қайсысы философиялық түсінік "санаға" кіреді?

1) Сезіну; 2) Тіл; 3) Ойлау; 4) Бостандық; 5) Көрініс; 6) Елестету; 7) Эмоция; 8) Темперамент; 9) Түсінік; 10) Нерв импульсі; 11) Инстинкт; 12) Тілек және мақсат; 13) Нейрондар; 14) Жігері; 15) Рефлекс.

2. "Ми – ой бөледі, ал бауыр – өтті бөледі. Ми – материалды, өт – материалды, сонда ой да материалды болуға тиіс". Неге бұл аналогия дұрыс емес?

3. Р. Киплинг Маугли туралы ертегі жазды онда ол әлі емшектегі бала бола тұра джунглиге тап болды және ол жабайы аңдар арасында тамақтанып, тәрбиеленді. Маугли ер жеткенде жануарлармен бірге адамның да ойлау қабілеті мен санасына ие болды. Мұндай жағдай шындықты өмірде болуы мүмкін бе?

4. Сананың мәселесін шеше отырып, француз философы Д. Дидро кейбір заттардың, мысалы, тұз, қант, судың біздің денемізге түскенде, одан әрі миға бөлінгенде сезінетін, ойлайтын материяға айналатынына көңіл

¹Бақи – мәңгілік.

²Фәни – жалған, өткінші дүние.

³Махшар – діни ұғым бойынша заман ақыр болғаннан кейін адам баласының күнәсі тексерілетін орын.

аударды. Олардың сезіну, ойлау қабілеті қалай және қайдан туады? Олай болса, – дейді Дидро, – бұл заттардың бөліктері бұл қасиеттерге миға жетпей-ақ ие болуы тиіс. Осылайша тек қана тірі емес, өлі материя да сезіну, ойлау қасиетіне ие болуы тиіс.

Д.Дидро дұрыс айта ма? Оның бұл философиялық концепциясы қалай аталады? Бұл сұраққа қалай жауап берер едіңіз?

5. Сана тек қана адамның биологиялық дамуы жемісі емес, сонымен қатар әлеуметтік-тарихи жеміс болып табылады деген тұжырымға сіздер қандай дәлелдейтін факт келтіре аласыздар?

4 тақырып. "Диалектика және оған баламалар"

1. Дамудың диалектикалық - материалистік теориясы.
2. Диалектиканың тарихи түрлері .
3. Философиялық категориялар дегеніміз не?
4. Диалектиканың негізгі заңдары.

1. Диалектиканың негізгі идеясы, түпкі принципі – даму идеясы. Диалектика даму жөніндегі, жалпыға бірдей байланыс жөніндегі ілім ретінде сонау ертеде-ақ пайда болды. Ертедегі барлық грек философтары, – деп көрсетті Ф.Энгельс, туа біткен диалектиктер еді, ал солардың ішінде Аристотель жан-жақты білімдар, кемеңгер ойшыл болды, ол диалектиканың ерекше белгілерін зерттеді. Ертеде диалектиканы қарсылас адамның пікірлеріндегі қарама-қайшылықты табу және оны жою арқылы ақиқатқа жету, яғни айтыса білудің әдісі деп түсінді. Кейіннен даму жөніндегі философиялық екі көзқарастың бірі таным әдісі мен болмыстың өзгеруін диалектика деп атады.

Диалектиканың тарихи түрлері:

- 1) Ертедегі грек философиясы – Гераклит, Аристотель;
- 2) Жаңа өрлеу заманының философиясы – Н. Кузанский;

3) Гегель диалектикасы (диалектиканың үш заңы);

4) Орыс революцияшыл демократтары, қазақ ағартушылары;

5) Марксистік диалектика – К.Маркс, Ф. Энгельс;

6) XX ғ. диалектикасы.

Ертедегі диалектика стихиялы, тұрпайы еді. Жалпы түрде болмыстың дұрыс бейнесін көрсеткенімен, нақты мәселелерді шешуге келгенде ол қабілетсіз болды. Сондықтан ол ғылым дамып, іс жүзіндегі нақты материалдарды жинақтай бастаған кезде, метафизикаға орын берді.

Диалектиканың тарихи екінші формасы Гегель диалектикасы болды. Гегель диалектиканың негізгі заңдарын тұжырымдады, оның категорияларының жүйесін жасады, бірақ мұның барлығы идеалистік негізде жасалды.

Диалектиканың үшінші формасы XIX ғасырдағы орыс революцияшыл демократтары А.И.Герценнің, В.Г.Белинскийдің; Н.А.Добролюбовтың, Н.Г. Чернышевскийдің және олардың ізбасарларының философиясымен байланысты. Қазақ халқының ойшылдары – Ш.Уәлихановтың және Абай Құнанбаевтың философиялық көзқарастары орыс революцияшыл демократтары философиясының жалғасы, дамуы екендігін біздер, қазақстандықтар, мақтаныш етеміз.

Марксизм-ленинизм материалистік диалектиканы тағы бір шыңға көтерді. Ол өзіне өткен заманның нақты ғылымдары мен жетістіктерін сынай саралап, сіңіре білді. Сонымен қатар, ол күн тәртібіне ғылым мен өмірдің өзі қойған түбегейлі мәселелерді шешуге үйренді.

Өзгеріс атаулының бәрі бірдей даму бола бермейді. *Даму* деп – заттар мен құбылыстардың сапа жағынан қайта өзгеруін, негізінен басқаға айналуын, біреулерінің құрып, екіншілерінің, жаңаларының тууын айтамыз. Дамудың жалпыға бірдей сипаты болады. Адамның айналасындағы барлық заттар мен құбылыстар – жұлдыздар мен өсімдіктер және адамның өзі де даму процесінде пайда болып, өзгеріп және дами береді. Қоғамдық өмір де терең өзгерістерге ұшырайды. Феодалдық құрылыс-

тың орнына капитализм орнап, оның орнына социализм құрып, капитализмге қайта оралдық. Диалектиканың негізгі идеясы, түпкі принципі – осы даму идеясы.

Даму екі бағытта болады – *прогресс және регресс*. "Прогресс" – ол латын сөзінен "алға" жылжу деген сөз, ал "регресс" – кертартпа деген сөздің мағынасын білдіреді.

Материалистік диалектика дегеніміз – ол тек даму теориясы ғана емес, сонымен қатар танып білу әдісі болып табылатын ғылым.

Диалектикаға қарсы ойлаудың басқа бір әдісі – *метафизикалық* әдісі бар. Метафизикалық әдіске тән нәрсе – ол айналадағы дүниеге біржақты қарайды, оның кейбір жақтарын асыра көрсетіп, екінші бір жақтарын елемейді, танып білетін заттардың немесе процестердің барлық жақтарымен байланыстарын есепке ала білмейді (жай ғана көбею немесе азаю деп түсінеді).

Категория дегеніміз – болмыс пен ойлаудың ең жалпы формалары, адамның дүниені тануы мен практикалық өзгертуінің сатылары, ғылымның ең жалпы ұғымдары, адамның дүниені тануы мен практикалық өзгертуінің сатылары, ғылымның ең жалпы ұғымдары, адам ойлауының оның болмысына қатынасының сипаттамалары, ғылымның қалыптасуы мен дамуының жалпы шарттары.

Белгілі бір ғылымның негізгі ұғымдары *категория* деп аталады.

Категориялардың түрлері :

1. Жеке ғылымдардың категориялары;
2. Жалпы философиялық категориялар;
3. Қосарлы категориялар.

Бірінші топтың категориялары физикада, химияда, биологияда, т.б. ғылымдарда кездеседі. Мысалы, физиканың категориялары: масса, энергия, гравитация және басқалар; биологияның категориялары – биологиялық түр, табиғи сұрыпталу, тұқым қуалаушылық және т.б.; философияда да категориялар бар: сана, материя, болмыс және т.б. Олар екінші топтың категориялары. Филосо-

фиялық категорияларының басқа ғылымдардың категорияларынан айырмашылығы – олар неғұрлым жалпы (немесе тіпті мейлінше жалпы) ұғымдар! Мұнда әр түрлі категориялар өмір шындығының түрліше жақтары мен қасиеттерін бейнелейді. Философиялық категориялардың арасында қосарлы категориялар деп аталатын категориялар ерекше орын алады, бұлар (екі-екіден жұптыстырылып қаралады (форма мен мазмұн, мән мен құбылыс, т.б.). Үшінші топтың категориялары – **қосарлы категориялар**.

Бұл категориялардың өзгешелігі мынадай: олардың арақатынасы құбылыстардың әр түрлі жақтарының арасындағы жалпыға бірдей диалектикалық заңдары, жалпыға бірдей тұрақты байланыстарды білдіреді. Принциптік жағынан алғанда бұл байланыстардың ең негізгі заңдар көрсететін байланыстардан айырмашылығы жоқ, сондықтан оларды кейде диалектиканың жай заңдары деп атайды.

Категориялар дегеніміз – адамның айналадағы дүниені ғасырлар бойы танып білуінің қорытындысы, табиғат сырларын меңгеру процесінде адам танымының көтерілген басқыштары.

Қосарлы категориялар:

1. Жеке, ерекше және жалпы (ортақ).

Заттар мен құбылыстар сапа жағынан алуан түрлі болады.

Дүниеде мүлде бірдей заттар болмайды. Жеке затқа тиісті және оны басқа заттардың бәрінен айырып тұратын, дара, қайталанбайтын белгілердің жиынтығын жеке деп атайды. Мысалы, нақ осындай белгілері бойынша біз мыңдаған адамның ішінен өзімізге таныс адамды танып айырамыз. Бірақ заттар, бір-бірінен айырмашылығы болып қана қоймай, сонымен қатар олар өзара ұқсас та болып келеді.

Бірсыпыра заттарға тән ұқсас, бірдей, қайталанып отыратын белгілер болып көрінеді, ал бұл заттардың өздері бір топ (класс) немесе көпшілік болып шығады, ол – ерекше. Мысалы, студенттерді алсақ. Олардың өмірлері

ерекше, олардың негізгі мақсаттары – білім алу, мамандық алу. Статистика сондай ерекше топтардың қасиеттерін белгілейді, көрсетеді. Мысалы, 1999 жылдың деректері бойынша, Қазақстанда еркектердің саны 8,2 % азайды және 7 миллион 201 мың болды. Ал әйелдер саны 7,2 % азайса да 7 миллион 751 мыңға таяу. Бұл көрсеткіштер – демографиялық проблеманы дәлелдейді.

Бірсыпыра заттарға тән ұқсас, бірдей, қайталанып отыратын белгілер жалпы (ортақ) белгілер болып көрінеді, ал бұл заттардың өздері бір топ (класс) немесе көпшілік болып шығады. Өмір шындығының барлық құбылыстарына бірдей тән келетін қасиеттер мен белгілер жалпыға бірдей немесе неғұрлым жалпы белгілер мен қасиеттер деп аталады. Мысалы, Елбасы Н.Ә. Назарбаев "Қазақстан-2030" Жолдауында біздің елдің жалпы қасиетін былай бағалады: "Мен қазақстандықтардың байсалдығы мен төзімділігін, олардың кеңпейілдігі мен ақжарқындығын атап айтқым келеді. Мұны шетелдіктердің баршасы дерлік айтып жүр..."

Әрбір нақтылы заттың өзі жалпының, ерекшенің және жекенің бірлігі болып табылады. Мысалы: "химиялық элемент" (жалпы болады), "көміртегі" (ерекше), "алмас" пен "графит" (жеке). Алмас пен графитті салыстырса, олар бір-біріне ұқсамайды, алмас қатты, графит өте жұмсақ болады.

2. Бүтін және бөлік.

Күнделікті қатынастарымызда бір нәрселерді бүтін, ал екіншілерін бөлік деп қарайтынымыз белгілі. Осы түсініктер де тегін пайда болмаған. Адамдар іс-әрекетінде болмыстың бүтін мен бөлік сияқты қырларымен кезігіп қана қоймайды, олар жасаған нәрселерінің бәрін де, сол іс-әрекетінің өзін де аяқталған бүтіндіктің үлгісімен құруға тырысады. Аяқталмаған іс-мақсатына жетпеген әрекет, босқа жұмсалған күш, уақыт, яғни, әурешілік.

Бүтін дегеніміз, ең әуелі – құрамындағы бөліктердің өзара байланысымен, қарым-қатынасымен сипатталатын, өз бөліктерінде жоқ қасиеттерге, жаңа сапаға ие күрделі жүйе.

Бөлік – күрделі жүйенің, бүтіннің даму заңдылықтарына бағына отырып, өзіндік дербестік сақтайтын оның ажырамас құрамдас жағы.

Мысалы – H_2O – су; сутегі – жанады, оттегі – жануды қолдайды, ал су болса жанбақ тұрмақ, жанғанды өшіреді.

Яғни, бүтін дегеніміз – бөліктердің жай қосындысы емес. Жалпы алғанда, түрлі бүтіннің бірнеше түрлерін ажырытуға болады.

Бүтіннің түрлері:

1. Механикалық бүтін-бөліктер бүтінге ешқандай өзгеріссіз кіре де, шыға да алады. Мысалы, бір қап бидай, автобуста келе жатқан жолаушылар.

2. Ұйымдасқан бүтін – оның құрамында бөліктер өзгеріске ұшырайды. Ол мысалы, оқушылар тобы, жұмысшылар ұжымы.

3. Органикалық бүтін – оған кіретін бөліктердің өздігінен дамуға қабілеті бар. Белгілі бір өндіріс белгілі бөлікті, айырбасты, тұтынуды және осы кезеңдерінің өзара белгілі бір қатынастарын туғызады. Ондай болса бөліс, айырбас, тұтыну өндірістен табиғаты бөлек бір процестер емес, өндірістің өзге формалары, дамудың өзгеше формалары. Әрбір жаңа формаға ауысқан сайын өндірістің мәні танымастай өзгереді, бірақ ол, Гегельдің тілімен айтқанда, өзгеде бәрі-бір өзінде. Өндіріс, бөліс, айырбас, тұтыну – мұның барлығы да түптеп келгенде адамдардың қызметі, адамдар олардың субъектісі, олар осының бәрін дамыта отырып әрі өзін-өзі дамытады, әрбір жасаған жаңа дүниесінде адамдар өздеріне басқаша форма береді. Тағы да бір мысалды келтірсек, ол отбасы.

Күнделікті практикада бүтін мен бөлік туралы түсініктер, әрине, ғылыми ұғымдар дәрежесіне жете алмайды.

Бүтін мен бөлік туралы түсініктер көбінесе мынадай тұжырымдарға саяды:

- бүтін бөліктерінен жоғары;
- бүтін өз бөліктерінен үлкен;
- бүтін дегеніміз – бөліктердің қатынастары, т.т.

Бұл түсініктер болмыстың сыртқы қалыптасқан, тұрақталған жүйесін бейнелейді. Дамудың біршама жетіл-

ген шағында әрбір құбылыстың ішкі элементтері оқшауланып, бір-бірінен дербес, о бастан шығу тегі басқа нәрселердей болып, бір-бірімен тек сырттан байланыста тұрғандай қалыпқа ие болады.

3. Себеп пен салдар

Қандай да болсын бір құбылысқа немесе оқиғаға кез болғанымызда, біз әдетте ол неден болып отыр, ол неліктен туды немесе пайда болды деген ойға қаламыз. Осы мәселелер жайында ойлай келе біз құбылыстың немесе оқиғаның себебін іздейміз.


Себепсіз оқиғалардың болмайтынын, оқиғалардың өзі әрқашанда белгілі бір себептердің салдары болып табылатынын тәжірибе көрсетіп отыр. Құбылыстың немесе оқиғаның себебін анықтау оны танып білудің ең маңызды кезеңі болып табылады. **Себеп-салдар** байланысы қай жерден ашылса, ғылым сол жерден басталады. Себеп-салдар байланысы, немесе себептілік дегеніміз – жалпыға бірдей байланыс формаларының бірі, атап айтқанда, бұл бір құбылыс немесе бір жағдай екіншісіне себепші болып, соны туғызатын байланыс формасы. Қандай да болса бір құбылысты туғызатын фактор немесе жағдай себеп деп аталады. Себептің тигізетін әсерінің нәтижесі **салдар** деп аталады.

Себеп-салдар туралы философиялық ілім – **детерминизм** деп аталады.


Себеп-салдар байланысын жоққа шығаратын ілім – **индетерминизм**.

Себеп дегеніміз – ол салдарды туғызатын нәрсе, ал жағдай дегеніміз – ол салдардың тууы үшін керекті, оның тууына жағдайдың өзі салдарды туғыза алмайды. **Себеп** дегеніміз – екі немесе бірнеше құбылыстардың, заттардың, олардың ішкі жақтарының өзара байланысқа түсіп, бір-біріне әсер етуі барысында ол құбылыстар мен заттарда, олардың жақтарында тиісті өзгерістер туғызуы. Ал **салдар** дегеніміз – өзара әсер ету нәтижесінде құбылыстарда, заттар мен олардың ішкі жақтарында пайда болған өзгерістер. Әр себептің өзінен тыс себебі бар, сондықтан әр себептің артынан әрқашан тағы бір себепті іздеу

керек деп ойлайтын метафизика осы логикасынан танбаса адамның ғана емес, бүкіл әлемнің, табиғаттың бәрі де тұтас алғанда өзіне-өзі себеп бола алмайды деген тұжырымға келеді. Келмеу мүмкін емес. Оның ар жағында, әрине, жаратушы тұр. Ал ол – себептердің себебі. Ақырғы себеп. Өзінің себебі өзі. Яғни, жаратушы идеясына келу үшін де жаңағы логикадан тану керек. Ғылым себептілікті басқа тұрғыдан алып қарайды. Себеп-салдар байланысы бірінен соң бірі келіп отырады. Өйткені әрбір салдар, ол өзі басқа бір құбылыстың себебі. Ақырғы салдар жоқ. Сол сияқты ақырғы себеп те жоқ. Себептер сыртқы және ішкі болады. Белгілі бір заттың өзгеруінің ішкі себептері осы заттың өзінің жаратылысында болады, олар мұның қайсы бір жақтарының өзара әсер етуі болып табылады. Ішкі себептер сыртқы себептерге қарағанда неғұрлым маңызды рөл атқарады.



Осы мысалдан көрініп тұр, бір себеп бірнеше салдарды туғызатыны. Мысалы, экономикалық дағдарыс жұмыссыздықты, инфляцияны, әлеуметтік теңсіздікті туғызады.



Осында бірнеше себеп бір салды туғызады. Мысалы, экологиялық дағдарыс, полигонның әсері, әлеуметтік мәселелер адамның денсаулығына әсерін тигізеді.

Себеп -> сал-1->сал-2 -> сал-3, т.б.

Осындай себеп-салдар байланысын "эффект домино" деп атайды. Мысалы, кейбір адамдар қателесіп қылмысқа барады, сонан кейін тоқтай алмай бірнеше қылмыс жасайды. XX ғ. алпысыншы жылдары Бали аралында бол-

ған экологиялық апат та соған мысал бола алады. Москиттерді жоямыз деп ДДТ (дуст) ұнтағын сепкен, оның әсерінен бақалар, тұлкілер құрыды, аралда тышқан көбейді. Оның бәрі оба эпидемиясын туғызды.

Тек адамның тәжірибесі ғана себеп-салдар байланыстарын дұрыс танып білудің маңызды шарты, соның ішінде себепті байланысты уақыт жағынан белгілі бір жай тәртіпте болып отырғандықтан айыра білудің шарты болып табылады. Ал себепті байланыстарды танып білудің өзі адамның тәжірибесі үшін, ғылыми болжау үшін, өмір шындығының процестеріне әсер ету үшін және оларды адамға керекті бағытта өзгертіп отыру үшін өте маңызды.

Са. Мазмұн мен форма

Жоғарыда айтқандай, айналадағы дүниеде болатын заттар мен құбылыстардың толып жатқан әртүрлі жақтары бар, олар сан алуан байланыста болады.

Әрбір құбылыстың, әрбір заттың өз мазмұны және өз формасы болады, бұлар оның қарама-қарсы жақтары ретінде шығады.

Мазмұн дегеніміз – сол заттың элементтері мен процестерінің жиынтығы, оның өзін құрайтын нәрселер. Мәселен, атомның мазмұны – оның өзін құрайтын "элементарлық" бөлшектер және атомның өзінде болып тұратын процестер. Көркем өнер шығармаларының мазмұны дегеніміз – шындық, суреткердің көркем образдар жүйесінде белгілі бір эстетикалық мұрат тұрғысынан алып бейнелеп көрсететін адам өмірі.

Форма дегеніміз – мазмұнның ішкі және сыртқы түзілісі, оның өмір сүруінің тәсілі. Басқаша айтқанда, форма дегеніміз – мазмұнның түзілісі, оның элементтері мен бөлімдерінің уақыт пен кеңістікте белгілі бір түрде ұйымдасуы, олардың арасындағы байланыстарының жиынтығы.)

Формалдық форма мазмұнға біршама бейтарап, селқос. Ол мазмұнға көбінесе сырт нәрсе. Мысалы, адамдар іс-әрекетінде өзіне қажет заттар жасайды. Ол заттар еңбек құралдары дейік. Жасалған құралдарға атқаратын істің ерекшелігіне сай белгілі бір форма беріледі. Ол фор-

ма құралдың істегі функциясының сыртқы заттық түрі. Ол, бірақ, сол құрал жасалған заттың өзінің табиғи формасы емес, адамдардың әлеуметтік іс-әрекетінің формасы. Құрал-сайманды әртүрлі заттардан жасай беруге болады, мысалы балтаны тастан, қоладан және темірден. Форма кез келген нәрсеге қатысты емес, ол тек өз мазмұнына біршама тәуелсіз. Оның себебі ол мазмұнды сыртқы бейтарап нәрселерде бекітудің немесе берудің жолдары. Белгілі бір істі әртүрлі жолдармен, соған сәйкес әртүрлі заттармен, процестермен орындауға болады. Айырбас қатынастарының даму тарихында ақшаның функциясын әртүрлі тауарлар атқарған. Түрлі географиялық аудандармен экономикалық, т.б. әлеуметтік байланыстарды пойызбен де, самолетпен де, басқа да көліктің түрлерімен іске асыруға болады.

Заттың анықтаушы жағы – оның мазмұны. Мазмұн форманы туғызады. Алдымен мазмұн өзгереді де, сонан кейін форма бір шама дербестік алады да, мазмұнның дамуына белсене әсер етеді. Ескірген форма мазмұнға сәйкес келмейді, ал форма ескіргенде өз дамуының кейбір ерекшеліктері себепті ескіреді. Мысалы, нарықтық экономикаға қоғамдық меншік кедергі жасайды, тұсау болады.

5. Қажеттілік пен кездейсоқтық

Маңызды философиялық проблемалардың бірі – **қажеттілік пен кездейсоқтықтың** арақатынасы жайындағы проблема. Маркстік философияға дейінгі философияда оны, әдетте, бір жақты шешіп келді. Материалист-философтар мен детерминистер (Демокрит, Спиноза, XVIII ғ. француз материалистері), әдетте, табиғатта барлығының да өз себебі болады, сондықтан барлығы да қажетті және ешқандай кездейсоқтық жоқ деп есептеді. Олардың пікірінше, жұрт өзіне себебі белгісіз нәрсені кездейсоқтық деп атайды. Ал кездейсоқ тәрізді болып көрінген құбылыстың себебі анықталысымен-ақ ол кездейсоқ болудан қалады. Материалистер қажеттіліктің үстемдігін жақтап келді, сондықтан бұл көзқарас прогрессивті болды. Индетерминизм позицияларында болған идеа-

лист-философтар құбылыстардың бір себебі бола бермейді, сондықтан табиғат пен қоғамда қажеттілік деген жоқ, қайта онда кездейсоқтық үстемдік етеді дегенді айтты. Объективтік дүниеде қажеттілік басым болады-құбылыстар дамуының, олардың бүкіл бұрынғы дамуынан және бір-бірінің өзара әрекет етісуінен туатын құбылыстар дамуының болмай қоймайтын барысы басым болады. **Қажеттілік** категориясы табиғат пен қоғам дамуының заңдылық сипатын білдіреді. Сонымен қатар диалектикалық материализм кездейсоқтықтың болуын да мойындайды.

Кездейсоқтық дегеніміз – ішкі байланыстардан емес, сыртқы байланыстардан туа отырып, осы процестің мәнінде емес, өзге процестерде болатын негізі мен себебі бар объективті құбылыс. Кездейсоқтықты қарастыра отырып, оның өзіне тән бірсыпыра белгілерін айырып көрсетуге болады. Біріншіден, кездейсоқ құбылыстардың да өз себептері болады. Кездейсоқтық пен себепсіздік екеуі бір нәрсе деп ойлау дұрыс емес. Себепсіз құбылыс деген мүлде болмайды. Екіншіден, кездейсоқтық объективті нәрсе. Оның бар болуы, біз оның себебін білеміз бе, жоқ па, оған байланысты емес.

Үшіншіден, кездейсоқтық салыстырмалы нәрсе. Абсолютті кездейсоқтық жоқ. Кездейсоқ дегеніміз – қажеттіліктің үстемесі және оның көріну формасы болады. Қажеттілік пен кездейсоқтықтың байланысы даму процесінде кездейсоқ нәрсенің қажетті нәрсеге, ал қажетті нәрсенің кездейсоқ нәрсеге айналуы мүмкіндігінен көрінеді. Мысалы, алғашқы қауымдық құрылыс жағдайларында тауар айырбасының сипаты кездейсоқ сипат болды, ол осы қоғамдық құрылыстың экономикалық заңдарынан туған жоқ. Капитализм тұсында тауар айырбасы қажетті құбылысқа айналады.

Сонымен адамдар дүниесінде, қоғамда қажеттілік пен кездейсоқтық олардың дүниеге қатынасының негізін құрайтын құндылықтардың көрінісі деуге болады. Белгілі бір құндылықты қалау әр адамның өз ісі, саналы немесе көбінесе бейсаналық дәрежеде ол белгілі бір нәрселерге ойыстайды, өмірінің сән беретін негізіне айналдырады,

барлық іс-әрекеттерінде, ойлауында оның рухани ұмтылысы тек соған қарай бағытталған. Егер тарихта адамдардың белгілі бір тобы, қоғамдасқан бірліктері (этнос, халық, т.б.) жалпы алғанда бір ортақ құндылыққа ойысса, ол да сол бірлікке кіретін адамдардың көпшілігінің немесе тіпті бәрінің жеке-жеке қалауларынан туады. Сондай қоғамдасып, бірлесудің өзі бір құндылыққа жақын адамдардың бірігуі болуы тиіс. Осындай ортақ құндылықтар адамдарды біріктірсе, қоғамдастырса, ал тарихи дамуы, орнығуы әлеуметтік белгілі жүйелер жасап, солардан туатын талаптар мен тәртіптер, мұқтаждықтар, тілек, армандар, т.т. тұтасымен алғанда тарихи қажеттілік дейтін нәрсені құрайды. Түптеп келгенде тарихи қажеттілік деген бұрынғы тарихи материализмде айтылғандай адамдарға тәуелсіз, олардың еркінен тыс тарихтың бет қаратпайтын бағыты емес. Тарих дегеніміз – адамдардың барлығының күнделікті өз мұқтаждықтарына сай істерінен, қарекеттерінен құралады. Ол барлық жеке ырықтардың тоғысуы. Тарихи қажеттіліктің өзі көптеген адамдардың белгілі бір бағыттағы көптеген ырықтардың күшіне қарсы, оны тоқтатуға ұмтылатын жеке әрекеттер, сөз жоқ жеңіліс табады. Тарихи қажеттілік, яғни, болуы да, болмауы да мүмкін жеке ырықтардың қалауларынан басталған және барлық кейінгі кезеңдер де сол жеке ырықтардың қалаулары өзінің кездейсоқтық сипатын жоймайды. Олар әр сәтте сол қалауын қайталай ма, әлде басқа бір нәрсені қалауға ауыса ма, оны анықтайтын қажеттілік жоқ.

6. Мән мен құбылыс

Мән мен құбылыстың арақатынасын ашуда ежелгі грек философы Аристотель көп ой түйіндеген. Платонның мәңгілік идеялары дүниенің түпкі мәні деген көзқарасын талдай келіп Аристотель мәні болып тұрған заттан мән бөлек, мәңгі өмір сүре алмайды деген тұжырымға ойыстаған. Жалпы ежелгі грек философиясында белгілі бір заттың мәні біреу-ақ, онда көп мән болуы мүмкін емес, сонымен қатар мән бөлшектенбейтін нәрсе деген

көзқарастар айтылған. Бұл ойлар философия тарихының, сөз жоқ, жетістіктеріне жатады.

Жаңа дәуірде мән мен оның құбылыстарының ажырамас байланысын жан-жақты зерттеген Георг Вильгельм Фридрих Гегель болды. Гегельдің айтуынша әлемдік рух өзінің дамуында әуелі болмыс сатысынан өтеді. Болмыс – процестің тікелей көрінісі, нақты іске асу формасы. Әлемдік рух өзін-өзі тану үшін алдымен өзін сыртқы формада іске асыруы қажет. Тек сыртқы болмыс түрінде іске асу арқылы өз мазмұнын таниды және дамытады. Сөйтіп, өз мәніне бойлай алады.

Дүниедегі заттар мен процестерді танып біле отырып, адамдар алдымен тікелей сезім арқылы қабылдауға болатын, заттардың сырт көрінісі болып табылатын нәрселерді, былайша айтқанда, сыртына шығып тұрғанды байқайды.

Заттар мен процестердің осы сыртқы, үстірт және біршама өзгергіш жағы философияда *құбылыс* деп аталады.

Сонымен бірге барлық заттарға тән олардың ішкі біршама тұрақты және қажетті жағы – құбылыстың тасасында көрінбей тұрған, тікелей аңғаруға болмайтын жағы болады. *Мән* – заттың мазмұнындағы басты нәрсе, оның негізі. Қысқасын айтқанда, мән дегеніміз – заттың мазмұнындағы басты нәрсе, оның негізі.

Мән мен құбылыс – заттың әр түрлі, қарама-қарсы жақтары. Мән әдетте жалпы нәрсе болып, ал құбылыс – жеке, дара нәрсе болып табылады. Бір мәнің өзі көптеген құбылыстарда көрінуі мүмкін. Жанды нәрсенің бәрінің де жалпы бір мәні болады, бұл мән – заттар алмасуы, жанды дененің сыртқы компоненттерден өзін-өзі қайта жасауы. Мән заттардың белгілі бір тобына тән жалпы және сонымен бірге негізгі, қажетті нәрсе. Ал құбылыс жеке, қайталанбайтын нәрсе. Бірақ, бір-біріне қарама-қарсы бола тұрса да, мән мен құбылыс қандай да болсын бір заттың немесе процестің қажетті жақтары болып табылады да, олар өзара белгілі бір байланыста, бірлікте болады. Танып-білу әрқашанда құбылыстан мәнге қарай, заттардың сырт жағынан оның терең жатқан заңды байланы-

старына қарай барады. Бірақ мән бірден, бәрі бірдей түгелімен таныла қоймайды, өйткені мән таусылмайтын нәрсе.

7. Мүмкіндік пен шындық

Объективті дүниедегі сан алуан заттар мен процестер мәңгілік нәрсе емес. Сондықтан дамудың барысында әрқашан жаңа зат, процесс әзір жоқ, ол әлі тумаған, бірақ оның тууына керекті жағдайлар қалыптасып болған, оны өзінен бұрынғы даму дайындаған кезең болады.

Жаңаның тууына негіздің, алғышаттар комплексінің, себептер мен жағдайлардың болуын *мүмкіндік* деп атайды. Мүмкіндік категориясы шындықтың дамуының объективті тенденциясын бейнелейді.

"Шындық" ұғымы кең мағынада да, тар мағынада да қолданылады. Кең мағынада ол объективті дүниеде бар нәрсенің бәрін, ал тар мағынасында мүмкіндіктің диалектикалық қарама-қарсылығын көрсетеді. Бұл ретте шындық жүзеге асырылған, іске қосылған мүмкіндік ретінде белгіленеді.

Мүмкіндік пен шындық бір-бірімен тығыз байланысты. Мүмкіндік шындықтың дамуынан туады, ал шындықты мүмкіндік дайындайды. Сондықтан оларды бір-бірімен айырып алуға болмайды, оларды бір-бірімен теңестіруге де болмайды, өйткені оларды біріншісі екіншісіне айналатын күрделі процесс, кейде тіпті дамудың ұзақты қиын кезеңі бөліп тұрады. Мысалы, қоғамдық өмірде мүмкіндіктің шындыққа айналуы мықтап күш жұмсауды керек етеді, оның өзі түрліше әлеуметтік күштердің күресімен байланысты. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан-2030" халқына Жолдауында жазылған: "Бүгін біз зор мүмкіндіктер табалдырығында тұрмыз. Азияның кедей елдерінің кейбірінің 30 жыл ішінде қайыршылықтан оңалып, индустриялы мемлекеттерге айналғанын сіздердің көпшілігіңіз білесіздер". Жолдауда бір афоризм эпиграф ретінде алынған: "Ұланғайыр мүмкіндіктер баршаға беріледі, бірақ көп жандар олармен ұшырасқанын сезбейді де" (Даннинг). Президентіміз айтқан мүмкіндіктер жүзеге асырылады, шындық-

қа айналады, бірақ оған бәріміз өз үлесімізді қосуымыз, аянбай жұмыс істеуіміз керек.

Мүмкіндіктердің түрлері: реалды, реалды емес, абстрактілі болады. Жүзеге асыру үшін барлық жағдайлар туған мүмкіндікті реалды мүмкіндік деп атайды. Абстракты мүмкіндік дегеніміз – табиғат пен қоғам заңдарына сай келе тұрса да, оларға қайшы келмейтін болса да, бірақ шындыққа айналуы үшін әлі қажетті жағдайлары жоқ мүмкіндік. Абстракты мүмкіндіктердің жүзеге асырылуының ықтималдығы әр түрлі. Мысалы, ғалымдардың айтуынша, адамның мың жылдай өмір сүретін мүмкіндігі бар, бірақ қазіргі заманда ол – абстракты мүмкіндік. Тағы бір мысалы: кейбір фирмалар Айды учаскелерге бөліп, оларға сертификат сатады. Оны сатып алатындар қашан ие бола алады?

Ол да қазір абстракты мүмкіндік.

Мүмкін еместік табиғат пен қоғам заңдарына қайшы келеді және шындыққа айнала алмайды.

4. Материалистік диалектика – дамудың жалпы философиялық теориясы. Ол табиғаттың, қоғамның және адам ойлауының дамуының ең жалпы заңдарын зерттейтін ғылым.

√ *Заң дегеніміз* – құбылыстардың арасындағы жалпы, қажетті, тұрақты, маңызды, қайталанып отыратын байланыс.

Заңдар негізгі және негізгі емес болады. Диалектиканың негізгі үш заңына кейінірек тоқталамыз. Олар: *қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күресі, мөлшерлік (сан) және сапалық өзгерістердің өзара ауысуы, терістеуді терістеу*. Диалектиканың негізгі емес деп аталатын заңдары дамудың және өзіндік дамудың жеке жақтарын ашады. Оларға диалектиканың категориялары жатады.

Заңдардың біреулері шындықтың шағын бір салаларын (жеке), екіншілері одан гөрі кеңірек салаларын (жалпы), үшіншілері тіпті шексіз кең салаларын қамтиды (жалпыға бірдей). Мысалы, физиканың, химияның, биологияның заңдары материя қозғалысының белгілі бір

формаларына қатысты келіп, оларды тиісті ғылымдар зерттейді. Сонымен қатар материя қозғалысының белгілі барлық формаларына, шындықтың барлық салаларына, барлық құбылыстарға қатысы бар, барлық жерде және әрқашанда болып тұратын заңдар да бар.

Жалпыға бірдей ортақ болғандықтан, бұл заңдар материялық дүниеде ғана әрекет етіп қоймайды, сонымен қатар танып білуде де, ойлау процесінде де әрекет етеді.

Қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күресі заңы даму процестерінің ішкі қайнар көзін ашады. Даму қайдан шықты деген сұраққа жауап береді. **Қарама-қарсылықтар** дегеніміз – құбылыстардың бір-біріне қарсы тұратын жақтары, күштері, тенденциялары. Бұлар бірін-бірі мойындамайды, теріске, жоққа шығарады және сонымен қатар бірін-бірі туғызады да. Қайшылық – қарама-қарсылықтардың өзара қатынасы болады.

Қарама-қарсылықтардың бірлігі дегеніміз – олар бір құбылыстың ажыратуға болмайтын екі жағы және олар бірін-бірі туғызып отырады деген сөз. Қарама-қарсылықтар бірінен бірі бөлек өмір сүре алмайды, ал әрбір зат, құбылыс олардың бірлігінсіз және өзара әрекетінсіз бола алмайды.

Қарама-қарсылықтардың күресі, ішкі қайшылықтар барлық заттар мен құбылыстардың қозғалысы мен дамуының негізгі көзі болып табылады.

Қайшылықтар – ішкі және сыртқы, негізгі, негізгі емес, антагонистік және антагонистік емес болады. Қайшылықтың мазмұнын адам болмысында, әлеуметтік-тарихи және соның ішінде экономикалық процестерде зерттеген К. Маркс еді. Әрбір сатылу үшін өндірілген өнім (тауар) айырбас қатынастарының шеңберінде екі жақты қасиеттерге ие. Біріншіден, адамдардың белгілі бір тұтыну мұқтажыдығын өтей алатын тұтыну сапасы болуы керек. Екінші, тауардың құны, яғни оған жұмсалған қоғамдық қажетті еңбек. Осы екі қасиеттің біреуі екіншісіз болмайтындығы белгілі. Егер тауардың тұтыну қасиеті төмен болса, тауар, әрине, өтпеуі мүмкін, яғни ол сатылмай қалады. Онда ол тауарды, өндіруге кеткен еңбек те,

жұмыс уақыты да босқа жоғалады. Немесе тауарды өндіруге жұмсалған еңбек, жұмыс уақыты сол қоғамдағы орта дәрежеден артық болса, яғни оған еңбек тым көп жұмсалса, онда тауар өзіне кеткен шығыннан төмен бағада сатылады. Өндіруші шығынға ұшырайды. Осы екі қасиеті бір тауар біріне белгілі деңгейде сай келмесе, өнім жалпы тауарлық қасиетінен айрылады, яғни онда ол тауар емес. Олар бір-біріне сай келген жағдайда бірі екіншісіне ұқсамайтын бір тауардың екі түрлі қасиеттері іштей біртумалық тектестігін сақтайды.

Қайшылықтардың даму сатылары:

1. Айырмашылық.
2. Қарама-қарсылық.
3. Жанжал.

Айырмашылық қайшылықтың бастапқы сатысы деп қарауға болады.

Қарама-қарсылық дегеніміз – дамып өршіген қайшылық.

Жанжал – әбден шегіне жете шиеленіскен қайшылық, қайшылықтың ең ақырғы даму сатысы.

Ең қарапайым қатынас – екі түрлі тауарларды бір-біріне айырбасталуын бір тұтас қатынас ретінде алып қарасақ, осы қарама-қарсы тұрған, біртұтастықты құрайтын екі жақтың көзге көрінбейтін ішкі бір бірлігінің бар болғаны. Екі түрлі тауарларды бір-біріне теңгеру үшін олардың бір ортақ табиғаты болуы тиіс.

Қорыта айтсақ, әрбір құбылыстың, процестің қарама-қарсылықтары тепе-теңдікте болса, ол құбылыс, процесс сақталады, бір жағы жеңсе, өзгеріске ұшырайды.

Сан өзгерістерінің сапа өзгерістеріне айналу заңы, заттардың, процестердің сандық және сапалық жақтары сияқты, қарама-қарсылықтардың өзара байланысы айқындалады. Бұл заң дамудың механизмін көрсетеді.

Заттардың айырмашылығы мен ұқсастығының белгілері *сапа* деген ұғым арқылы айқындалады. Заттардың жаратылысы мен ерекшелігін білдіретін маңызды белгілерінің жиынтығы *сапа* деп аталады. Әрбір нақты бар болмыс өзінің тікелей нақты айқындығымен басқа да

нақты бар болмыстардан өзгешеленген. Әрқайсысының өзінше, өзгеше нақты айқындығы бар. Сол арқылы олардың әрқайсысы өзгеше сапа. Гегельдің анықтауы бойынша сапа дегеніміз – әр заттың өзіндік болмысымен барабар айқындық. Яғни, сапалық айқындықтың жоғалуы осы заттың жоғалуы деген сөз. Сапалық айқындық, не өзгешелік заттың болмысынан ажырамас қасиет. Мысалы, металдардың түрін басқа түрлерінен ажыратып тұратын негізгі қасиеттері олардың сапалық айқындығы.

Сонымен біз болмыстың сапалық айқындығынан *сандық* немесе мөлшерлік айқындығына ұластық. Заттар мен процестердің сападан басқа сандық белгісі де болады. Сонымен өзінің сырттай өркендеген, өзінен тыс болмысқа ие болған формаларын өзіне қайтарып, оларды өз ішінде өзгеше кезеңдер ретінде ұстайтын, өзіне-өзі тұйықталып, аяқталған болмыстың, яғни өзі үшін – болмыстың, өзге түрге өтпей, бірақ өзін осы қалпында шексіз жалғастыра беруін біз сан деп атадық. Сан – біркелкі болмыстың сапа жағынан басқа түрге ауыспай-ақ өзін шексіз қайталай беруі, немесе өрістеті беруі.

Сан дегеніміз – белгілі бір сапаның шамасын, даму қарқыны мен дәрежесін білдіретін белгі. Сан сапаның таралушылығы мен күшейе түскендігін көрсетеді. Осыған дейін біз сапа мен санның объективтік жалпы қасиеттері туралы айттық. Бірақ адам ойлауының формалары ретінде олар тарихтың әртүрлі кезеңдерінде әртүрлі орын алады. Адамдардың ұмтылатын белгілі бір құндылықтары болғандықтан олардың әрқайсысы әр заманда алғашығып жүреді. Тарихтың ұзақ дәуірлерінде адамдар табиғат күштерін сапалық жағынан игерген. Адамдар жасаған бұйымдар сапасының жоғары болуын қалағанда оның жалпы заттардың өзіндік сапасымен терең байланысы бар. Сапаның жақсы болуы күнделікті талаптың өзінде заттың қасиеттерінің оның атқаратын қызметінің табиғатына неғұрлым сай болуын қалау бар. Адамның дүниеге қатынасының шеңберінде ғана ол дүниеге жалпы құндылық қатынастық дәрежеге жетіп, тек заттарға ғана емес, адамдардың бір-бірінен талап ететін адам-

гершілік нормасына да айналған, эстетикалық талғамның да белгілі бір негізі. Біз кейде нағыз адам, шын адам деп біреулерге баға бергенде де оның мінез-құлқының, істерінің адамдықтың табиғатына сәйкес екендігі туралы сенімімізді білдіреміз. Сапалық бағалаушылық та, әрине, сандық бағалаушылықтың негізін құрайды. Біздің өмірімізде сапалық талғамның, оны қамтамасыз етудің орны алғашқы, бұрын. Сандық бағалаушылық та адамдар қатынасында қашанда бар, бірақ ол екінші қатарда, үнемі белгілі дәрежеде сапалық талғам қамтамасыз етілгеннен кейін ғана сол сапаның сандық қасиеттері алға шыға бастайды. Сан құндылық ретінде тауарлы қатынастардың (оны біз нарықтық дейміз) жоғары дамыған дәуірінде алға шықты деуге болады. Енді тауардың сандық жағы бірінші орынға шыға бастайды.

Мөлшер (кейбір авторлар оны "өлшем" дейді) категориясы белгілі бір сапаға кез келген сан емес, өте бір нақты белгілі сан ғана сәйкес келетіндігін білдіреді. Сан сапаның өзгеруінсіз тек белгілі шектерге ғана өзгере алады, ал осы шектер заттың мөлшері болады. Сан өзгерістері осы шектерге жеткен кезде мөлшер бұзылып, заттың сапасы өзгере бастайды. Ежелгі грек философтары оны "Қасқа" (лысый) және "Үйінді" мысалдарымен дәлелдеді. Адамның басынан бір тал шаш түссе; ол қасқа болмайды, бірақ ол процесс қайталана берсе, оның қасқа болуы мүмкін. Үйінді де солай, одан бір дөнді алса, ол жоғалмайды, қайталай берсе, үйінді жоғалады. Сонымен сандық өзгерістер белгілі кезеңде сапалық өзгерістерге әкеледі. Мөлшер бұзылған кезде ескі сапа жаңа саңға сәйкес келмей қалады, олардың арасында қайшылық туып, ол шиеленіседі, бұл қайшылық жаңа сапаның жасалуымен және жаңа мөлшердің пайда болуымен шешіледі. Кейбір адамдардың мінездерінде бар жақсы жақтары мөлшерінен асып кетсе, онда олар кемшілікке айналуы мүмкін. Мысалы, кейбір адамдар асып кетсе мақтаншақ, өтірікші, өсекші, еріншек болады. Араб философы Абуль-Фарадж шарап ішкен кісінің төрт сапасы болады деген. Ең бірінші сапасы – павлин, екінші сапасы – маймыл, үшінші сапасы – арыстан, төртінші сапасы (масайған соң) – шошқа.

Құбылыстың бір сападан екінші сапаға көшуі секіріс деп аталады.

Секіріс дегеніміз – шектерден өту деген сөз. Секіріс дегеніміз – сапалық өзгеріс, құбылыстың немесе оның бір жағының бір сападан екінші сапаға көшуі. Бірте-бірте болатын сан өзгерістері философиялық әдебиетте көбіне эволюция деп аталады.

Теріске шығаруды теріске шығару (терістеді терістеу) заңы дамудың бірінен соң бірі келіп отыратын кезеңдерінің, ескі мен жаңаның, бір-бірімен қалайша байланысты екенін көрсетіп, дамудың жалпы тенденциясы, алған бағыты қандай деген сұраққа жауап береді.

Теріске шығару дегеннің мәнісі жаңа ескінің орнын басады, яғни дамудың бір кезеңімен ауысады деген сөз. Ескіден жаңаға көшу, бір кезеңнің екінші кезеңмен ауысу процесінің өзі философияда *теріске шығару* деп аталады.

Сонымен, даму дегеніміз – ескіні жаңа ұдайы теріске шығарып, ауыстырып отыратын процесс.

Теріске шығарудың сипаттары:

– жалпыға бірдей;

– іштей тән нәрсе.

Диалектикалық теріске шығару ескінің ішіндегі жақсыларын сақтап қалады. Жаңа ескіні жай лақтырып тастайды деп ойлау дұрыс болмас еді. Жаңа ескіні ешқашан түгелдей жойып жібермейді, олардың арасында түпсіз тұңғыық жоқ. Жаңа ескіден өзінің алдындағы дамудың барлық жетістіктерін қабыл алады. Дәурені өткенді теріске шығарудың өзі жақсы және прогресшіл нәрсені сақтап қалып, мұның онан әрі дамуына жағдай туғызу үшін қажет.

Жаңаның қандайы да дами келе, ерте ме кеш пе, ескіге айналады.


Жалпы және тұтас алғанда үдемелі процесс болып келетін даму процесінде кейбір бұраң жолдар және уақытша шегінулер болады.


Диалектика алға басуға себепші болатын құнды нәрсенің бәрін сақтап, пайдалану керек, өткеннің жақсы

мұраларын сын көзімен қабылдап, шығармашылық жолмен қайта өңдеп отыру керек деп үйретеді. Даму спираль бойынша жүретін сияқты. Терістеуді терістеу заңы дамудың бағытын көрсетеді; ол прогресс, спираль.

Гегель осыған мынадай мысал келтірген: өсімдік өсе келе гүл жарғанда, гүл-өсімдіктен басқаша, гүл өзін шығарған нәрсені теріске шығарады, ол оған қарама-қарсы нәрсе болып тұр, бірақ солай бола тұра, ол өсімдіктің өз туындысы, ол өсімдікті терістеу арқылы ғана оның болмысын растайды, бекітеді, жалғастырады. Гүлден шыққан жеміс те енді гүлден тіпті басқа, тіпті бөтен көрінуі ықтимал. Жеміс гүлді де, ол арқылы өсімдікті де теріске шығарады. Бірақ оның да теріске шығаруы өсімдіктің бүтін болмысын жалғастырып, нығайтудың жолы. Диалектикалық терістеу жолымен жүрсек, біз қазақ халқының көптеген рухани байлықтарын сақтай отырып, оларды дамытуымыз керек. Бірақ тоталитарлық тәртіп әр түрлі себептермен мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан мәдениеттерді тұншықтырып тастады. "Мазмұны жағынан социалистік, формасы бойынша ұлттық" дейтін жалған ұранды жамылған билеуші партия ұлттар мәдениетін темір тор шеңберінен шығармай ұстап келді. Тәуелсіздікке қолы жеткен Қазақстан Республикасы алдында тұрған, орасан зор өрі қасиетті мақсат – халық рухын, оның өзегі – мәдениетті, салт-дәстүрлерімізді қайтадан қалпына келтіру.

Диалектиканың негізгі заңдарының сипаттары





Семинар сұрақтары:

1. Диалектика және оның баламалары.
2. Диалектиканың категориялары және олардың танымдағы рөлі.
3. Диалектиканың негізгі заңдары.

Философиялық категорияларды пайдаланып, осы мақал-мәтелдерді талдаңыз:

1. Көзін ауырса, қолындытты, ішін ауырса, аузындытты.
2. Сауып ішсең – мың күндік, сойып жесең – бір күндік.
3. Ер – туған жеріне, ит – тойған жеріне.
4. Көппен көргең – ұлы той.
5. Жаяудың шаңы шықпас, жалғыздың үні шықпас.
6. Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адас.
7. Саусағың бірікпей, қолыңа ине де ілікпейді.

5 тақырып. Қоғамның философиялық түсінігі

1. Өндіріс төсілі.
2. Базис пен қондырма.

1. **Қоғам**, адам және **қоғамдық қатынастар** туралы ой-пікірлер, идеялар мен ұғымдар алғашқы қауымдық қоғам дәуірінде-ақ қалыптаса бастады. Адамдардың алдында қоғам деген не, ол қалай пайда болды, ол қалай дамиды, дамудың көздері мен қозғаушы күштері неде, қоғамдық құбылыстар мен процестердің байланысы қандай, өзара әсер, себеп, қарым-қатынастар заңдылықтары бар ма, тағы басқа көптеген сұрақтар, ой-пікірлер және идеялар туады. Ал мұндай ой-пікірлер мен идеялар адамдардың қоғамға бірігуінен және осының негізінде өздерінің тіршілігін сақтау, күн көру, одан әрі даму қажеттілігінен, олардың тікелей тәжірибелік өмірімен байланысты туды.

Қоғамдық құбылыстарды, процестерді, тарихты танып-білуде, өзгертуде философия тарихында материализм мен идеализмнің арасында ұдайы қарама-қарсы кескілескен күрестер жүргізіледі. Материализм қоғамды, оның даму заңдарын дұрыс ғылыми тұрғыдан түсіндірмекші болып әрекет жасаса, идеализм, керісінше, ғылымға жат, қоғамдық тәжірибеге сүйенбеген, көбінесе оларды діни тұрғы-

дан түсіндірмекші болады. Өйткені, бұл бағыттарды қолдаушы қоғамда әр түрлі өлеуметтік таптар мен топтар болады. Қоғамдық құбылыстар, процестер заңды дамиды. Бұл заңдар объективті сипатта болады. Өзінің іс-қимылы мен тәжірибелік қызметінде адам даму заңдарының өмір сүріп тұрған жағдайлары мен шарттарын өзгертеді, бірақ заңдардың өзін қолдан жасап, не жоя алмайды. Қоғам заңдары үстірт жатқан жоқ, оларды тікелей бақылау арқылы қабылдау қиын. Олар абстракті ойлау арқылы белгілі болады.

Қоғам дегеніміз – адамдар арасындағы экономикалық қатынастар, яғни материалдық игіліктерді өндіру процесінде адамдар арасында қалыптасатын қатынастар. Қоғамдық қатынастар тарихи дамудың барысында өзгеріп, жаңарып отырады. Қоғамды материалистік тұрғыдан түсінудің басты өзгешелігі – ол алуан түрлі қоғамдық қатынастардың, байланыстардың ішінен ең бастысы – материалдық өндірістік қатынастарды бөліп алуы.

Өндірістік қатынастардың шығуы, қалыптасуы адамдардың ой-санасына байланысты емес, қайта олардан тәуелсіз болады.

Олар – қоғамның идеологиялық, рухани қатынастарын анықтаушы, белгілеуші, қоғам организмінің объективтік, материалдық, экономикалық құрылымының негізі.

Қоғамдық болмыс – адамдардың қоғамдағы нақтылы еңбегі, іс-қимылы, қызметі, жалпы өмірі, оларды айырбастау, бөлу, тұтыну, тәжірибе алмасу.

Ал қоғамдық сана – қоғамдық болмыстың бейнесі, суреті. Олар бір-бірімен тығыз байланысты. Өндіріс тәсілі – өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың жиынтығы.

Өндіргіш күштерді құрайтын – еңбек заттары мен еңбек құрал-жабдықтары. **Еңбек заттары** дегеніміз – адам әсер ететін, ол өзінің еңбегімен өндеп шығаратын материалдар. Еңбек құрал-жабдықтарына ең алдымен еңбек құралдары, немесе адамның еңбек заттарына әсер ететін өндірістік құралдары кіреді. Олар – балта, соқа, станок, т.б. Еңбек құралдары еңбек етудің негізгі құрал-жабдықтары болып табылады.

Өндіргіш күштер адамдардың табиғатқа қатынасын анықтай отырып, сонымен бірге адамның табиғатты би-

леп алатындығын да бейнелейді. Өндірістік қатынастар – материалдық игіліктерді өндіру процесінде қалыптасатын экономикалық қатынастар.

Олардың негізіне өндіріс құрал-жабдықтарын меншіктену формасы жатады.

2. Өндірістік қатынастар – өзінің жиынтығында қоғамның экономикалық құрылысын, немесе басқаша айтқанда, қоғамның базисын құрады. "Базис" грекше "негіз" деген сөз. Базис өндіргіш күштердің белгілі бір даму сатысына сәйкес келетін қоғамның экономикалық құрылымы, өндірістік қатынастардың жиынтығы.

Қондырма дегеніміз – қоғамдық психологиялық, саяси, құқықтық, этикалық, эстетикалық, философиялық, діни, т.б. көзқарастар мен идеялар және оларға сәйкес келетін мекемелер мен ұйымдардың жиынтығы.


Қондырманың базисті бейнелеу механизмінде экономикалық мүдделер шешуші рөл атқарады. Қоғамның экономикалық базисі қандай болса, оның қондырмасы да сондай болады. Қондырма базиске тәуелді болғанмен біршама дербес дамиды.

Қазіргі уақытта біздің тәуелсіз мемлекетіміздегі экономикалық қатынастар өзгерді, біз нарықтық экономикаға көштік (базис өзгерді). Қондырма да өзгере бастады: тоталитарлық жүйеден демократияға көштік, идеологиямыз, көзқарастарымыз да өзгере бастады.

Мысалы: Қазақстан халқына Жолдауында Елбасы біздің даму стратегиямыздың басты басымдықтарын атап кетті, оларды іске асыру Қазақстанға әлемнің бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына лайықты орын алуға мүмкіндік береді. Ең алдымен, бұл – Қазақстанның экономикалық дамуында сапалы "серпінді секіріске" негізделген елдің дәйекті экономикалық жаңғыруы. Мұндай "серпінді секіріс" Қазақстан экономикасының сыртқы дүниеге ашық жағдайларында ғана қамтамасыз етіле алады, ол тауарлар, қызмет көрсетулер, еңбек ресурстары, капитал, осы заманғы идеялар мен технологиялар жөніндегі әлемдік нарықтың табысы және серпінді бөлігі бола алады және болуға тиіс.

Одан әрі, бұл – ең жоғары халықаралық стандарттарға сай келетін осы заманғы білім беру мен әлеуметтік сая-

Қоғамды зерттейтін ғылымдар жүйесі



сат, ұлттық қауіпсіздік стратегиясы мен сыртқы саясат бағыты, демократиялық реформалар.

Өз бетінше жұмыстар:

Аралық бақылау тестер

1. Материяның философиялық анықтамасы:
 - А) Материя – энергия мен массасы бар барлық заттар.
 - В) Материя – сансыз көп атомдар.
 - С) Материя дегеніміз – санаға тәуелсіз өмір сүретін объективтік дүние.
2. Қозғалыс пен тыныштықтың арақатынасы:
 - А) Қозғалыстың бәрі салыстырмалы.
 - В) Тыныштық – қозғалыстың бір мезгілі.
 - С) Қозғалыс пен тыныштықтың байланысы жоқ.
3. Қандай ұғымға осы анықтама келеді: "Материялық процестердің бірінен соң бірінің кезектесіп келуін, заттар мен құбылыстардың өмір сүруінің ұзақтығын білдіреді":
 - А) Кеңістік.
 - В) Уақыт.
 - С) Қозғалыс.
4. Болмыстың анықтамасы:
 - А) Субъективтік пен объективтік реалдылықтың бірлігі.
 - В) Материяның өмір сүруінің тәсілі.
 - С) Дүние болды, бар және болады деген ұғым.
5. Адамның қай сезім мүшесі заттың қаттысын, жұмсағын, суықтығын, ыстығын білдіреді:
 - А) Дәм.
 - В) Тері арқылы түйсігі.
 - С) Иіс сезу.
6. Сананың анықтамасы:
 - А) Айнала қоршаған орта, бүкіл әлем, тұтас дүние туралы, ондағы адамның орны туралы көзқарастардың жиынтығы.
 - В) Ерекше ұйымдасқан материя – адам миының қасиеті, объективтік шындықтың бейнесі.
 - С) Қоғамның рухани өмірі.
7. Материалистердің "материя" мен "сана" туралы байланыстарына көзқарасы:
 - А) Материя алғашқы, сана екінші.
 - В) Сана алғашқы, материя – екінші.
 - С) Екі жауапта дұрыс.
8. Болмыс туралы философиялық ілім:
 - А) Гносеология.
 - В) Философия тарихы.
 - С) Онтология.

9. Болмысты объективтік идея деп талдаған:
- A) Субъективтік-идеалистік.
 - B) Объективтік-идеалистік.
 - C) Материалистік.
10. Адамның қай сезім мүшесі заттың түсін, жарықтықты көрсетеді:
- A) Көру.
 - B) Есту.
 - C) Иіс сезу.
11. Материя қозғалысының түрлерінің анықтамаларын реттеп қойыңдар:
- A) Механикалық.
 - B) Биологиялық.
 - C) Әлеуметтік.
 - A) Қоғамның дамуы.
 - B) Тірі организмдердің өмір сүруі.
 - C) Денелердің орын ауыстыруы.
12. Ұзындығы, ені, биіктігі бар – ол ненің қасиеті болады:
- A) Уақыттың.
 - B) Қозғалыстың.
 - C) Кеңістіктің.
13. Сананың жоғары элементі:
- A) Сезім.
 - B) Ақыл-ой.
 - C) Жігері.
14. Адам миында елеңдеу мен басылу, қызығу мен жирену процестері жүріп жатады:
- A) Жігер процестер.
 - B) Ойлау процестер.
 - C) Эмоциялар (сезімталдық процестер).
15. Жылу процестері мен электромагниттік процесі, ядро мен атомның ішінде болатын өзгерістер:
- A) Механикалық қозғалыс.
 - B) Физикалық қозғалыс.
 - C) Химиялық қозғалыс.
16. Диалектиканың қай заңы даму процестерінің ішкі қайнар көзін ашады:
- A) Сан мен сапа өзгерістер заңы.
 - B) Терістеуді терістеу заңы.
 - C) Қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күресі.
17. Заттардың жаратылысы мен ерекшелігін білдіретін маңызды белгілерінің жиынтығы:
- A) Сан.
 - B) Сапа.
 - C) Мөлшер.

18. Ертедегі грек философы айтқан: "Бәрі де өзгерісте, бәрі де өткінші":

- А) Сократ.
- В) Парменид.
- С) Гераклит.

19. Өмір шындығының, барлық құбылыстарына бірдей тән келетін қасиеттер мен белгілер:

- А) Ерекше.
- В) Жеке.
- С) Жалпы (ортақ).

20. Диалектиканың баламасы:

- А) Догматизм.
- В) Метафизика.
- С) Екі жауабы дұрыс.

21. Диалектика:

А) Даму жөніндегі, жалпыға бірдей байланыс жөніндегі ілім.

В) Болмыс туралы ілім.

С) Дүниетанымның дамуы жөніндегі ілім.

22. Заттар мен құбылыстардың сапа жағынан қайта өзгеруін, негізінен басқаға айналуын, біреулерінің құрып, екіншілерінің, жаңаларының тууын айтамыз:

А) Регресс.

В) Даму.

С) Өзгеріс.

23. Дамудың механизмін көрсететін заң:

А) Терістеуді теріске шығару.

В) Қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күресі.

С) Сан өзгерістерінің сапа өзгерістеріне айналуы.

24. Әлемнің дамуының қайнар көзі неде?

А) Сыртта.

В) Әлемнің ішінде.

С) Екі жауап дұрыс.

25. Құбылыстың ішкі, көзге көрінбейтін жағы:

А) Мән.

В) Құбылыс.

С) Кездейсоқтық.

26. Диалектиканың негізгі заңдары:

А) Жалпы.

В) Жеке салаларға тиісті.

С) Жалпыға бірдей.

27. Дамудың кертартпа бағыты:

А) Тоқырау.

В) Регресс.

С) Прогресс.

28. "Идеялардың диалектикасы әлемдегі диалектиканы туғызады" – ол кімнің пікірі :

А) Маркс.

В) Гегель.

С) Гераклит.

29. Диалектиканың қай заңы дамудың бағытын (тенденциясын) көрсетеді:

А) Терістеуді теріске шығару.

В) Қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күресі заңы.

С) Сан мен сапа өзгерістер заңы.

30. Материалистік диалектика ілімі бойынша дүниенің негізі (субстанция):

А) Материя.

В) Қозғалыс.

С) Өзгеріс.

Логикалық тапсырмалар

1. Диалектиканың заңдарын пайдаланып Шәкәрімнің өлеңін талдаңыз:

Жер жүзіне қарасам,
Неше түрлі халық бар.
Дін иманын санасам,
Мыңнан артық анық бар.

Бұл қалай деп ойласам,
Мұның да бар бір сыры.
Терең ойға бойласам,
Дәл мынадай түрі бар.

Жардың шашы сансыз көп,
Ол санауға келмей тұр.
Анық нұры осы деп,
Әркім бір тал ұстап жүр.

Біреу отқа жағынды,
Нұрдың түбі құдай деп.
Не суретке табынды,
Олай емес, былай деп.

Бірі: "Құдай бар" десе,
Бірі айтады: "Көп құдай".
Бірі: "Тәңірі күн десе",
Бірі дейді: "Жоқ құдай".

Хақиқаттың тарауы
Түгел жетпей қалмайды.
Әр түрлі боп қарауы,
Көбі анықтай алмайды.
Жердің жүзін дәл тауып,
Ешбір дін жоқ орныққан.
Бәрінен де бар қауіп,
Дін көбейді сондықтан.

Сол көп дінде шешу бар,
Ол шешудің арты бар.
Адасқанға кешу бар,
Кешудің де шарты бар.

Тәңірі жолы – ақ жүрек,
Сайтан – деген қиянат.
Ақ жүректі ертерек,
Ескер-дағы, қыл әдет.

III ТАРАУ

" АДАМНЫҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҢ РУХАНИ ӨМІРІ "

6 тақырып. "Таным теориясы"

1. Танымды философия қорытындысының объектісі ретінде тану.
2. Таным субъектісі мен объектісі.
3. Сезімді және рационалды танымның диалектикасы.
4. Ақиқаттың түрлері.
5. Практика (тәжірибе).

1. Ерте заманнан-ақ адам өзін қоршаған дүниенің заңдылықтарын және өзін-өзі, өзінің табиғатқа және басқа адамдарға қатынасын танып-білуге тырысты.

Табиғат пен қоғам дамуының диалектика зерттейтін жалпы заңдары сонымен қатар таным заңдары да болып табылады. Материалистік диалектиканың заңдары мен категорияларын білу философияның негізгі мәселесінің екінші жағын ашатын ең басты философиялық проблемалардың бірі: адам объективті өмір шындығын танып біле ала ма және осы таным процесі қалай өтеді? – деген мәселені түсінуге көмектеседі.

Дүниені танып білуге болатындығы туралы адамның ойлауының ақиқатқа жете алатындығы туралы мәселенің ғылым мен практика үшін үлкен маңызы бар. Егер дүние мен оның заңдары танылатын болса, біздің біліміміз шындықты дұрыс бейнелейтін болса, онда табиғат пен қоғамның танылған күштері адамға қызмет етуге жұмсалар еді. Алайда, осы айқын-ақ сияқты фактіні, яғни дүниені танып білуге болатындығын философтардың бәрі бірдей мойындай бермейді. Сонымен бірге адам-

ның дүниені танып-білу мүмкіндігін жоққа шығаратын бағытты – агностицизм деп атайды. Оның негізгі тарихи формалары: антика заманының *скептицизмі* және Канттың *агностицизмі*.

Бұрынғы және осы заманғы философияда дүниені танып білуге болатындығын агностиктер ашықтан-ашық теріске шығарды, ал қазір де солай теріске шығарумен келеді. Олар: біздің танып білуіміз өмір шындығының дұрыс суретін бере алмайды, оны сезім мүшелерінің көмегімен де, ақыл-ойдың көмегімен де танып білуге болмайды дейді.

Агностицизмнің бірнеше түрі бар. Кейбір агностиктер адам білімінің көзі – тәжірибе дейді, ал тәжірибе, олардың пікірінше, біздің түйсіктеріміздің, қабылдауларымыздың жиынтығынан басқа ештеңе де емес. Бұл тұрғыдан қарасақ, белгілі бір заттар жөніндегі біздің ойларымыздың дұрыстығын білу жолы өз ойымызды өзіміздің түйсіктерімізбен немесе қабылдауларымызбен салыстыру болып шығады. Сөйтіп, біз өзіміздің түйсіктеріміз бен қабылдауларымыздан басқа ешнәрсені біле алмайтын болып шығамыз. Бұл қате қорытынды, өйткені мұнда тәжірибенің өзі идеалистік рухта түсіндіріледі. Шындығына келгенде тәжірибеде адамға, аржағында енді түк те жоқ, түйсіктері мен қабылдаулары ғана беріліп қоймайды. Адамның түйсіктері мен қабылдауларында объективті өмір сүретін заттар, олардың қасиеттері дұрыс та нақты бейнеленеді. Агностиктердің ішінде заттардың адам санасынан тәуелсіз өмір сүретінін мойындай тұрып, оларды танып білуге болмайды дейтіндері де (Кант және оның жолын қуушылар) бар.

Таным процесінің заңдылықтарын зерттеуді *таным теориясы* деп атайды. Философияның негізгі мәселесін дұрыс немесе бұрыс шешуге байланысты екі түрлі таным теориясы (*материалистік және идеалистік*) қалыптасты.

Материалистік таным теориясы айналадағы материалдық шындықтың адам санасында бейнелену теориясы болып табылады.

Адамнан тыс таным процесінің болуы мүмкін емес. Сондықтан адам танымы белгілі бір қоғамда, қоғамның тәжірибелік қажеттілігіне сәйкес жүріп жатады.

Ендеше адамзат дамуында адам танымының қоғамдық, тарихи сипаты болады. Таным – адам санасын дамытудың негізі.

Таным дегеніміз – өмір шындығын жай селқос аңғарып қана қою емес, оны қызу түрде, мақсатқа сай бейнелеу болып табылады.

Диалектикалық материализм адамның танымының, оның ойлау қабілеттерінің қоғамдық дамуының жемісі, қоғамдық даму адамның айналадағы дүниені пәрменді түрде өзгертуінің нәтижесі деп біледі.

Танымның субъектісі – адам, қоғам. **Танымның объектісі** – қоршаған орта. Адам қызметінің, іс-әрекетінің екі негізгі жағы, негізгі айқындықтары, соны көрсететін философиялық категориялар. Антика философиясында, мысалы, Аристотельдің еңбектерінде субъект қасиеттердің, қозғалыстардың, белгілердің ненің қасиеттері, қозғалыстары, белгілері екенін көрсететін ұғым деген мағынада қолданған. Яғни субъект – солардың бәрінің негізі немесе иесі. Қасиет ненің немесе кімнің қасиеті болса, сол субъект. Бұл тұрғыдан субъект субстанция ұғымына жақын болды. XVII ғасырда субъект мен объект терминдері таным теориясында ғана қолданылды. Қазіргі кезеңде ғана субъект пен объект адамның дүниені өзгерту, игеру және тану қызметімен байланысты қолданыла бастады, яғни, субъект өз болмысының, іс-әрекетінің, соның ішінде рухани жаратымпаздық және таным қызметінің бірден-бір иесі, жасаушысы деп түсінетін көзқарас пайда болды. **Субъект**, ол – әрбір жеке адам, ал адамдар қоғамдасқан түрінде, олар бәрі бірге – өздерінің тарихи-әлеуметтік дүниесінің, соны жасаудағы тарихының бірден-бір авторы. Яғни әлеуметтік-тарихи дүниеде, адамдар қоғамында ешбір басқа нәрсе олардың пайда болуының, дамуының себепшісі бола алмайды. Субъект осы дүниеде ең ақырғы себеп, әрі ақырғы нәтиже. **Объект** – субъектіге қарама-қарсы, бірақ одан ажырамас байланыстағы іс-әре-

кеттің екінші жағы, кезеңі. Адам жасампаздық қызметінде нені өзгертетін болса, сол объект. Объектіні көбіне адамнан, оның әрекетінен тыс болған, тек сыртқы дүниеден қызметтің шеңберіне тартылған бөлігі деп түсіндіріп келді, мысалы, табиғаттың адам өзгертетін заттары.

Таным процесі қалайша жүзеге асырылады? Бұл сұраққа жауапты В.И. Ленин берді: "Нақты аңғарудан абстракты ойлауға және онан практикаға көшу – ақиқатты танып білудің, объективтік реалдылықты танып білудің, диалектикалық жолы осындай".

Таным процесі сезімдік танымнан және рационалдық танымнан құралады. Танымның бастапқы пункті және негізі – *практика (тәжірибе)*.

2. Он тоғызыншы Қара сөзінде Абай таным процесі туралы жазған:

"Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады".

Таным процесінің бірінші сатысы – сезімдік таным.

Сезімдік таным дегеніміз – сезім мүшелері: көру, есту, сезіну және басқалар арқылы жүзеге асырылатын танып-білу. Сезім мүшелері дегеніміз – ол біздің айналамыздағы дүние жайындағы мәліметтер санамызға келіп-кіретін бірден-бір қақпалар болып табылады.

Сезімдік таным негізгі үш формада: түйсіктер, қабылдаулар және елестету арқылы жүзеге асырылады. Бұл формалардың бір-бірінен айырмашылығы неде және олардың өзара байланысы қандай?

Адамның дүниені бейнелеуінің алғашқы формасы түйсік.

Түйсік – материалдық объектілердің, заттардың сезім мүшелеріне тікелей әсер етуі нәтижесінде пайда болады.

Түйсіктер дегеніміз – сезім мүшелеріне тікелей ықпал жасайтын материалдық заттар мен құбылыстардың жеке сапаларын, қасиеттерін, жақтарын мида бейнелеу болып табылады. Түйсіктер негізгі екі топқа:

1) сыртқы дүниедегі заттар мен құбылыстардың қасиеттерін бейнелейтін түйсіктерге (көру, есту, иіс, дәм, тері арқылы сезу түйсіктеріне) және

2) денеміздің бөлшектері қозғалысын және ішкі органдарымыздың жайын бейнелейтін түйсіктерге (тепе-теңдікті бұлшық ет, организм арқылы түсіну) бөлінеді. Бұл топтардың арасында әрқашан да тығыз байланыс бар, өйткені, адам сыртқы дүниені енжар түсінбейді, қайта сыртқы заттардың қасиеттеріне сәйкес сыртқы дүниеге белсенді ықпал жасап, көңіл бөле отырып түйсінеді. Сезім мүшелеріне заттардың алуан түрлі қасиеттері әсер ете алады. Біз заттың қаттылығын түйсіне аламыз, дыбыстарды, түстерді аңғарып, қабылдай аламыз, т.т. Әр түрлі заттар мен құбылыстар сезім мүшелеріне әр түрлі әсер етеді. Бір жағдайда сезім мүшелері заттармен тікелей ұштасады. Мысалы, тәтті немесе ащы нәрсені, серпімді не тегіс затты, т.с. сезу осылайша пайда болады. Ал екінші жағдайда біз затты алыстан аңғарып қабылдаймыз. Мысалы, көздің қарашығына бір заттың сәулесі түсуінің не оның шағылысуының нәтижесінде жасалған сол заттың бейнесі осылайша пайда болады. Бірақ зат біздің сезім мүшелерімізге қандай жолмен әсер ететін болса да, түйсік сол сезім мүшелеріне сыртқы тітіркендіргіштің (электромагнит пен дыбыс тербелістері, механикалық қысым, т.б.) әсер етуі нәтижесі ретінде пайда болады.

Мысалы, көру түйсігінің шығатын көзі, жарық, яғни белгілі бір толқын ұзындығы бар электромагнитті тербеліс сияқты, сыртқы тітіркендіргіш болады. Адамның көзі толқынының ұзындығы миллиметрдің миллионнан 605-720 бөлігі шегіндегі электромагниттік тербелісті қызыл түс есебінде қабылдайды. Ал толқын ұзындығы онан қысқалау тербелістер қызғылт сары, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін түстер ретінде, ал толқын ұзындығы онан үлкен тербелістер – қаракөкшыл түс ретінде қабылданады.

Дәм түйсіктерін туғызатын сыртқы тітіркендіргіштер дегеніміз дәм сезетін арнаулы мүшелерге әсер ететін әр түрлі химиялық заттар болып табылады. Түйсіктер біздің

барлық білімдеріміздің шығатын қайнар көзі. Түйсіктер объективтік өмір шындығының субъективтік бейнесі, зат қасиеттерінің сезімдік бейнесі болғандықтан, олар біздің білімдеріміздің көзі болып табылады. Түйсіктер формасы жағынан субъективті, өйткені олардың пайда болуы субъектінің сезім мүшелерінің қызметімен байланысты. Сонымен қатар олар өзінің мазмұны жағынан объективті, өйткені оларда заттардың объективтік қасиеттері бейнеленеді. Мысалы, заттардың тәттілігін, түртүсін, формасын, т.б. осыған ұқсас қасиеттері мен сапаларын әрбір адам жеке, субъективті түрде аңғарып қабылдайды. Бірақ бұл субъективтік бейне заттардың объективтік жаратылысына сәйкес келеді.

Қабылдау жеке түйсіктердің жай ғана қосындысы емес, заттың тұтас бейнесі. **Қабылдау** дегеніміз – сезім мүшелеріне тікелей әсер ететін сыртқы материалдық заттың тұтас бейнесі. Сезімдік қабылдау әрқашан да нақты образдар болып келеді. Қабылдаулар жалпы алғанда жеке заттарды бейнелейді, мұнда олар тек сыртқы көріністері жағынан ғана көрінеді. Адамның сезімдік танымы қабылдау қабілеті болып қалыптасқан. Біз бірбірінен оқшау тұратын түйсіктердің (түстің, форманың, иістің, т.б.) жиынтығын емес, кәдімгі нақтылы, белгілі бір затты (үстелді, орындықты, лимонды, т.б.) қабылдаймыз. Сондықтан қабылдау түйсіктердің негізінде ғана емес, сонымен қатар осы түйсіктермен бір мезгілде пайда болады. Олар көбінесе жеке заттарды сыртқы жағынан бейнелейді. Сөйтсе де, белгілі бір жағдайларда мұндай бейнелеудің онша дәл болмауы мүмкін. Мысалы, суы бар стакандағы қасық сынған сияқты болып көрінеді. Күн біршама кішкентай сияқты болып көрінеді, т.т. Бірақ бұл жағдай танып білуге бөгет боларлықтай кедергі емес. Адамның танымы түйсіктер мен қабылдаулардан басқа неғұрлым жетілген формалар түрінде де өтеді. Түйсіктер мен қабылдаулар арқылы алынған білім ойлау тұрғысынан анықталып, өңделеді, ал ойлаудың қорытындылары тәжірибемен тексеріледі.

Сезімдік таным тек заттар мен құбылыстарды тікелей қабылдаумен ғана танып қоймайды. Сыртқы заттар-

дың сезім мүшелеріне алуан түрлі әрекет етуі нәтижесінде адамның миында белгілі бір іздер сақталып қалады.

Онан әрі бұлар еріксіз немесе әдейі жандануы және адамның бұрын қабылдаған заттарының нақты образдарының тууына физиологиялық негіз болуы мүмкін. Бұл образдар елестету деп аталады.

Елестету дегеніміз – ол қазіргі сәтте сезім мүшелеріне тікелей әсер етпейтін, бірақ бұрын олар белгілі бір формада қабылданған заттың сезімдік образы. Елестету де қабылдаулар сияқты нақты, көрнекті образдар. Бірақ олардың қабылдаулардан үш түрлі айырмашылығы бар.

1) Елес қазіргі сәтте заттардың тікелей әсері тимей тұрған кезде санада қайтадан туатын образдар болғандықтан, қабылдауларға қарағанда неғұрлым бұлдырлау келеді де, тиянақсыздау болады.

2) Елестерде көбінесе бұрын әртүрлі жағдайда сан рет қабылданған заттардың образдары, немесе тіпті көптеген ұқсас заттардың образдары да, қайтадан туатындықтан, олардың қабылдаулармен салыстырғанда неғұрлым жалпыланған сипаты болады.

3) Елестету заттың тікелей тигізетін әсері жоқ кезде, бұрынғы қабылдаулардың мида сақталып қалған іздері негізінде туатындықтан, ал бұлардың арасында толып жатқан уақытша жүйке байланыстары орнайтындықтан, осылардың негізінде қабылдау образдарының түрін өзгертуге, оларды қайта құруға, тіпті жаңадан көрнекті образдар жасауға мүмкіндік туады. Мұндай процесс адамға тән елестету қабілетінің көрінісі болып табылады. Адамдардың ұстанатын, ұмтылатын негізгі мәнділіктері мен оларды қоршаған табиғат әлемінің қалай сіңісіп, астасып жататынына байырғы қауымдық адамдардың дүниеге көзқарастары мысал бола алады. Ертедегі түрік тайпаларында мысалы "Төңірге" (аспанға) табыну, аспандағы ең алдымен күнге табыну болғаны белгілі. Оның көп журналнақтары кейін ислам қағидаларымен араласып, осы күнге дейін біршама сақталып келеді. Яғни күнмен, т.б. аспан денелерімен жарасымды қатынас, соған ұмтылыс ең мәнді нәрселер осы. Күнделікті тіршілік, іс-әрекеттерді

ұйымдастыру, салынатын үй құрылысы, т.т. осы мәнділіктерге бағышталып, солармен үйлесімділікке құрылады. Әрине оны өздерінің түсінуіне қарай. Сол үйлесімділіктің қабылдаған нормалары мен ережелері дәстүрге айналып, көп замандар бойы айнымас заңға айналып та кетеді.

Адам сезімдік танымның сатысында тоқтап қалмайды.

Ойлау қызметінің арқасында сыртқы, жеке, тікелей қабылданатын құбылыстарды сезім арқылы танып-білуден ішкі, жалпы, тікелей қабылданылмайтын заңдылықтарды логикалық жолмен танып-білуге болады.

Ұғым, пікір, ой тұжырымы логикалық (рационалды) танымның негізгі формалары болып табылады. Олар арқылы зерттеліп отырған заттың мәнін ашамыз. Ойлаудың бұл формалары адам психикасының (жан әлемінің) заттар мен құбылыстардың өзіндік бар немесе болуға тиісті болмысы мен мазмұнын білдіретін саласы, әрине, ол құбылыстар тек сыртқы нәрселер ғана емес, адамның өз жан дүниесінің көріністері де. Олар олай болса құбылыстардың қандай, қалай, не (кім) екендігін, болуға тиістілігін анықтауға бағышталған. Ойлаудың негізгі формалары – *пікір, ұғым және түйіндеу (ой тұжырымы)*.

Ұғым дегеніміз – заттар мен құбылыстарды олардың жалпы және маңызды белгілері түрінде бейнелеу болып табылады. Ұғым шындықтың рационалдық бейнесі, шоғырланған білімнің формасы. Ұғымдар бір-бірінен өздеріндегі белгілі бір заттар мен құбылыстардың жалпылану дәрежесіне қарай айырылады. Ой қозғалысының мәнісі мынада: біз қандай да болсын бір заттарды зерттей отырып, белгілі бір қасиеттер мен қатынастардың оларға тән не тән емес екенін анықтаймыз, сонда мұның өзі осы заттар туралы бір нәрсені қуаттауымызға немесе теріске шығармауымызға негіз болады.

Ұғым дегеніміз – қабылдаулар мен түсініктердің негізінде пайда болады; бірақ бұларға қарағанда ұғымның көрнекілігі болмайды. Ұғымның мазмұнын көрнекі бейне түрінде елестетуге болмайды. Мәселен, белгілі бір өсімдікті көз алдына елестетуге болады, бірақ жалпы өсімдік

дегенді елестетуге болмайды. Ұғым тілде жеке сөзбен немесе бірнеше сөзбен (металл, өсімдік, қоғамдық қатынастар, т.т.) беріледі. Қандай ғылымның болсын толып жатқан ұғымдары болады.

Ұғым сияқты, пікір де заттар мен құбылыстар арасындағы, олардың әр түрлі жақтары мен қасиеттері арасындағы байланыстар мен қатынастардың бейнесі.

Пікір – ол қандай да болсын бір зат жайында мақұлданылатын немесе теріске шығарылатын ой. Пікір – ойлаудың ең қарапайым формасы. Ойлаудың формаларын ең алғаш ыждағаттықпен зерттеген Аристотель (б.д.д. 384-322) еді. Оның түсінуінше белгілі бір ойды айтудың барлығы бірдей пікірге жата бермейді. Пікір – ол айтылған ойдың ақиқат не жалған екендігі туралы болуы тиіс. Ол бір нәрсені растау не терістеу түрінде болады. Болмыста байланысты нәрселер ойда да байланысатын болса, ол пікір – ақиқат, ал өмірде байланысқан нәрсе ойда байланыспаса, ол – жалған. Пікір логикалық құрылымы жағынан негізінде үш элементтен: S – субъект, P – предикат және байлауыштан (связка) тұрады. S – ойдың не туралы екендігін, предикат субъектінің қалай, қандай екендігін немесе еместігін және сол туралы сауал түрінде көрсетеді. Байлауыш екеуінің қатынасын көрсетуі тиіс. Яғни пікірдің жалпы формуласы: S-P. Субъект дегеніміз – предикат. Мысалы, "Адам – ойлай алатын жануар".

Пікір мен ұғымның пайда болуында және дамуында ой *түйіндеудің (ой тұжырымы)* де орны айрықша зор. Онда адам ойларының жасампаздық сипаты әсіресе айқын көзге түседі.

Қалыптасқан білімдеріміздің көпшілігі белгілі нәрседен белгісіз нәрсеге қарай өрбу жолымен, яғни ой тұжырымы арқылы пайда болған. Ой тұжырымын зерттеу, немесе бір пікірлерден екінші бір пікірлердің шығуының, туындауының ережелері мен нормаларын қарастыру формалдық логиканың үлесі. Себебі формалдық логика ойлаудың формаларын, олардың нақты мазмұндарын оқшау, дербес алып зерттейді. Философия үшін қажет нәрсе ойдың ақиқаттығы, ал формалдық логика үшін бір ойдан екінші ойдың дұрыс шығуы.

Ой тұжырымы дегеніміз – ол кейбір пікірлерден жаңа пікір тудырылатын ойлаудың жоғары формасы. Бұрынғы қалыптасқан білімнен жаңа білімнің, бұрынғы белгілі ойдан жаңа ойдың шығуы іске асатын ойлаудың формасын айтады.

Ой тұжырымы – пікірлердің дәнекерлену және шығу процесі, солардың жүйесі. Бұл жүйе үш түрлі білімдерден немесе ойлардан құралады: бастама ой (посылка), яғни түйіннің (заключение) шығатын көзі, шығатын (туатын) ой (выводное знание) және негіздеуіш ой (обосновывающее знание), яғни бастама ойдан шығатын ойға өтудің мүмкіндігін көрсететін ой не білім. Ой түйіндеу барлық уақытта жалпылық арқылы немесе жалпылықтың негізінде іске асады. Мысалы, ғылымда организмнің жеке органдарының өзара заңды сәйкестік байланысы белгілі.

Белгісіз жануардың жер қыртысында сақталған жақ сүйегін тапқан ғалым осы білімнің негізінде жақ сүйегінің ерекшелігіне, тістердің құрылысына қарап, одан оның жемінің саны мен сапасы және қарны мен ішектерінің құрылымы хақында ойлар түйіндей алады. Ақырсында ол белгілі бір ықтималдықпен ол жануардың бүкіл дене құрылысы, тіршілік ету жолы жөнінде ой түйіндеуге мүмкіндігі бар. Ой түйіндеудің қарапайым формасы оның сан алуан пікірлердің түйіскен түрлерінің құрылысынан хабар береді. Мысалы, "Гүлдердің бәрі де – өсімдіктер, роза – гүл, ендеше роза да өсімдік" десек. Мұндағы бастама да, негіздеуіш те, тұжырым да айқын қысқа пікірлер. Ал, күрделі бір жаңа тұжырымды дәлелдеу үшін оның осы үш бөлігінің әрқайсысы көптеген пікірден, аксиомалардан, т.т. ережелерден құралуы тиіс. Ой түйіндеуде жаңа ой міндетті түрде синтездің нәтижесі. Онда бұрын бір-бірінен оқшау нәрселер біріктіріледі, тұжырым (заключение) сол біріккен синтез.

Танымның сезімдік және рационалдық сатыларын қарастыра келіп, олардың бір-бірімен тығыз байланысты екенін тағы да атап өткен жөн. Ғылыми таным заттың немесе құбылыстың бетінде жатқан жақтарын, байланыстарын тікелей қабылдаудан басталады. Мұнан өрі осы

жақтарын және байланыстарын теңестіру, салыстыру үшін, жалпыны табу үшін материал беретін тәжірибелер, эксперименттер жасалады. Мұнан кейін абстракциялау, яғни заттар мен құбылыстардың бір қасиеттері мен қатынастарынан бөлектеп дерексіздендіру және қорыту, яғни олардың екінші бір, басты, анықтаушы қасиеттері мен қатынастарын айыра көрсету келеді.

Г4. **Ақиқат** – танымның негізгі мақсаты. Философия ақиқат деп адамның объективтік өмір шындығын дұрыс, дәл бейнелеуін, оны санаға өмірде қандай болса, сондай күйінде түсіруін айтады.

Ақиқат дегеніміз – объективтік дүниедегі заттар қандай болса, ол заттарды сондай деп білу. Егер білім іс жүзінде, өмір шындығында бар нәрсеге сәйкес келмейтін болса, онда бұл ақиқат емес, ол адасқандық, ол жалған.

Шын мәнінде, ақиқат дегеніміз – субъекті мен объекті арасындағы өзара байланыс негізінде жүріп жатқан әлеуметтік тарихи процесс. Ақиқат біреу, ол объективтік.

Объективтік ақиқат деп қоғамдық адам түсінігіндегі, біліміндегі субъектіге, адамға, адамзатқа тәуелсіз мазмұнды айтады. Ақиқат өзінің мазмұны жағынан объективті, ал формасы жағынан субъективті. Танымның даму барысында белгілі бір объекті жөніндегі біздің біліміміз тереңдей түседі, сөйтіп, оның субъективтік жағы азайып отырады. Білім объектіге дәлірек сәйкес келеді. Егер объективтік ақиқат бар болса, онда оны білдіріп отыратын адамның түсінігі сол ақиқатты бірден, толығымен, тұтасынан абсолютті түрде білдіре алмай, тек шамамен салыстырмалы (относительді) түрде ғана білдіреді. Бұл жерде салыстырмалы ақиқат пен абсолюттік ақиқаттың арақатынасын көреміз.

Зерттеліп отырған объекті жөніндегі толық емес білімді салыстырмалы ақиқат, ал толық және дәл білімді абсолюттік ақиқат деп атайды. Тарихымызда ақиқат үшін талай адамдар өмірлерін де қиған, мысалы: Сократ, Джордано Бруно, Қайрат Рысқұлбеков, т.т.. Күнделікті өмірде де талай адамдар шындықты қолдайды.

"Атақты адамдар өмірінен" деген кітапта Авиценна – Ибн Сина туралы бір әңгіме бар. Оның толық аты – Ибн Сина Әбу Әли Хуссейн ибн Абдолла. "Кішкентай Әбу Әли Хуссейннің тілі ең бірінші рет "неге?" деген сөзге келіпті. Бір күні үйлерінде жүрген қызметші әйел Хуссейнге алтын сақинаны көрсетем деп жарма салынған қапқа түсіріп алады. Сол кезде сырттан шақырған дауыс естіледі де әйел жүгіріп кетеді. Сөйтіп, сақина ұмыт қалады. Қаптағы жарманың ауызын тігіп, қоймаға апарып қояды. Хуссейн соның бәрін көріп тұрады. Келесі күні Хуссейннің анасы алтын сақинасын іздеп әлек болады. "Тек сен алдың, сенен басқа ешкім алған жоқ" деп қызметші әйелді жан алқымға алады. "Алғаным жоқ" деп жылағанына сенбей, үйінен қуып жібереді. Бұл жағдайға шыдай алмай кішкентай Хуссейн екі қолын кезек-кезек сермеп, қатты айқайлап жібереді. Балалығы деп бұған ешкім мән бермейді. Әйел кеткесін бала екі күн жылайды. Әбден шаршаған соң былдырлап сөйлей бастайды, ымдап сөзін үлкендерге түсіндіргісі келеді, бірақ алғаш ешкім түсіне алмайды. Қинала, қинала сөйлеп кетеді. Бірінші сөйлемі жазықсыз әйел мен алтын сақина туралы болыпты. Әлгі жерде үлкендер таң-тамаша қалып, қызметші әйелді іздеп тауып, кешірім сұрайды".

П.Жаманкулованың "Даналар туралы әңгімелер" құралында Аристотель туралы әңгімеде ақиқат туралы былай айтылған: "Біздің заманымыздан бұрын IV ғасырдың басында грек философы Платон мектеп ашып, оны Академия деп атайды, өйткені ол шәкірттерімен әңгімені саялы бақ ішінде орнатылған, аты аңызға айналған Академ батырдың мүсіні жанында өткізеді екен. Шәкірттері арасында біреуі ұстазынан біліп түйгендерінің бәрін ой елегінен өткізіп, анығына жетпейінше ешнәрсеге иланбапты. Сондықтан ол "Ақиқат – досым Платоннан да қымбат" дейді екен. Бұл – Аристотель еді. Адамдар ол кезде айналадағы дүние жайында тым аз білетін-ді. Аристотель болса неғұрлым көп білуге талаптанып, сол кездегі ғылым жетістіктерінің бәрін қорытып, әлем мен табиғат туралы түсініктерді бір ғылым етіп құрастырмақшы болады".

Өмірде ақиқат біреу болса, *қателесу* көп. Ақиқаттың жолында адамзат талай қателескен. Ғылымның дамуымен *қателесу* де азаяды. Мысалы, бұрынғы заманда ең ғұлама адамдар да жердің беті теп-тегіс, қозғалмастан тұрады деп ұғыныпты. Ақиқат теориясында өтірік туралы да ұғым бар. **Өтірік** – ол адамның өзімен байланысты, оны адам ойланып, бір мақсатымен айтады.

5. Адамдардың дүниеге қатынасының тікелей көріну формасы – олардың іс-әрекеті, грекше халықаралық тіліне енген термин – *практика*. Практика, іс-әрекеттер – адамдардың дүниені игеріп, сол арқылы өзін, өз болмысын өзгерту, жарату, жасау қызметі. Олар адамдардың қимылдық істеріне, әрекеттерінде болатын өзгерістер.

Практика дегеніміз – ол адам баласының табиғат пен қоғамды қайта жасайтын мақсатқа лайық материалдық қоғамдық қызметі.

Оған: материалдық өндіріс процесі; әлеуметтік, саяси қозғалыстар; революциялық-өзгертуші әрекеті; ғылыми байқаулар мен эксперименттер кіреді.

Адамдар тек табиғат күштері мен заттарын ғана өзгертіп отырмайды, олар өздерінің бір-біріне қатынастарын да өзгертіп, қайта жасайды. Бұл турасында бірақ белгілі айырмашылық бар. Егер табиғат заңдылықтарын олар тек игеріп жаңартып отыратын болса, яғни, адамдар мұқтаждығына бейімдеп отыратын болса, ал өздерінің қоғамдық қатынастарын олар жаңадан жасайды.

Қоғамдық қатынастарды туғызу адамдардың өздерін өздері жасау деген сөз. К. Маркстің айтуы бойынша қоғамдық өмір – практикалық өмір. Өйткені, адамдардың қайбір тіршілік саласын алсаңыз да ол тек қимыл-әрекеттерден тұрады. Белгілі бір шеңберде адамдар бүкіл қоғамдық өмірді қайта жасап шығады. Ал адамдардың практикалық іс-әрекеті сыртқы табиғи ортаны да өзгертуге бағытталғаны белгілі.

Оны өзгерту қатынасы дегеніміз не? Ол ең алдымен өзінен бұрынғы табиғи ортақ негізінде, сол ортадағы процестердің ішкі мәнін ашып, олардың өз мұқтаждығына орай жаңа ортаны құру, яғни, әлеуметтік орта ол ешбір

жануарларда болмайтын қоғамдық практиканың ғана нәтижесі және сол практиканың өзі.

Табиғи күштер өзгертіліп, табиғи заттар өңделіп адамдар қызметінің құрамды бөлігіне, адамға қызмет ететін құралдарға айналып отырады. Жануарлардың тіршілік әрекеттерінің нәтижесі өзінің органикалық тәні. Өз тәнін сақтау жануарлар белсенділігінің бірден-бір кепілі. Оған сәйкес жануарлардың психикалық қызметін адамдардың ойлауымен салыстырсақ, ол негізінде организмнің қалпын білдіреді, сыртқы дүниенің өзіндік объективтілік мәнін бейнелемейді. Жануарлар психикасы да олардың организмнің өз қалпын көрсететін процесс.

Адамдар табиғаттағы заттарды сол қалпында тұтына алмағандықтан оларды өзгертуі, өңдеуі тиіс. Ал өзгерту, ол – заттардың адамға тәуелсіз өзіндік болмысы, өзіндік заңы бар екендігін айтады. Табиғат күштерінің объективтік сыры, өзіндік мәні тек өзгерту қатынасында ғана айқын болатын нәрсе. Адамдар, әрине, табиғи күштерді олардың өзіндік заңы бойынша ғана өзгерте алады.

Дүниенің объективтік мәнін, заңдылықтарын, қасиеттерін бейнелеп, идеялық түрде өзгертіп, дамыта алатын адамның ойлауы осындай практикамен тығыз байланысты. Адамның ойына басқа, өзінен тыс, тіпті оған әлі қатыссыз сан алуан дүниенің сиып кететіні де осыдан.

Адамдар практикасы сондықтан басқа дүниенің айнымалы, кездейсоқ және өткінші кезеңдері емес, тұрақты мазмұнын бойына сіңіреді.

Практикалық істерінде адамдар өзінің организмнің ғана өлшемін емес, әрбір игерілетін табиғи күш пен затқа солардың өзіне ғана тән өлшемді (заңдылықтарды) қолданады. Әрбір жаңа затқа, табиғаты басқа затқа соған сәйкес өлшемін, өзіне ғана тән объективтік мәнін ашу адамның практикалық іс-әрекеттеріне универсалдық сипат береді. Әрбір биологиялық түрге тән өлшем біреу-ақ, ал адамға тән өлшемдер шексіз. Өйткені, әрбір жаңа табиғи күшті игерген сайын адамдардың соған сәйкес жаңа бір қызметі, жаңа бір өлшемі, жаңа бір мазмұны пайда болып отырады.

Практика – танымның бастапқы пункті және оның басты, маңызды негізі болып табылады. Практика танымның қозғаушы күші болып табылады, сонымен бірге біздің білімдеріміздің ақиқаттығының өлшеуіші де болып табылады. Практиканың барысында біздің ұғымдарымыз бен теорияларымыз тексеріледі, олардың ақиқаттығы немесе жалғандығы анықталады, дұрыс емес теориялар шығарып тасталады.

Практиканың өлшеуіші әрі **абсолютті**, әрі **салыстырмалы**. Оны абсолютті дейтініміз – өз білімдерінің объективтік ақиқаттығын тек практика процесінде ғана растайды немесе теріске шығара алады. Біздің білімдеріміздің дұрыстығы жайлы мәселе теорияның ғана мәселесі емес, сонымен қатар практиканың да мәселесі.

Сонымен қатар практика өлшеуіші салыстымалы да, себебі әрбір белгілі дәуірдегі қоғамдық-тарихи практиканың дәрежесі тежеулі болады, ал мұның өзі таным процестеріне әсерін тигізбей қоймайды. Теория мен практика – таным процесінің ажыратуға болмайтын екі жағы, олар бірін-бірі толықтырып отырады.

Адам қалай қоршаған ортаны танып біледі? Ол **күнделікті өмірді, өнер** арқылы және **ғылым арқылы** таниды. **Ғылым** ерекше әлеуметтік институт және танымдық қызметтің ерекше формасы ретінде XV-XVI ғ.ғ. пайда болды, яғни ол Қайта өрлеу дәуірі мен Жаңа заманның мұқтаждығынан туған әлеуметтік құбылыс. Ендеше, ғылым, жаратылыстану ғылымы, ең алдымен капиталистік өндіріс тәсілінің нәтижесі. Оның қалыптасуына үлкен үлес қосқан атақты ғалымдар Коперник, Галилей, Кеплер, т.б. болды. Ғылыми таным мен ғылымның пайда болуына әлеуметтік және логикалық факторлар әсер етті. Әлеуметтікке – практикалық қызметтің, қоғамдық қатынастардың, қоғамдық еңбектің бөлінуінің өндіріс, техника талаптары, ал логикалыққа – ғылыми таным дамуының ішкі логикасының мұқтаждығы жатады. Ғылым дегеніміз – ылғи дамуға байланысты қоғамдық-тарихи практика дамуының белгілі бір сатысында пайда болатын айрықша әлеуметтік институт, адамның та-

нымдық қызметінің ерекше формасы, адамзат мәдениетінің бір саласы. Табиғат пен қоғамның объективтік, адам санасынан тәуелсіз заңдарын ашу ғылымның негізгі қызметі. Ғылыми танымның методологиясы – адамның танымдық және практикалық қызметінің әдістері мен тәсілдері туралы ілім. Әдіс деп танымдық немесе практикалық мәселелерді шешудің тәсілін атаймыз. Ғылыми танымның эмпириялық және теориялық деңгейлеріне сәйкес өзіндік әдістері де бар. **Эмпириалық деңгейге бақылау, эксперимент, өлшеу, индукция, аналогия, классификация тән. Ал теориялық деңгейге дедукция, модельдеу, аксиоматика, формальдау тән.**

Өзіндік бақылау жұмыстары:

1. Ұлы Абайдың айтқан сөздерін қалай түсінесіз? Таным процесінің формаларын атаңыз.

19 сөз

Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жармайды. Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерін ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, соны адам десе болады. Мұндай сөзді есіткенде жайқақтап, шалғырттанып не салбырап, салғырттанып естісе, не есіткен жерін қайта қайырып сұрап ұғайын деп тұшынбаса, не сол жерде сөздің расына көзі жетсе де, шыға беріп қайта қалпына кетсе, естіп-есітпей не керек? Осындай сөз танымайтұғын елге сөз айтқанша, өзіңді танитұғын шошқаны баққан жақсы деп бір хакім айтқан екен, сол секілді сөз болады.

7 сөз

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреулері – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ ұй бола

алмайды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен деп келеді. Не көрсе, соған талпынып, жалтыр-жұлтыр болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу жыласа да тұра жүгіріп, "ол немене?", "бұл немене?" деп, "ол неге үйтеді?", "бұл неге бүйтеді?" деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді.

"Таным теориясы" тақырыбы бойынша аралық бақылау тестері

I вариант

1. Өмір шындығын жай аңғарып қана қою емес, оны мақсатқа сай бейнелеу:

- А) Сана.
- В) Білім.
- С) Таным.
- Д) Тәжірибе.

2. Ертедегі грек философы айтқан: "Мен ештеңе білмеймін":

- А) Плутарх.
- В) Платон.
- С) Демокрит.
- Д) Сократ.

3. Танымның субъектісі:

- А) Бүкіл әлем.
- В) Қоғам.
- С) Құбылыс.
- Д) Процесс.

4. Материалдық объектілердің, заттардың сезім мүшелеріне тікелей әсер етуі:

- А) Түйсік.
- В) Қабылдау.
- С) Елестету.
- Д) Ұғым.

5. "Адамның бұрын қабылдаған заттарының нақты образдары":

- А) Қабылдау.
- В) Елестету.
- С) Түйсік.
- Д) Пікір.

6. Заттар мен құбылыстарды олардың жалпы және маңызды белгілері түрінде бейнелеу:

- А) Пікір.
- В) Ой тұжырымы.
- С) Ұғым.
- Д) Қабылдау.

7. Адамның дүниені танып білу мүмкіндігін жоққа шығаратын бағыт:

- А) Агностицизм.
- В) Дуализм.
- С) Идеализм.
- Д) Гносеология.

8. Рационалдық (логикалық) танымның формалары:

- А) Қабылдау, түйсіктер.
- В) Ұғым, пікір, ой тұжырымы.
- С) Гипотеза, теория.
- Д) Елестету.

9. Ой тұжырымының түрі "жеке пікірлерден жалпыға келу":

- А) Гипотеза.
- В) Индукция.
- С) Дедукция.
- Д) Ой тұжырымы.

10. Объективтік дүниедегі заттар қандай болса, ол заттарды сондай деп білу:

- А) Таным.
- В) Гносеология.
- С) Ақиқат.
- Д) Білім.

11. Зерттеліп отырған объекті жөніндегі толық емес білім:

- А) Салыстырмалы ақиқат.
- В) Абсолюттік ақиқат.
- С) Объективті ақиқат.
- Д) Ақиқат.

12. Танымның негізі:

А) Философиялық таным.

В) Ғылыми таным.

С) Күнделікті таным.

Д) Өнер арқылы таным.

13. Адам баласының табиғатпен қоғамды қайта жасайтын мақсатқа лайық материалдық қоғамдық қызметі:

А) Таным.

В) Практика (тәжірибе).

С) Ғылым.

Д) Байқау.

14. Танымның бастапқы пункті және оның басты, маңызды негізі болып табылатын:

А) Тәжірибе.

В) Материалдық өндіріс.

С) Ғылым.

Д) Шабыт.

15. Заттың тұтас образы:

А) Ұғым.

В) Қабылдау.

С) Түйсік.

Д) Елестету.

16. Үздіксіз дамуға байланысты қоғамдық-тарихи практика дамуының белгілі бір сатысында пайда болатын айрықша элеуметтік институт, адамның танымдық қызметінің ерекше формасы, адамзат мәдениетінің бір саласы:

А) Ғылым.

В) Таным.

С) Гипотеза.

Д) Тәжірибе.

17. Кейбір пікірлерден жаңа пікір тудыратын ойлаудың формасы:

А) Ұғым.

В) Ой тұжырымы.

С) Пікір.

Д) Түйсік.

18. Объективтік ақиқаттың түрі, толық және дәл білім:

А) Таным.

В) Практика.

С) Абсолюттік ақиқат.

Д) Салыстырмалы ақиқат.

19. Таным процесінің ең жоғары сатысы:

- А) Сезімдік таным.
- В) Рационалды таным.
- С) Ғылым.
- Д) Практика.

20. "Білімді" және "ақпаратты" (информацияны) теңестіруге бола ма?

- А) Жоқ.
- В) Иә.
- С) Кейбір кезде.
- Д) Үш жауабы дұрыс.

II вариант

1. Адамның дүниені танып білу мүмкіндігін жоққа шығаратын бағытты:

- А) Идеализм.
- В) Дуализм.
- С) Агностицизм.
- Д) Сенсаулизм... деп атайды.

2. Таным процесінің бастапқы пункті және оның негізі болып табылатын:

- А) Практика.
- В) Сезімдік таным.
- С) Рационалды таным.
- Д) Ғылым.

3. "Өзінді танып біл" деген философ:

- А) Платон.
- В) Сократ.
- С) Демокрит.
- Д) Аристотель.

4. Танымның объектісі:

- А) Қоғам.
- В) Бүкіл әлем.
- С) Адамның ішкі рухани өмірі:
- Д) Қоршаған орта.

5. Сезімдік танымды жақтайтын философияның бағыты:

- А) Сенсуализм.
- В) Рационализм.
- С) Агностицизм.
- Д) Идеализм.

6. Тәжірибенің қай түрі идеялар күресімен байланысты:

- А) Материалды өндіріс.
- В) Саяси практика.
- С) Дене шынықтыру практикасы.
- Д) Әлеуметтік практика.

7. Сезімдік танымның анықтамаларын дұрыстап салыстырыңдар:

- | | |
|--------------|--|
| А) Түйсік. | А) Заттың тұтас бейнесі. |
| В) Қабылдау. | В) Қазіргі сәтте сезім мүшелеріне тікелей әсеретпейтін, бірақ бұрын олар белгілі бір формада қабылданған заттың сезімдік образы. |
| С) Елестету. | С) Сезім мүшелеріне тікелей ықпал жасайтын материалдық заттар мен құбылыстардың жеке сапаларын, қасиеттерін, жақтарын мида бейнелеу. |

8. Тәжірибенің қандай түрі адамның болмысын ұдайы өсірумен байланысты:

- А) Саяси практика.
- В) Материалдық практика.
- С) Дәрігерлік практика.
- Д) Тәрбиелік практика.

9. Рационалдық (логикалық) танымның формалары:

- А) Қабылдау, түйсіктер.
- В) Ұғым, пікір, ой тұжырымы.
- С) Гипотеза, ғылыми теориялар.
- Д) Елестету.

10. Ғылымның қорытындысының негізі:

- А) Гипотезалар.
- В) Пікірлер.
- С) Ой тұжырымы.
- Д) Аксиома.

11. Объективтік ақиқаттың түрі, толық және дәл білім:

- А) Абсолюттік ақиқат.
- В) Салыстырмалы ақиқат.
- С) Ақиқат.

12. Материалдық объектілердің, заттардың сезім мүшелеріне тікелей әсер етуі:

- А) Таным.
- В) Елестету.
- С) Түйсік.
- Д) Қабылдау.

13. Сезім мүшелеріне тікелей әсер ететін сыртқы материалдық заттың тұтас бейнесі:
- А) Қабылдау.
 - В) Түйсік.
 - С) Елестету.
 - Д) Сезім.
14. Қазіргі сәтте сезім мүшелеріне тікелей әсер етпейтін, бірақ бұрын олар белгілі бір формада қабылданған заттың сезімдік образы:
- А) Елестету.
 - В) Таным.
 - С) Түйсік.
 - Д) Пікір.
15. Заттар мен құбылыстарды олардың жалпы және маңызды белгілері түрінде бейнелеу болып табылады:
- А) Пікір.
 - В) Түйсік.
 - С) Ұғым.
 - Д) Ой тұжырымы.
16. Қандай да болсын бір зат жайында мақұлданылатын немесе теріске шығарылатын ой:
- А) Пікір.
 - В) Ой тұжырымы.
 - С) Елестету.
 - Д) Ұғым.
17. Объективтік дүниедегі заттар қандай болса, ол заттарды сондай деп білу:
- А) Таным.
 - В) Ақиқат.
 - С) Салыстырмалы ақиқат.
18. Ғылыми танымның әдістері:
- А) Ұғым, пікір, ой тұжырымы.
 - В) Түйсік, қабылдау, елестету.
 - С) Бақылау, эксперимент, анализ, синтез.
19. "Мына кітап өте қызықты" – бұл сөздер:
- А) Ұғым.
 - В) Пікір.
 - С) Ой тұжырымы.
20. Таным процесінің ең жоғары сатысы:
- А) Сезімдік таным.
 - В) Рационалды таным.
 - С) Ғылым.
 - Д) Практика.

7 тақырып. "Қоғамдық сана және оның формаларының көп түрлігі"

1. Қоғамдық және жеке адамның санасы.
2. Қоғамдық сананың түрлері.

Сананың түрлері көп. Ол дара адамдық және қоғамдық, қарапайым және теориялық, ғылыми және ғылымға жат, прогрессивтік және кертартпа болады. **Қоғамдық сана** – адамдар өмірінің қажетті бір саласы, онсыз ешбір қоғам өмір сүре алмайды. Қоғамдық сана деген не, ол қалай пайда болып, дамып жетіледі, оның қандай формалары болады, ол формалардың қоғамдағы рөлі қандай – міне, осы мәселелерді қарастырайық.

Қоғамдық сана – көпшіліктің рухани құралына айналған сана, мәселен, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, т.б. **Қоғамдық сана дегеніміз** – қоғамның рухани өмірі, яғни адамдардың қоғамдық өмірін бейнелейтін олардың саяси, құқықтық, адамгершілік, ғылыми, философиялық, эстетикалық идеялары, көзқарастары мен теориялары, діни түсініктері, дағдылары мен әдет-ғұрыптары.

Олай болу үшін сана көптеген адамның ойын, мақсатын, мұңын, қуанышын бірдей бейнелейтін, уағыздайтын болу керек. Ондай сананы қоғамдық сана дейді.

Қоғамдық сана қашанда қоғамдық болмыстың бейнесі болып табылады. **Қоғамдық болмыс** алғашқы. Өйткені ол қоғамдық санадан тыс, одан тәуелсіз өмір сүреді. Қоғамдық сана материалдық өндіріс қатынастарының себебінен туады, ол адамдардың әлеуметтік практикалық процесінде пайда болады. Бұл қоғамдық болмыс алғашқы, ал қоғамдық сана соңғы деген сөз. Қоғамдық сана әр адамның санасынан гөрі жоғары, ауқымды.

Қоғамдық болмыс өзгергенде қоғамдық сана да өзгереді және қоғамдық болмыстың өзгеруі қоғамдық сананың өзгеруінің себебі болып табылады. Мысалы, Елбасымыз "Қазақстан-2030" Жолдауында: "Бүгінгі дамуымыздың келеңсіз сипаттары туралы айта отырып, олардың көпшілігінің уақытша және өтпелі сипаты барын, оның өзі

де кеңестік мұра мен өтпелі кезеңнің қиындықтырының салдары екенін атап өту қажет”, – деп жазады. Соның ішінен біріншісі – “бұл коммунистік принциптер рухында тәрбиеленген адамдардың бірнеше ұрпақтары қалыптастырған біздің діліміз. Кейбіреулер жақында болған өзгерістерді ынта-жігерімен пайдаланды, бірақ басым бөлігі олай істеген жоқ”.

Қоғамдық сана әрбір жеке адамдардың саналарының жай біріккен жиынтығы емес. Қоғамдық сана өте ауқымды кең ұғым. Ол объективті өмірді адам санасында жан-жақты бейнелеудің нәтижесі. Оған жататындар: қоғамдық ойлар, теориялар, саяси және құқықтық көзқарастар, ғылыми анықтама мен тұжырымдар, т.б.

Қоғамдық сананы екі тұрғыдан қарауға болады. Біріншіден, оны бейнелеу ретінде, екіншіден, рухани құбылыстарды жасаушы ретінде.

Қандай да бір қоғам (құлдық, феодалдық) болмасын, ол қоғамның үстемдік құрған таптардың мақсаты өздеріне тиімді қоғамдық пікірді, саясатты, құқықты, моральдық, идеологиялық принциптерді халықтың санасына сіңіру болып табылады.

Бірақ, әрбір адамның басы тек қоғамдық санамен ғана толысып бітпейді. Қоғамдық санамен қатар әр адамның **жеке санасы** болады. Түрлі тарихи жағдайлар, экономикалық, таптық, саяси, әлеуметтік мәселелер жеке санаға әсер етеді. **Жекелік сана** өзінің көлемі жағынан қоғамдық санадан тар. **Жеке сана** әрбір адамның өміріне, мінезіне, біліміне, тәрбиесіне байланысты қалыптасады. Ол сол адамның дүниеге келуіне, өсіп жетілуіне, дүние салуына сәйкес өмір сүреді.

Қоғамдық сананы да жеке адамдар жасайды. Біреудің досына жазған хаты, арызы жеке санаға жатады. Ал егер сол хатта үлкен бір теориялық мәселе қозғалса, ол қоғамдық санаға жатады. Мысалы, Қайрат Рысқұлбековтың үйіне жазған хаты, оның көзқарастары қоғамдық санаға айналды, Қазақстан тарихында мәңгі қалды.

Қоғамдық сана қарапайым (күнделікті) және теориялық саналардың диалектикалық бірлігін құрайды.

Қарапайым сана күнделікті өмірден, ғасырлар бойы қайталаудан, әдет-ғұрыптан, үйреншікті жағдайдан пайда болады. Қарапайым сана кәдуілгі өмір тәжірибесінен туындайды. Ол қоғамдық сананың төменгі түрі. Қарапайым сана табиғат және өмір құбылыстарын күнделікті байқаудан пайда болады. Сондықтан ол ғылымнан сонша алшақ кетпейді. Бірақ ол жүйеленбеген, негізделмеген белгілі бір құбылыстардың себептерін алып көрсетпейді. Оның күрделі құрылымы да жоқ. Бірақ қарапайым сананы да басында сақтайтын, бірден бірге тарататын халық. Қазақтар, мәселен, күннің батуына, айдың тууына, төрт түлік малдың күйсегеніне, жатқан-тұрғанына қарап ертеңгі күн қандай болмақ, туар ай не әкелмек, халыққа жайлы бола ма, әлде жайсыз ба, соны болжап отырған.

Халық уақытты анықтауда өзіндік бай тәжірибе жинақтап, оны қолданудың сәті мен жолдарын және соған лайықты сөз өрнектерін де таба білді. Жылды, тоқсанды, айды, аптаны, тәулікті бөлудің шаруашылыққа сай реті мен ыңғайын да орайластыра келтіре білді. Ал мерзім, мезгіл өлшемдеріне келгенде халық өлшемі мен атауы да бай. Ұлттық ұғымда мерзім – уақыттың, мезгілдің шамасы мен ұзақтығын білдіреді (мысалы: бие сауым, күн, ай, тоқсан). Мезгіл сол уақыттың бір сәтін ғана айқындайды. Мысалы: елең-алаң, түс, кеш, түн ортасы, т.б. Қыс, көктем, жаз, күз – мезгіл өлшемдеріне жатады. Мерзім өлшемдері: бір сәт, қас қағым, ө дегенше (1 сек.), сүт пісірім (5-10 минут), бие сауым (1,5 сағат), ет пісірім (2,5-3 сағат), жарты күн, бір түн (тәуіліктік – 24 сағат), апта (7 күн), ай (30-31 күн), тоқсан (3 ай), жыл (365 күн) немесе 12 ай, ғасыр (100 жыл).

Әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлер қоғамдық сана, қоғамдық болмыспен тығыз байланысты, бір-біріне зор әсерін тигізеді. Қоғамдық болмыс пен қоғамдық сананың өзгеруі халықтың тарихын құрайды. Әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлер халықтың тарихи дамуының барысында қалыптасатын жеке адамдардың өзара қарым-қатынасын, қоғамдық қатынастарды реттейтін әдет-ғұрып, сана-

ға сіңген тәртіп, этика, қалыптасқан рухани мәдениет. Тоталитарлық жүйе заманында қазақ халқының әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлері ескіліктің қалдықтары деп сыналып, оны жақтағандар артта қалған, надан адам немесе ұлтшыл делініп келді. Ондағы мақсат – жалғыз қазақтардың емес, барлық халықтардың ұлттық сана-сезімін құртып, жаңа тарихи жетістік – коммунистік сана иесі – кеңес халқын құрмақ болу әрекеті еді. Осы мақсаттағы саясатты Мәскеудегі бастықтардан бастап ең жырақта жатқан ауылдардың басшыларына дейін қатаң жүргізіп келді. Соның нәтижесінде әсіресе қазақ халқының әлеуметтік-мәдени дәстүрлері, тілі, рухани мәдениеті қатты сорлады. Рас, осы кезеңде де дүниежүзілік прогресс бағытымен қол жеткен табыстарды мүлде атамай кету әділетсіздік болар еді. Қазақстанда театр, кино, газет шығару, т.б. жаңалықтар жасалғанын айтпауға болмайды. Бірақ олардың бәрінің әрекеті қазақ халқының өрлеуі үшін емес, оны тезірек кеңес социалистік ұлтқа айналдыру үшін бағытталған еді. Соның себебінен қазақ халқы аштан қырылып азайғанына қоса, рухани да тоза бастады.

Арақ ішу, темекі тарту және бұрын қазақта аты жоқ қылмыстар жасау көбейіп кетті.

Тәуелсіздік алып, халқымыздың салт-дәстүрлерін де өмірімізге сіңіре бастадық.

Ертеде ата-бабаларымыз амандасқанда: "Мал-жан аман ба?" – деп сұрайтын. Осы бір ауыз сөзден қазақ өмірінде малдың орны ерекше екенін ұғуға болады. Малдың күші, сүті, жүні, қылы, еті, терісі – халықтың тағамы, киімі, баспанасы, үй жиһазы – өмірінің, тіршілігінің негізі. Мал өсіру, малшылық – тіршіліктің (егіншілік, балықшылық сияқты) бір түрі. Барлық мал бағушы халықтардың қаншама өзгешеліктері болғанымен, ұқсастықтары да бар. Олар: жауынгерлік, табиғат талқысына көнбістік, поэзияға, көркем тілге, ойға тапқырлық, салт-дәстүрінің ұқсастығы. Сонымен қатар табиғат, жер-су өзгешеліктеріне байланысты әрбір халықтың өзіне тән ерекшеліктері болады. Қазақ өзінің малын қой-ешкі, жылқы, түйе, сиыр деп төрт түлікке бөледі.

Бұл пікірлерде ғылыми тұжырым жоқ, бірақ ғылымға қарсы да емес, мыңдаған жылдар дәлелдеген дағды бар. Қарапайым сана дегеніміз осы.

Бұдан жоғары тұрған – *теориялық сана*. Ол стихиялық түрде пайда болмайды. Оны жасайтындар да, тарататындар да белгілі дайындығы бар, сауаты жоғары адамдар, теоретиктер. Бірақ теорияның түрлері көп. Теория ғылыми да, ғылымға сәйкес емес те, тіпті кертартпа да болады. Мысалы, дін, идеалистік философия, нәсілшілдік, ұлтшылдық сияқты теориялар сондайға жатады.

Өмірдің барлық өзгерістері алдымен қарапайым сана арқылы бейнеленеді. Ал оның себебі, заңдылықтары ғылыми, теориялық сана арқылы ашылады. Мысалы, біз нарықтық экономикаға көшкенде, ел оны бірден құптап, қабылдады. Ал енді оның мәнісі неде? Ол неге әкеледі, оны іске асыру жолдары қандай? Оларды халық теориялық сана арқылы ғана ұғады.

Қоғамдық сана *қоғамдық психология* мен *қоғамдық идеология* болып бөлінеді. *Қоғамдық психологияға* кіретіндер: таптардың, ұлттардың, жеке өлеуметтік топтардың сезімдері, көңіл күйлері, әдет-ғұрыптары, бастан кешкен оқиғалары.

Қоғамдық психология, әдетте, адамдардың күнбе-күнгі қызметі процесінде стихиялық түрде қалыптасады. Оның қалыптасуына қоршаған орта, климат, шаруашылық пен кәсіп, жер байлығы бәрі де әсер етеді.

Бірақ, қоғамдық психология мәңгі өзгермейтін құбылыс емес. Ол да түрлі жағдайларға сәйкес өзгереді. Мысалы, Елбасы Н. Ә. Назарбаев Қазақстан халқына "Қазақстан-2030" жолдауында қоғамдық психологиямыздың жақсы жақтарын және кемшіліктерін да атап айтқан.

Қоғамдық психология қоғамдық сананың төменгі сатысы болса, ал *идеология* оның жоғары сатысына жатады. Әдетте идеолог деп табиғат заңдылықтарын зерттейтін ғалымдардан басқа, саяси-өлеуметтік теориялар мен заңдылықтарды арнайы зерттеумен айналысқан ойшы-кемеңгер адамдарды атаған. Идеология тікелей өмірден туындайтын психологиядан гөрі шалғайлау, абстрактілі,

жалпылау, қорытылған, тұжырымдалған, ой елегінен өткізілген пікірлерге негізделген, қоғамдағы таптық, әлеуметтік, саяси пікірлерді уағыздайды. Идеология өзінің мәні мен мазмұны жағынан таптық қоғамдарда таптық идеялардың, көзқарастардың, теориялардың жиынтығы болып табылады; идеология қашанда өз кезінде үстемдік құрып отырған құрылысқа өзінің тікелей қатысы бар екенін көрсетеді. Идеология ешқашан өзінен-өзі, қоғамдық психология секілді стихиялық түрде пайда болмайды. Идеологияның қоғам өміріндегі маңызы үлкен, өйткені ол адамдардың қоғамдық-тарихи практика негізінде жасап шығарған идеялары мен теорияларының жиынтығы, белгілі бір ұғымдардың жүйесі болып табылады. Идеологияға да қоғамдық психология да әсер етеді. Өзінің таңбасын қалдырады. Мысалы, қазіргі идеологтардың мақсаты – ұлттық сана-сезімді ояту, патриоттық тәрбиеге ықпал ету, халықтарынтымақтастығын нығайту. "Қазақстан-2030" Стратегиясында осындай идеологиялық бағыттар көрсетілген: біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз; ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы.

2. Қоғамдық сана, жоғарыда айтып өткеніміздей, саяси, құқықтық көзқарастар, мораль, ғылым, философия, өнер, дін, т.б. сияқты әр түрлі формаларда білініп, өмір сүреді, дамып отырады. Қоғамдық сананың алуан түрлі формалары болатындығы объективтік шындықтың өзінің алуан түрлі болатындығына байланысты. Бұл формалардың әрқайсысы қоғам өмірінің белгілі бір жағын бейнелейді. Мысалы, саяси идеялар таптардың, мемлекеттердің, ұлттардың арасындағы қатынастарды бейнелейді, ал мораль адамдар арасындағы адамгершілік қатынастарды қамтиды және т.б.

Қоғамдық сананың түрлері көп:

- саяси сана;
- құқықтық сана;
- моральдық сана;
- эстетикалық сана;

- діни сана;
- атеистік сана;
- философиялық сана;

Саяси сана – бұл таптардың, ұлттардың, мемлекеттің түбегейлі мақсаттарын уағыздап қолдайтын қоғамдық ойлар формасы. Саяси идеология таптық күрес, саяси партиялар мен мемлекеттердің мүддесін қорғау қажеттерінен пайда болып, соларды іске асырады. Оның нақты белгісін саяси идеология, саяси партиялар программаларынан, мемлекеттердің Конституцияларынан, мемлекеттік және саяси қайраткердің еңбектерінен, сөйлеген сөзінен көруге болады.

Саяси көзқарастар әр түрлі болып келеді. Олар прогрессивті не кертартпа, ғылыми не ғылымға жат болады. Саяси идеялар қоғамдық сананың барлық формаларын қамтып, оларға ықпалын тигізеді.

Құқықтық сананы жасаушы үстем тап, оның көзқарастары. Мақсаты – оның экономикалық және саяси мүддесін жақтап, оны нығайту. Құқық дегеніміз, Карл Маркс айтқандай, заңға айналдырылған экономикалық үстем таптың еркі. Ол мемлекет шығаратын заңдардың белгілі бір жүйесі түрінде білінеді. Бұл заңдардың күштеу сипаты болады, яғни оларды орындау қоғамның барлық мүшелеріне бірдей міндетті.

Біздің елімізде құқықтық мемлекет орнату күн тәртібіне қойылуға байланысты құқықтық сананың маңызы артуда.

Тағы бір ережелер жұртшылықтың пікіріне сүйенеді, оларды жұрт мақұлдап немесе теріске шығарып отырады. Бұл – моральдық ережелер.

Қоғамдық сана түрлі насихаттық институттар (радио, теледидар, газет, кітап, т.б.) арқылы халық санасынан мықтап орын алады. Бұлар адамдардың бір-біріне және тұтас алғанда қоғамға қатынасын білдіреді. Адамдардың жақсылық, жамандық, борыш, ар-ұждан, әділеттілік, т.с.түсініктерін белгілейтін осындай ережелердің, немесе нормалардың жиынтығы мораль, немесе адамгершілік деп аталады.

Борыш, ар, ұждан, жақсылық, жамандық, әділеттік деген ұғымдар **моральдың** негізгі категориялары болып табылады. Осы категорияларға сүйене отырып, қоғам, тап немесе адамдардың әлеуметтік тобы қандай адамның болсын іс-әрекеті мен қылығына баға береді. Ал сол адамның өзі де өзінің дағдыға айналған моральдық ережелерінің негізінде өз іс-қылықтарына баға береді де, сонымен бірге осы іс-қылықтары үшін оған жауапкершілік сезімі, борыш, ар, әділеттік, т.б. сезімі ұялайды. Сондықтан мораль тек нормалардың, мінез-құлық ережелерінің жиынтығынан ғана емес, сонымен қатар белгілі бір адамгершілік сезімдерінен де құралады. Мораль праводан бұрын пайда болды, одан кейін де өмір сүреді. Мораль қоғамдық сананың ең көне формаларының бірі, өйткені адам қоғамдық жан ретінде қалыптасып, қоғамда ғана өмір сүре алатындықтан, өзара белгілі бір моральдық қатынас нормаларын сақтауы тиіс. Сондықтан, ол тек өзінің жеке басы мүдделерінің тұрғысынан ғана қарап іс-әрекет жасай алмайды және жасауға тиісті де емес, ол басқа адамдармен және тұтас алғанда қоғаммен санасып отыруға міндетті. Осыған сәйкес қоғам да, тап та өзінің әрбір мүшесіне белгілі бір адамгершілік талаптар қойып отырады, бұл талаптарды ол орындауға тиіс. Әрбір қоғамда таптық моральмен бірге адамзаттың ғасырлар бойы арман мұңы болып келген жалпы адамгершілік мораль бар. Оған жататындар өтірік айтпа, ұрлық жасама, біреудің ақысын жеме, деген сияқты жалпы адамгершілік моральдық принциптер. Адамгершілік заңдылықтарын зерттейтін осы бір білім саласын Еуропада этика десе, Шәкәрім қазақшалап "Ар білімі" деген екен.

Жамандыққа жақсылықпен жауап бер деген моральдық принципті әуелден қолданушылардың бірі Абылхасан Рудаки (иран-төжік әдебиетінің негізін салушы):

Білсем маған біреудің дұшпандығын,
Зұлымдықты жаныма тосқандығын.
Сол адаммен келіп мен жылы сөзге,
Достасуға ауады құштарлығым.

Қоғамдық сананың тағы бір көне формасы – *өнер*. Ол объективтік шындықты образдар арқылы бейнелейді. Көркемдік образ құбылыстарды нақтылы сезімталдық түрде барынша ерекше, типтік тұрғыдан көрсетеді. Көркем образ негізінде дараланған, нақтыланған бейне, сонымен қатар ол дара, жеке, нақтылы адам кейіптері арқылы көпшілікке белгілі, түсінікті типтерді, құбылыстарды сомдап, бейнелейді, жаманнан жирендіреді, жақсыға еліктетеді. Көркем шығарманың құндылығы оның өмірге жақындығында, өмірдің толғандырар мәселелерін бүкпестен, ашығын айтып, тайғанақтамай шыншыл берілуінде. Өнер қоғамдық өмірдің қай саласына болса да әсер етеді. Алдымен ол сұлулыққа, мәдениеттілікке баулиды.

Діни және атеистік сана. Дін объективтік шындықты адам басында бұрмалап, фантастикалық түрде бейнелейді. Діндердің ең жоғары сатысы таптық қоғамдарда пайда болып, содан бері келе жатқан монотеистік сенім. Оған жататындар: буддизм, христиан, ислам, иудаизм діндері. Діннің пайда болуы ертедегі қауымдық адамдардың дүниетаным қабілеттерінің өте төмен болып, табиғат құбылыстарының сырын түсіне алмай, түрлі жағдайлардың себептерін рухани күш-қүдіретке балағанын көрсетеді. Дінді бекерге шығаруды атеизм дейді.

Біздің елімізде дінге сену Конституция бойынша әр адамның ар-ұжданына жатады.

Философия да қоғамдық сананың түрлеріне жатады. Бірақ, біздің оқулығымыз бүтіндей философиялық оқулық болғандықтан, оған қоғамдық сана ретінде арнайы тоқталмағанды жөн көрдік.

Сөйтіп, жай бейнелеудің формаларынан бастап, белсенді бейнелеуге дейін, сезімнен санаға, жекелік санадан қоғамдық санаға көтерілуден адам санасының даму сатыларын байқадық. Бұл сананың қарапайымнан күрделіге, теорияға, ғылымға, саясатқа, философияға, өнерге шарықтау жолы екенін көреміз.

Қоғамдық сананың жүйесі

II теориялық деңгей

Теориялық сана	
қоғамдық идеология	ғылыми білімдер

I сезімді эмпириялық деңгей


Қарапайым сана			
Қоғамдық психология		Эмпириялық білім	Халықтың шығармашылығы
Топтардың психологиясы	Ұлттық психология	Мамандардың психологиясы	

Қоғамдық болмыс Өндіріс, географиялық, демографиялық жағдай
--

Қоғамдық сананың түрлері

Саяси сана
Саяси идеология
Саясат
Құқықтық сана
Құқықтық идеология
Құқық
Философиялық сана
Философиялық идеология
Философия
Діни сана
Діни идеология
Дін
Өнегелік сана
Өнегелік идеология
Этика
Эстетикалық сана
Эстетикалық идеология
Эстетика

Әлеуметтік философияның категориялары



Семинар сұрақтары:

1. Қоғамдық және жеке сана, олардың өзара байланысы (қарапайым және теориялық, қоғамдық психология және идеология).
2. Қоғамдық сананың түрлері: саяси, құқықтық, моральдық, этикалық, діни, атеистік.

Өзіндік жұмыстар

1. Шәкәрімнің өлеңіндегі қоғамдық сананың категорияларын талдап беріңіз.

Кісіге адамшылық неге керек?

Адамдық-өзге айуаннан артық демек.

Ит талаған төбеттен қалай дейсің,

Аямай, әл келгенді жұлып жемек?

Мейірімсіз қасқырда күшті өмір бар,

Артылған жердің қайсы онан бөлек?

Үнемі сен жеріңді қайдан білдің,

Бұл дүние кезек берер істі өңгелеп.

Онан қорқып обырлық қоймасаң да,

Адам боп, айуаннан болсаңшы ерек.

Жалмағанша жәрдемің тигізсеңші,

Жығылған, жылағанға болып көмек.

Махаббатты теріс деп кім айтады,

Адамшылық сол дейді тамам зерек.

Мейірім жақсы, зұлымдық жаман дейсің,

Қасқырлыққа қайтасың құр дөңгелеп?

Жаны ашып, жәрдем қылмай өткен адам,

Өсіп-өшіп құлаған бір бәйтерек.

2. Абайдың отыз жетінші сөзіндегі философиялық мәселелерді талдаңыз.

1) Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес.

2) Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады.

3) Хикмет сөздер өзімшіл наданға айтқанда, көңіл уанғаны да болады, өшкені де болады.

4) Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың.

5) Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол – көп, ендеше, көпте ақыл жоқ? Ебін тап та, жөнге сал.

6) Адам баласын замана өстіреді, кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі виноват.

7) Тоқ тіленіші – адам сайтаны,

Характерсіз – сопы монтаны.

8) Жаман дос – көлеңке,

Басыңды күн шалса,

Қашып құтыла алмайсың.

Басыңды бұлт шалса,

Іздеп таба алмайсың.

9) Досы жоқпен сырлас,

Досы көппен сыйлас.

Қайғысыздан сақ бол,

Қайғылыға жақ бол.

10) Бағың өскенше тілеуіңді ел де тілейді, өзің де тілейсің, бағың өскен соң – өзің ғана тілейсің.

IV ТАРАУ

"ФИЛОСОФИЯДАҒЫ АДАМ МӘСЕЛЕСІ"

8 тақырып. "Адам болмысы – философия мәселесі ретінде"

1. Философия тарихындағы адам мәселесі.

2. Адам өмір сүруінің табиғи-биологиялық алғышарты.

1. Жоғарыда біз адам үшін дүниеде тек тірі ағза болып тіршілік ету, ағзалық мұқтаждықтардың шеңберімен шектелу жеткіліксіз дегенбіз. Оның дүниеде болуын ақтай алатын нәрсе, ол – мәнділік дедік.

Адам мәселесі философия ғылымымен құрдас десе де болады. Бұған дәлел: философияның өзі сонау көне замандардағы ойшылдардың адам жөніндегі, оның дүниедегі атқаратын қызметі мен алатын орны жөніндегі ойтолғауларынан туған. Бір нәрсенің сырын ашып білу үшін алдымен адам бұл туралы ештеңе білметінін түсініп, соны іштей де болса мойындау қажет. Адамзаттың білімдерін 100% десек, соның ішінде 95% білімдеріміз өлі табиғат туралы, ал қалған 5% – тірі табиғат туралы, оның ішінде 1% – адам өзі (Адам) туралы біледі.

Ертедегі Шығыс ойшылдарының көбі, алдыңғы негізгі өзегі етіп тікелей адамдық мәселелерді алды:

1) Көне замандағы египеттіктер философияның үйрететін пәні құдайлар мен әділеттік мәселесі деп білді. Олар мәңгілік өмірге дайындалды.

2) Бұдан 25 ғасыр бұрын өмір сүрген қытай философы *Конфуций* өз ілімінің түп қазығы етіп алған "адамсүйгіштік" қасиет адамды басқаларды сыйлайтын, сөзге ұстамды, көмекке дайын етіп қалыптастыра алады. Кон-

фуций: "Өзіңе жасалғанын қаламайтын қылықтарды басқаларға сен де жасама". Керісінше, оның қарастыратын негізгі мәселесі – адамдар арасындағы қарым-қатынас, тәрбие мәселелері. Осыған орай ол мынадай ұғымдарға көбірек көңіл бөледі. Олар: "тең орта", "адамгершілік" және "өзара сүйіспеншілік". Осы үш ұғым бірігіп, "дао" (дұрыс жол) құрайды. Әр адам осы даоның жолымен өмір сүруі қажет. Ал адамгершіліктің негізі – "жэнь" – "ата-анасын құрметтеу және үлкен ағаларын сыйлау", жалпы алғанда, үлкендерді сыйлау. Ал "өзара сүйіспеншілік" арқылы қарым-қатынас, конфуцийшылдық әдептілік туралы ілімнің негізгі өзекті ұғымы. Демек, "Білу дегеніміз – табиғатты емес, адамдарды танып-білу", – деп есептейді.

3) Этикалық ілім ретінде дүниеге келген Индияның *буддизм* философиясы өзінің алдына адамды қиналу азабынан құтқаруды мақсат етіп қойды (нирванаға жету). Буддизм ілімі бойынша, өмір – қасірет. Адам қандай әлеуметтік сатыда тұрса да аурудан, көріліктен, өлімнен құтыла алмайды. Оған құдайға шалған құрбандық та көмектесе алмайды. Қасіреттен құтылудың бірден-бір жолы – сансардан (жанның бір денеден бір денеге ауысып отыруы) толық азат болу. Ол үшін адам төрт түрлі ақиқатты білуі қажет: 1. Өмір – қасірет. Өмірге келу, көрілік, ауру, өлім, жақсы көрген нәрсеңнен айырылу, қажетіне жете алмау, т.б. – осылардың бәрі – қасірет; 2. Қасіреттің пайда болуы туралы ақиқат; 3. Қасіреттің пайда болу себебі – өмірден ләззат алуға деген құштарлық екенін түсініп аталған құштарлықтардан құтылу арқылы оны жеңуге болатындығына сену; 4. Құштарлықтан құтылу жолдарын білу. Одан құтылу оңай емес, ол үшін сегіз әдептілік қағиданы бұлжытпай орындау арқылы жанды таза ұстауға тырысу қажет.

4) *Платон* философиясының өте маңызды бөлімі адамның арманынан шығатын "мемлекет" туралы ілім (әділетті мемлекет). Ондағы азаматтар 3 топқа бөлінеді: қарапайым адамдар, әскери адамдар, күзетшілер). Ал адамдардың денесі төрт түпнегіздің қосылуынан жара-

лғандықтан, өлгеннен кейін олар космосқа қайтып оралады. Дененің басты міндеті – жан орналасатын қорап болу ғана, сондықтан ол жанға тәуелді, оның құлы. Жан тіршіліктің (өмірдің) идеясы ретінде мәңгі. Дене өлгеннен кейін ыдырап космосқа кері қайтса, жан аспанға 10 мың жылдан кейін (әлемдік бір жыл) ғана оралады. Жанның өзі түрлі болады. Бір түрі – философия арқылы тазарып денесіз өмір сүретін жандар болса (бұл жандар қатарынан үш рет философтардың денесіне енуі мүмкін), екіншісі – өз өмірін қиянатсыз, бірақ философтардан бір саты төмен өмір сүрген адамдардың жандары және үшіншісі – құнаһар адамдар жаны.

Адамдық мәселелерге *Аристотель* де ерекше көңіл аударған. Әсіресе оның философиясының "Этика" бөлімі түгелдей сол проблемаларды қарастырып, оларға тиісті талдау берді. Ең жақсы адам – ұлылық дәрежесіне жеткен кең пейілді, қайырымды адам, ол өзін мақтағанды, басқа біреуді жамандағанды сүймейді. Аристотельдің пікірінше, табиғи денелердің тіршілік жасау мүмкіндіктері бар (жасанды денелерде ондай мүмкіндік жоқ). Осы мүмкіндіктің жүзеге асырылуы энтелихия (жан) арқылы болады. Жанның үш түрі болады: 1) өсімдіктер жаны – жанның алғашқы және жалпы мүмкіндігі. Бұл жанның басты қызметі – өзін-өзі ұдайы өндіру және қоректену; 2) жануарлар жаны – олар заттардың сырт пішінін түйсіктері арқылы қабылдай алады; 3) адамдар жаны – өсімдіктер мен жануарлар жандарына тән қасиеттерге қоса, ақыл-ойдың арқасына жалпылықты танып біле алады. Бірақ жалпыны түсіну үшін, алдымен жалқыны танып білу керек. Себебі, біздің сезім мүшелерімізге жалқы заттар әлемі әсер етеді де, біз оларды танымның өртүрлі сатылары арқылы танып-біле аламыз. Сезімдік танымның бірінші сатысында адамдар жануарлар сияқты, сезімдік түйсіктерімізге әсер ететін заттар туралы алғашқы мағлұматтар аламыз, екінші сатысында – тәжірибелік (эмпейриа) танымдар сезімдік түйсіктеріміздің қайталанған құбылыстарды есте сақтап қалуы арқасында оларды танып-білуімізге мүмкіндік туады. Үшінші сатысында –

"өнер" (әңгіме көркемөнер, т.б. туралы емес), практикаға негізделген танымның ерекше сатысы – адамдар жеке заттарды танып қана қоймайды (тәжірибедегідей) одан гөрі тереңірек түсіп, кейбір заттарға тән ортақ қасиеттер мен себептерін танып біледі.

5) Әл-Фарабидің "Мәселелер мәні" еңбегінде адам туралы бір пікір жазылған: "Барша хайуаннан адам ерекше қасиеттерімен оқшау тұр, себебі, оның дене мүшелері арқылы әрекет жасауға қуат беретін жаны және сонымен қоса дене мүшелерінің қатысуынсыз әрекет жасай алатын күші бар. Бұл күш – оның ақылы. Жоғарыда айтылған күштерге нәр беруші күш, өсу күші, ұрпақ тарату күші жатады. Сонымен қоса осылардың әрқайсысына басбасына қызмет ететін өзге бір күш бар. Сыртқы күш пен ішкі түйсік, атап айтқанда, елестету күші, түйсіну күші, зерде күші, ойлау күші және дене мүшелерін қозғалысқа келтіруші ынтымақ пен ашу-ызаны қоздырушы күштер қабылдаушы күштерге жатады. Біз тізіп айтып өткен күштердің әрқайсысы белгілі мүшелер арқылы қызмет етеді, басқаша болуы мүмкін де емес. Бұл күштердің ешқайсысы материядан тыс өмір сүрмейді" (Ғ. Есім "Фалсафа тарихы"). Әл-Фарабидің айтуынша бақыт – әр адамның көздейтін мақсаты, үлкен игілік. Сол мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін адамда үш түрлі тамаша табиғи қабілеті бар. Ол: а) ерекше жаралған дене құрылысы; ә) жан құмарлықтары; б) ой-парасаты. Аталған үш қабілеттің әрқайсысын дұрыс жолға бағыттап тәрбиелеу, терісін емдеп, дұрысын ілгері дамыту, сол арқылы адамның мінез-құлқы мен ой-парасатын оларды саналы түрде үнемі дұрыс нәтиже тудыратын дәрежеге көтеру. Ғұламаның этикалық ойларынан терең гуманизмнің лебі еседі, ол адам баласын жаратылыстың, бүкіл жан иесі атаулының биік шоқтығы, сондықтан да оны құрметтеу, қастерлеу керек деп түсінеді. Фараби жасаған қорытындының басты түйіні – білім, мейірбандық, сұлулық үшеуінің бірлігінде. Фарабидің гуманистік идеялары әлемге кең тарады. Ол ақыл-ой мен білімнің биік мәнін дәріптеді. Фараби көркемдік, сұлулық жақын-

да былай деді: оның пікірінше, көркемдік өмір шындығының өзіне тән қасиет, ол болмысты нақты түрде бар құбылыстардың, әлеуметтік өмірдің көкейдегі елесі. Көркемдік – адамның денесі мен рухани жан-дүниесінің адамгершілік қасиетінің сұлулығын көрсететін белгі деп санайды. Әл-Фарабидің азаматтық, саяси, адам, қоғам жөніндегі ойлары "Фусул ал-мадани" ("Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері") трактатында қаралады. Бұл шығарма адам мен қоғамның арақатынасына, оның жетілуіне арналған. Адам міндетті түрде адал ниетті болу керек. Өйткені жақсы істер істеп, мұның төлеуін күтсе, адам бұл істерін жамандыққа айналдырады.

6) "Ой-парасат ғасыры" деп аталған XVII ғасыр адам жөніндегі философиялық мәселелерді жаңа сатыға көтерді (ғылыми-техникалық жетістіктер, капиталистік қатынастар). Сол заманның Бэкон, Гоббс, Спиноза, Декарт сияқты әйгілі философтары адамды өз болашағы өз қолында, құдайдан да, басқадан да тәуелсіз, тапқыр да белсенді жасампаз тағдыр иесі, өз өмірінің саналы субъектісі деп таныды да, өздерінің философиялық ізденістерін тек осы бағытта дамытты. Олар адамның ерекшелігі де, рухани күші де оның ақылы мен ойында, ойлау қабілетінде деп біледі. Ф. Бэконның ілімінше, адамның негізгі мақсаты – табиғат күштерін игеру. Табиғаттың сырын, заңдылықтарын білген адам оларды өз қажетіне жарата алады, ал табиғатты материяны қарастыру арқылы түсінуге болады. Т. Гоббс мемлекет – жасанды дене (левиафан)-деп жазған. Сөйтіп, адамдар өзін-өзі қорғауға және адамша өмір сүруге мүмкіндік алған. Билеушінің айтқанын екі етпей орындау керек, себебі ол қоғамдық талап-сұраныстарды түсініп, білгендіктен дұрыс айтады, ал оның қарсыластары, халықтың мұқтаж-мүддесін білмегендіктен теріс жолға бастайды. Қоғамдық заң азаматтардың ар-ожданы. Адамның ақыл-ой құдіретінен туатын іскерлік, белсенділік қабілеттеріне XVIII ғ. француз ағартушылары көңіл аударды. Франция XVIII ғ. ағылшын философиясының ықпалымен ағартушылық ілімнің ошағына айналды. Бұл қазғалыстың көсемі Вольтер, шын аты Фран-

суа Мари Аруэ (1694-1778 ж.ж.) болды. Адамзат тарихы, Вольтердің пікірінше, адамзаттың прогресс (үдеу) пен білімділік үшін күрес тарихы. Өркениетті адам табиғатпен алғашқы қауым адамымен салыстырғанда әлдеқайда үйлесімді өмір сүреді. Осы тұрғыдан ол адамзат үшін мәдениеттің құндылығын баса көрсетті. Мемлекетті басқарудың ең тиімді түрі – ағартушылық монархия. Француз ағартушылары адамды табиғаттың және қоғамдық өмірдің жемісі деп қарап, ал қоғамдық өмірдің өзі адамдардың материалдық (өрескел саудагерлік мағынасында) іс-әрекетінің нәтижесі деген тұжырымға келді.

Адам мәселесі белгілі бір мағынада XIX ғасырдың неміс философиясына ауысты. Канттың адам мәселесіне арналған негізгі принципі – әрбір жеке адамның өз алдына мақсаттық нысана ретінде қаралу қажеттігі (адам бостандығын, еріктілігін қолданған). Керісінше, таза ақыл-ой адамның ерік-жігерін, тәжірибелік іс-әрекетін айқындауға мүмкіндік береді.

Айталық, адам жеке тұлға ретінде табиғат заңдылықтарынан төмен тұрғандықтан сыртқы әлемнің әсерінен шыға алмайды, сол себепті ол ерікті де емес, ал даралық қасиеттерінің ерекшеліктеріне, өзінің ылғи да танып-білуге ұмтылу қабілетіне қарасақ, ол өзінің тәжірибелік ақыл-ойына сүйеніп, ерікті іс-әрекет жасайды. Бұл жағдайда адам барша жұртқа бірдей әдептілік заңы – әдептілік императивін басшылыққа алады. Марксизм – адамның табиғи-әлеуметтік мәні, қоғамдағы рөлі мен орны жөніндегі мәселе оның ондаған мың жылдар ішіндегі тарихи алға басу, яғни еркіндікке ұмтылу күресі сатыларының сипаттарымен тығыз байланысты. Табиғатта мақсат жоқ. Мақсат адамның дүниеге келуімен бірге пайда болды. Демек, ол тек адамға ғана тән, бір-бірімен қарым-қатынастағы адамдардан құралатын қоғамға тән құбылыс. Адамның қоғамдық өмірде орны, әлеуметтік жайкүйі толығынан өз еңбегінің саны мен сапасына, әлеуметтік пайдалы белсенділігіне сай белгіленуі тиіс. Ол өмір сүретін қоғам оның адамдық қалпын, жөн-жосығын тек осы жолмен ғана анықтап, іске асыруға міндетті.

Ал, *адам* дегеніміздің өзі не? Дегенмен, бұл сұраққа тереңірек үңіліп, адам ерекшелігінің, табиғатын ғылыми тұрғыдан анықтауға тырыссақ, үлкен қиындыққа кездесеміз. Тарихшы-антрополог пен психологтың адамға беретін анықтамасы екі басқа болуы мүмкін, биолог пен дәрігердің түсініктері тағы да бір-біріне ұқсамауы ғажап емес. Өйткені, олар адам тұлғасының бір ғана қырын зерттейді және адамға негізінен өз мамандығы тұрғысынан қарайды. Ондай біржақты көзқарас көп қырлы кесек тұлғаның өзекті мәнін толық аша алмайды. Тіпті бұл жеке-леген ғылымдарға тән ұғымдардың жай қосындысы да адамның тұтас бейнесін бере алмайды. Бұл міндетті орындауға қабілеті жететін бір ғана білім саласы бар. Ол – философия. Сол сияқты адамның да әр түрлі құрамды жақтары мен қырларын (биологиялық құрылысын, психологиясын, әлеуметтік сипатын, моральдық күйін, т.б.) жеке-жеке зерттеумен шұғылданбайды, ең маңыздысы, адамды адам ететін сапалық қасиеттердің жалпылық байланыстарын, тұтастығын қарастыру арқылы оның ерекше қоғамдық мәнін ашуды өзіне мақсат санайды.

Философия тарихында адамға берілген анықтамалар көп:

– *Аристотельдің* анықтамасы бойынша Адам – “қоғамдық хайуан”, басқа хайуандардың адамнан айырмашылығы – оның қоғамнан тысқары жағдайда өмір сүре алмайтындығы.

– Орта ғасырдағы католицизм діни философы *Фома Аквинский* адамды дене мен жанның бірлігі, хайуан мен періштенің аралығындағы нәрсе деп қарады.

– Неміс философы *Фейербахтың* айтуынша жеке-дара, жалғыз өзі ғана өмір сүре алатын адамның болуы мүмкін емес. “Менің” болуымның міндетті шарты “сенің” болуың, басқалардың болуы.

– *Марксизмнің* адам туралы ой жүйесінің алғашқы бастамасына негіз болған *Фейербахтың* осы тезисі еді. “Индивид” (дара адам) – деп жазды К.Маркс, бұл – қоғамдық хайуан. Сондықтан оның өмірінің әрбір көрінісі қоғамдық өмір көрінісі және тұрақтануы болып табыла-

ды". Басқаша айтқанда, адамды жан-жануарлардан әлдеқайда жоғары қоятын қасиеттері тек қоғам ішінде өмір сүруінің нәтижесі. Себебі қоғамдық болмыс тәжірибесін бойына сіңіріп үлгермеген жас баланың тәуелсіз жеке өмір сүруге ешбір қабілеті болмайды. Осы жағынан қарасақ, ол жануарлардың кез келгенінен әлсіз екені белгілі жай. Ата-ананың, басқа адамдардың қамқорлық көмегінсіз ол адам болып өсіп, жетіле алмақ емес. Тарихтан белгілі фактілерге қарасақ, кездейсоқ бір себептермен кішкентай балаларды жыртқыш аңдардың алып кетіп, жылдар бойы өз орталарында тірі қалдырғанда, балалар адам қалпынан айырылып шыққан. Төрт аяқтап еңбектеп жүгіріп, өзін асырап өсірген жануарлардың барлық қимылдарына еліктеуден басқа ешбір қабілет қалмаған. Мысалы, Туркменияда Жұма Жұмаев деген адамды 13 жасында қасқырлардың ортасынан тауып алған. Қазір ол адам 40 жаста болса да, ол әлі жетілген адамдар қатарына кіре қойған жоқ.

Адамның жануарлар дүниесінен бөлініп шығуының негізі – өмір сүру ортасын өз еңбегімен өзгерту, қайта жасау тәсілін, ол үшін еңбек-құралын оның ең жабайы түрінен бастап, бірте-бірте жетілдіру жолын меңгеру қабілетінде болу.

Тек еңбек процесінде адамдар бір-бірімен қатынас, байланыс жасаудың, керекті ойларын сөз арқылы бір-біріне жеткізуді үйренеді. Бара-бара адам еңбегі бүкіл материалдық және рухани мәдениет дүниесінің жасаушысы болып шықты.

Қоғамдық қатынастар адамның өмір сүруіне қажетті материалдық игіліктерді өндіру тәсілінен туады. Адам дегеніміз – еңбек әрекетімен шұғылдана алатын, әлеуметтік қатынастарға түсетін өзара байланыс жасауға толық қабілеті бар тіршілік иесі деп анықтама беруге болады.

Адамның үш түрлі өлшемі бар: *биологиялық, психологиялық және әлеуметтік. Биологиялық өлшем* – адам организмінің түр бейнесі мен құрылымын (морфология), орындайтын қызметін, генетикалық негізін, ми, жоғары жүйке жүйесін, т.б. қамтиды.

Адамдар нәсілдерге бөлінеді. Әсіресе соңғы уақытта адамның табиғатын тану ісінде биологтар үлкен белсенділік көрсетуде. Оларға биотехнология мен этологияның таңғаларлық табыстары ерекше күш беруде. Сол табыстардың арқасында кейбір хайуандардың мінез-құлықтарына әсер етуге, тіпті олардың бірлі-жарымын қолдан қалыптастыруға мүмкіндік беретін генетикалық механизмдер ашылды. Осының буымен адамды да хайуандар патшалығының бір өкілі ретінде биологиялық ғылымдар шеңберінде зерттеу арқылы-ақ оның барлық сырын ашуға әбден болады-мыс деген болжау айтуда. Канада философы Майкл Рьюз тек дарвинизм негізінде "адам туралы жаңа ғылым" жасау қажеттігін дәлелдеуге тырысуда. Оның ойынша адамды зерттеуші әрбір ілім, оның ішінде тарихи, философиялық ілімдер биологиялық білімнің құрамындағы бөлімдер болып қалуға тиіс. Мұндай таза биологиялық көзқарастың қарсыластары, негізінен, гуманитарлық ғылымдардың өкілдері, адам табиғатының әлеуметтік құрамдас бөліктерінің ерекше маңызын баса көрсетуге тырысады. Бірақ оны биологиялық компонентке қарсы қоюды, болмаса, екеуінің арасына жеке тартып, бір-бірінен бөліп қарауды үлкен қате деп есептейді.

Ф. Энгельстің сөзімен айтқанда, біз табиғатқа басқыншылардың жеңіліске ұшыраған халыққа жасайтын үстемдігіндей немесе табиғаттың сыртында тұрған әлде бір күш тәрізденіп өктемдік жасай алмаймыз, біз, керісінше, жан-тәнімізбен, қанымыз және миымызбен табиғатқа жатамыз, соның ішіндеміз. Бірақ туған күннен бастап адам бұрыннан қалыптасып қалған күрделі қоғамдық байланыстар жүйесінен орын алады, соның ішінде өсіп жетіледі, білім-тәрбие алады, сол жүйеде оның әлеуметтік орны, жағдайы анықталады. Оның адамдық қасиеттері, ұстайтын жолы, дүниеге көзқарасы, мақсат-тілегі, мінез-құлқы, моральдық бейнесі іштен өзімен бірге тұмайды, қоғамда, басқа адамдар арасында өмір сүру барысында қалыптасады. Және бұлардың бәрі оның денесінің, организмнің миы мен жүрегінің, бес түрлі сезім мүше-

лері мен қол-аяғының, т.б. органдарының қызметінен тысқары бір вакуумде емес, сол қызметтің қатысуымен "дененің өз бойында" туып дамиды.

Психология ұғымына адамның ішкі жан дүниесі, онда жүріп жататын саналы және санадан тыс құбылыстар мен процестер, адамның еркі мен сипаты, темпераменті, т.б. кіреді. Жеке-жеке алып қарағанда бұл екі компоненттің бірде-бірі адам ұғымын тұтас тұлға ретінде ашып бере алмайды. Адамның биологиялық организмінен оның психологиялық қасиеттерін, оның миынан бөліп қарастыру, түсіну мүмкін емес. Сондай-ақ оның барлық сезім жүйесі (құмарлығы, жек көру не сую, мақтаныш не қорлану, күйініш не ырзалық сезімдерін) әлеуметтік өмірінен жырып алып, тек биологиялық заңдылықтарға бағындырмақ болса, бәрібір бұл әрекеттен ештеңе шықпайды. Адамның барлық үш өлшемі тығыз байланысты. Мысалы, адамның мінез-құлқы ген арқылы пайда болады, ал патриоттық, баққұмарлық – тәрбиенің өсері. Адам өмір сүруінің психикалық және биологиялық жақтарын бейнелейтін философиялық антропологиядағы бейсаналық пен саналық мәселесі де биологиялық және әлеуметтік мәселесімен тығыз байланысты. Ұзақ уақыт бойы философияда *антропологиялық рационализм* принциптері үстемдік етті, адам, оның қылықтары және болмысының өзі саналық өмір көрінісі ретінде қарастырылып келді. Адам "ақылды адам" ретінде ғана саналып келді. Ал Жаңа заманнан бері философиялық антропологияда бейсаналық мәселесі үлкен орын ала бастады. Лейбниц, Кант, Кьеркегор, Шопенгауэр, Ницше сияқты авторлар адам санасынан тыс психикалық үдерістердің маңызы мен рөлін әр түрлі қырлары мен позициялары тұрғысынан талдай бастады. Адамның өлшемі мен өмір сүруінің аса маңызды факторы ретінде бейсаналықты бекітіп, философиялық антропологиядағы бүкіл бір бағытты ашқан **З. Фрейд** бұл мәселенің шешілуіне зор ықпал етті. Ол бейсаналықты санаға қарсы тұратын күш ретінде танытады. Бірақ, сонымен қатар Фрейд бейсаналықтың рөлін біршама абсолюттендіріп көрсетеді.

Біз, керісінше, жан-тәнімізбен, қанымыз және миымызбен табиғатқа жатамыз. Бірақ туған күнінен бастап адам бұрыннан қалыптасып қалған күрделі қоғамдық байланыстар жүйесінен орын алады, соның ішінде өсіп жетіледі, білім-тәрбие алады, сол жүйеде оның әлеуметтік орны, жағдайы анықталады. Оның адамдық қасиеттері, ұстайтын жолы, дүниеге көзқарасы, мақсат-тілегі, мінез-құлқы, моральдық бейнесі тек қана қоғамда, басқа адамдар арасында өмір сүру барысында қалыптасады. Адам жақсы маман, азамат тәрбиесіз бола алмайды.

Адам барлық әлемнің өзі үшін, адамзат үшін құндылығын мойындайды, оған солай қатынас жасайды, себебі өзін де сол дүниеге барабар, сол дүниеге тепе-тең құнды жаратылыс деп қабылдайды. Әрбір жеке адам мойындасын немесе мойындамасын, оның дүниеге қатынасының түпкі мәні осылай. Яғни, адам үшін бүтін дүние өзінен-өзі, басқа ешнәрсеге тәуелсіз бағалы, сол сияқты адам да өзінен-өзі басқа ешнәрсеге тәуелсіз бағалы. Адам өзінен-өзі бағалы құбылыс болмаса, оны ешбір сыртқы күш бағалы ете алмайды. Басқаша айтсақ, адамның бағалы не бағасыз болуы оның өзіне ғана байланысты, ол өзі ғана осы қасиетке ие бола алады немесе бола алмайды. Әрине, біз бұл жерде адамның сатылатын нәрседей бағасының болуын айтып отырған жоқпыз.

Адамның пайда болуы туралы бірнеше гипотезалар бар, олар:

1. Ч.Дарвиннің эволюциялық концепциясы. Бұл концепция бойынша адам маймылдан пайда болды. Оны дәлелдеген Ф.Энгельс болған. Алдымен еңбек, одан соң бөліп-бөліп айтылған тіл дейді Ф.Энгельс, – маймылдың миын адам миына айналдырды. Еңбек әсерімен мидың дамуына сәйкес адамның сезім мүшелері: көзі, сезімі, қолы еңбек етуге бейімделеді, дамиды. Тілге байланысты сана қоғамдық құбылыс ретінде дамып, қоғамдық құбылыс ретінде дамып, қоғамдық рухани жеміске айналды.

2. Діни гипотезалар. Христиан дінінде (Библия), ислам дінінде (Құран) адамды құдай жаратты деп жазыл-

ған. Библияда құдай Адамды топырақтан жаратты, оның қабырғасынан Еваны жаратқан. Құранда Аллах аспанды, жерді, адамды жаратты. 23-сүреде адамның пайда болуы туралы айтылған.

3. Ғарыштық гипотеза – адам басқа планетадан келді. Оның дәлелі: ертедегі өркениеттер, мысалы – Египет, Қытай; Француз философы Тейяр де Шарден осы көзқарасты дәлелдеген.

Семинар сұрақтары:

1. Адамның пайда болуы жөніндегі әр түрлі гипотезалар.
2. Еңбек пен тілдің санадағы қалыптасу рөлі.
3. Адамның табиғи (биологиялық) және қоғамдық (әлеуметтік) өлшемдері.
4. Жеке адамдар өмірінің шектеулігі, адамзаттың рухани тәжірибесіндегі өлім мен өмір мәселесі.

Өзіндік жұмыстар:

1. М. Мақатаевтің өлеңіндегі философиялық мәселелерді тауып талдаңыз:

Адам қайдан жаралған?
Осынау бір сұрақты
Топшылаймыз сан алуан,
Жауабы жоқ тұрақты.
Ұғынамыз ғылымнан,
Топшылаймыз діндерден.
Адам қайдан туылған?
Тәңірі оны кім көрген!
Судан ба әлде оттан ба,
Жерден бе әлде күннен бе,
Бардан ба әлде жоқтан ба,
Маймылдан ба пілден бе?
Әр нәрсеге үңілдік,
Ұқсап бақтық әркімге,
Ақыры көп жүгіндік
Ғұлама шал Дарвинге.
...Мен адамнан жаралдым,

Ниетім жоқ айнуға.
Баласымын адамның,
Ұқсағым жоқ маймылға.
(Кісі емеспін – Адаммын!)

2. Адамның табиғаттағы мәні жөнінде Абай не айтады? Адам өмірінің құндылығы туралы не айтылған?

" Көк тұман – алдындағы келер заман,
Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған.
Көп жылдар көп күнді айдап келе
жатыр,
Сипат жоқ, сурет жоқ, көзім талған.
Ол күндер – өткен күнмен бәрі бір бәс,
Келер, кетер, артына түк қалдырмас.
Соның бірі – арнаулы таусыншақ күн,
Арғысын бір-ақ Алла біледі рас.

Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,
"Мені" мен "менікінің" мағынасы – екі.
"Мен" өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
"Менікі" өлсе өлсін, оған бекі.

Шырақтар, ынталарың "менікінде",
Тән құмарын іздейсің күні-түнде.
Әділеттік, арлылық, махаббат пен –
Үй жолдасың қабірден әрі өткенде.

Адам ғапыл (өтпелі) дүниені дер менікі,
Менікі деп жүргеннің бәрі оныкі.
Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде,
Сонда ойла, болады не сенікі?

9 тақырып. "Жеке тұлғалық. Бостандығы және жауапкершілігі"

1. "Дара", "тұлға", "даралық" түсініктерінің мазмұны.
2. Қоғамдық қатынастардың объекті мен субъекті ретіндегі даралық және оның элеуметтік рөлдері.

1. Адам текті ұғым болып табылады, сондықтан адамзат тегіне қатысты барлық белгілер бейнеленеді. Бірақ мұндай көзқарас адам мәнін анықтау үшін жеткіліксіз.

Адамның сапалық сипаттамасын беру мақсатында "*индивид*", *тұлға (кісі)*, *индивидуалдық (даралық)* сияқты ұғымдар қолданылады. Адам адамзат тегінің жекелеген өкілі ретінде "*индивид*" түрінде қарастырылады, бұл *латын сөзі "бөлінбейтін", "тұтас", "өзіндік"* деген мағына береді екен. "*Индивид*" (дара адам, жеке адам). Жаңа туған баланы нәресте, дара адамды индивид деп атауға болады, бірақ ол әлі кісілікке, адамдық сипатқа ие болған жоқ. Онда кісі болып жетілудің биологиялық та, тіпті әлеуметтік те алғышарттары, мүмкіндіктері бар. Жаңа туған нәресте "адам" деп аталғанымен, "*тұлға*" деген атақ көпке дейін ие бола алмайды. Өйткені, кісі болып, ержету үшін бала оңы мен солын, өзінің "менін" басқа "мендерден", яғни басқа адамдардан ажырата білуі тиіс. Сондықтан да нәресте, сәби, бөбектерді кісі, тұлға деп айту қиын. Бүкіл адамзат тегіне тән жалпы белгілерімен қатар, оның өзгелерден ерекшеленетін өз қасиеттері бар. Бұл табиғи – бойы, көзінің түсі, дене құрылысы және әлеуметтік дамуының интеллектуалдық деңгейі, психологиялық қатпары, рухани мәдениетінің әр түрлі деңгейі сияқты ерекшеліктері болып табылады. "*Индивидуалдық*" ұғымы "индивид" түсінігімен тығыз байланысты. Оны индивидпен байланыстыратыны – олардың негізі биологиялық, табиғи екендігі болып табылады. Индивидуалдық күрделірек және жан-жақты болады. Индивидуалдық ең алдымен адамның табиғи және психикалық қасиеттерінен, нақтылап айтқанда, оның жадынан, темпераментінен, мінез-құлқынан, эмоционалдылығынан көрінеді. Индивидуалдық белгілер адамның саналы әрекеттерінен де, оның пікірінен, қылығынан, мәдени қажеттіліктерінен де байқалады. Бір әлеуметтік топтың өкілдері арасында айырмашылық аз болғанымен, индивидуалдық үшін өзгеше нәрселер тән болады.

Адамның әлеуметтік қасиетінің келесі бір жоғары деңгейдегі сипаттамасы оның тұлғаға айналуы болып та-

былады. Көбіне адамның биологиялық табиғатына негізделетін индивидпен, индивидуалдықпен салыстырғанда "тұлға" мәнінің ерекшелігі оның әлеуметтік қасиеттерге негізделетінінде. Бірақ табиғи индивидуалдықтың тұлға дамуына өз әсерін тигізетінін ескеру керек.

"Личность" – кісі, тұлға. Есейіп, ер жетіп, өз бетінше әрекет ете алатын адамды ғана кісі, не тұлға деуге болады. Мінез, қабілеті бірсыдырғы қалыптасып үлгерген, өзінің іс-әрекетін тізгіндей білетін, өз бойындағы жаман-жақсы қылықтары үшін жауап бере алатын адамды да кісі, не тұлға дейміз.

Жеке адам, тұлға қоғамнан (отбасы, ұжым, т.б.) тыс өмір сүре алмайды. Өйткені, оның жан дүниесі тек айналасындағылармен қарым-қатынас жасау үстінде, тәлім-тәрбие, оқу, іздену, іске талаптану арқылы өркез белгілі мазмұнға ие болып отырады. Оның айналысатын іс-әрекеті мен бүкіл тыныс-тіршілігіне, ұстанған бағытына әсер ететін түрткілер көп. Солардың бастылары: қажет пен қызығу, таным мен сенім, мұрат пен талғам, мақсат пен мүдде, т.б. Адам нақты тарихи уақытта және әлеуметтік кеңістікте, тәрбие мен практикалық әрекет барысында қалыптасады. Сондықтан да тұлға әлеуметтік индивидуалдылық ретінде - бұл әрқашан да нақты нәтиже, ете әр алуан факторлардың өзара әрекеті мен синтезі.

Кісі (тұлға) – бұл жаңа сападағы индивидтің өзімен бірге іштен тумаған, белгілі тарихи-мәдени ортада өтетін өмір барысында қалыптасатын әлеуметтік-психологиялық және моральдық қасиеттер қосындыларының иесі, ақиқат болмысты тануға және өзгертуге бағытталған жасампаз әрекет субъектісі.

Басқаша айтқанда ол қоғамның өмір тәжірибесін бойына сіңіріп байыған, жетілген адам. Кейбір адам өрескел қылық көрсеткенде халқымыздың: "Әй, мынау кісіліктен жұрдай екен, бар болғаны сүйек пен еттен жаралған пенде екен" деп ренжитіні белгілі. Ойлана келгенде, "кісі", "кісілік" – деген түсініктер "личность" деген ұғымға бір табан жақын келетін сияқты. Ал кісілігі мол, азаматтығы жұрттан асқан, көпшіліктің көңілінен шыққан

ардақты да ақылды адамдарды халқымыздың "маңдайға біткен тұлға" деп дәріптейтіні белгілі.

2. Кісінің қалыптасуы оның әрекеттену және басқа адамдармен ой алмасу процесінде өтеді. Басқаша айтқанда, адамның әлеуметтік-әрекеттік мәні ең алдымен тұлғаның әлеуметтену негізінде жатады. *Әлеуметтену* – бұл индивидтің қоғамда өз өмір қамын дұрыс тәсілмен іске асыруына мүмкіндік беретін білімдердің, нормалар мен құндылықтардың белгілі бір жүйесін игеру барысында жүзеге асады, тек ең алдымен оның белгілі бір қоғамдық қатынастарға, әрекет түріндегі қарым-қатынас формасына түсуі нәтижесінде іске асады. Бұл жағдайда әлеуметтену филогенезде де (адамның тектік қасиеттері мен сипаттарының қалыптасуы) жүзеге асырылады. Адамның тарихи дамуы тұрғысында да, онтогенезде де тұлға – индивидтің әлеуметтену нәтижесі.

3. Бұл процесті индивидтің әлеуметтендіру процесі деп атауға болады. Әлеуметтендіру индивидке сырттан еріксіз танылатын жай емес, керісінше, оның белсенді араласуымен, өзінің қимылы мен мінез-құлқын қоғам талабына лайықтап, үнемі дұрыс жолға салып, өзгертіп отыруы арқылы іске асады.

Соның арқасында адамда өз мінез-құлқын, әрекетін басқа адамдардың сондай қылықтарымен салыстыра бағалау, сөйтіп, өзінің кім екенін түсіну, философия тілімен айтқанда, өзін-өзі тану қабілеті жетіледі.

Күнделікті өмірде тек тірліктің қамымен жүрмін деп ойлайтын адамдардың өздері де басқаларға және өзіне сол қамдықтың шеңберінен әлдеқайда кең көлемдегі талаптарды екінің бірінде алға тартып жүреді. Олар үшін де белгілі бір әрекеттер әділетті, ал басқалары әділетсіз, жақсы не жаман, т.т. Ал, олар ағза мұқтажығынан басқа нәрселердің бәрі де беймәлім жәндіктерде болмайды. Шектен шыққан өзімшіл де осы категориялармен ойлайды. Сонымен бірге күнделікті өмірде осы мәнділіктің сан түрлерін кездестіреміз. Адамдардың көпшілігі мойындайтын жалпы мәнділіктің шеңберінде көп адамдардың өзіне ғана тән, жалпылыққа қайшы келмейтін нақты

мәнділіктері де бар. Кейде тіпті болмашы нәрселердің, жалған нәрселердің, өзі адамдарға өмірінің мәніне айналып жүреді. Адамдыққа жат жауыздықтың өзі де тұтас бір қауымдар, халықтар, топтар үшін олардың тарихтағы болуының мәніне айналғаны да белгілі.

Адамгершілікті, ізгілікті, әділеттілікті, т.т. мойындаудан басқа шексіз байлыққа, билікке, үстемдік мен озбырлыққа, т.т. ұмтылушылық та көп адамдардың көкейтесті пиғылдарына айналатындығы қазіргі заманда бәрімізге аян. Осындай жеке адамдардың өмірлік мәні болатын тағы да көптеген нәрселерді айтуға болады. Сол сияқты көптеген тарихи кезеңдерде бір халықтың, таптың, т.т. екіншілеріне үстемдік етуге ұмтылуы, тіпті оларды жойып жіберуді көздеуі осындай мәнің орнын басады. Мысалы, фашизм идеологиясы, солардың бірі. Олай болса, мәнді болу тек қана игілікті, ізгілікті болу деген сөз емес. Мән барлық уақытта тек жағымдылықты білдірмейді. Бірақ, өздігінен жағымсыз қасиет, оның объективтік жалғандығы белгілі бір өмірлік мәнге айналғанда ол көбінесе жағымды бағаланады, биік мақсат, өмірлік арман болып тұрады.

Адамзаттың бүкіл тарихы да, әрбір жеке адамның өмір жолы да осындай мәнділікті іздеуге толы.

Адам – өз болмысының субъектісі. Субъект болу әрбір жеке адамның өз іс-әрекетіне, сыртқы дүниеге, басқа адамдарға әрі өзіне қатынасына өзі ие, оны ол өзі жасап, өзі реттеп әрі өзі тыя алады дегенді білдіреді. Сонымен бірге ол өзінің жан әлемінде де, өзінің психикалық қызметіне де белгілі бір дәрежеде ие, олар үшін ол жауап бере алуы тиіс. Әрбір адамда мәнділіктің өзгеше болып, оны өзінше түсінуі, бірақ, жалпы объективтік мәнділіктің болуын жоққа шығармайды. Оны мәнділіктің ақиқаты деп атауға болады.

Адамның дүниеге қатынасы, оның негізгі сипаты мен табиғаты осы мәнмен анықталады. Сыртқы табиғатты өзгерту қызметінің өзі негізгі екі түрлі мәнді іске асыру үшін болуы мүмкін: біріншіден, табиғат пен адамның үйлесімді байланысы, бірін-бірі толықтыратын, жаңғыр-

татын және екіншіден, табиғатты тек пайдалану үшін. Табиғатқа тек қана пайдагершіліктің көзімен қарап, тек өзінің бір мұқтаждығының тұрғысынан қатынас жасау антикалық дәуірден бастап Еуропада кең өріс алды. Онда табиғатты тек адамның бір кәдесіне жарайтын немесе жарамайтын заттар мен құбылыстардың арсеналы, адамның бір табиғи қоймасы ретінде ғана қарап іс-әрекет жасау басым болды. Әрине, еуропалық өмірде басқа қатынастар да бар, бірақ әңгіме қандай қатынастың жетекші, басым болғандығын айтып отырмыз. Осы пайдагерлік қатынас үстем болған, тіпті баз біреулердің жан дүниесінде жалғыз ғана құмарлыққа ие болған жерде табиғаттың, басқа адамдардың, жалпы өзінен тыс құбылыстардың қайсысы болса да өзіндік дербес мағынасынан айрылады, ондай жандар үшін табиғаттың кез келген заты не пайдалы, не пайдасыз, олардың өзіндік құндылығы ол үшін жоқпен тең. Екінші, бір мәнділіктің табиғатты өзгертуге, меңгертуге, үстемдік етуге, пайдалануға біршама енжарлығы, бірақ оның есесіне, табиғат пен үйлесімді тіршілікке бейімділігі көбінесе Шығыста айқынырақ көрінді. XX ғ. дейін осылай болды. Қазір мұнда да алғашқы қатынас еніп келе жатыр.

Жеке адам, тұлға қоғамнан (отбасы, ұжым, т.б.) тыс өмір сүре алмайды. Өйткені, оның жан дүниесі тек айналасындағылармен қарым-қатынас жасау үстінде, тәлім-тәрбие, оқу, іздену, іске талаптану арқылы әркез белгілі мазмұнға ие болып отырады. Оның айналысатын іс-әрекеті мен бүкіл тыныс-тіршілігіне, ұстанған бағытына өсер ететін түрткілер көп. Солардың бастылары: қажет пен қызығу, таным мен сенім, мұрат пен талғам, мақсат пен мүдде, т.б.

Адамзаттың сан ғасырлық тарихында адамгершілік пен имандылықтың ұлы қозғаушы күші – сенім. Сенім жоғалған жерде адамға тән тіршіліктің мәні де шамалы. Сенім – ер жетіп, есейген шақта пікірталас үстінде, әртүрлі көзқарас қақтығысында плюрализмге кең жол ашылған жерде біртіндеп шыңдала түседі. Сенім адамға бірден келмейді, ол өмір көріністерін топшылау, салыстыру,

тіршілік тәжірибесін жинақтап, соны қорыту арқылы, яғни әрбір құбылысты "жеті рет өлшеп, бір рет пішу" дегендей, сын тезінен өткізіп, терең де, тиянақты білім негізінде пайда болады. Сенім – адамның ерік-жігер, қажыр-қайратының қандай екенін көрсететін, сезімді қозғайтын, өмір суру мақсатына айналған өміршең білім. Сенім дүниетанымға (табиғат, адам, қоғам құбылыстары туралы білімдер жүйесі) негізделеді.

Адамның дүниеде болуының негізінде жатқан қасиет, ол еркіндік. Спинозаның айтуынша, еркіндік дегеніміз – біздің іс-әрекеттеріміздің қажеттіліктермен анықталатындығын анық білу, соған саналы түрде мойынсұна білу, соның жолымен ғана жүру. Гегель, К. Маркс пен Ф. Энгельс те еркіндікке осы көзқараста болды. Бірақ олар тәжірибелік іс-әрекетті философияның негізгі принципі еткендіктен, еркіндікті түсінуге біршама өзгеріс кіргізді. **Еркіндік** олар үшін танылған қажеттілік және тәжірибелік іс-әрекетте адамдардың сыртқы табиғатқа және өзінің тәнінің табиғатына да үстемдігі. Адам болмыстың заңдылықтарын қаншалықты меңгерсе әрі өз ісінде пайдалана алса, еркін іс-әрекет деп соны түсінуіміз қажет. **Ерік** – адамның мінез-құлқын меңгере алу қабілеті. Мәселен, кейде төсектен тұрғың келмейді, бірақ сабаққа кешікпеу үшін сөзсіз тұру керек. Бұл жерде ішкі кедергілерді (төсектен тұра алмау) жеңу қажет болады. Кейде көздеген мақсатымызға сырт нәрселер де кедергі жасайды (басқа біреудің қарсылығы, жағдай болмау, т.б.). Бұл сыртқы кедергі делінеді. Адам осы айтылғандарды жеңіп отырмаса, еркі жетіліп, шындалмайды. Ерік – мақсат қоюдан басталады. Мәселен, орта мектепті бітіретін оқушының түрлі мамандықты таңдауына мүмкіндігі және таудай талабы болады. Оның алда тұрған мақсатына жетуіне түрлі рухани, мәдени қажеттері түрткі болады. Адамда әртүрлі мақсат болады. Алда істелетін істің бағыт-бағдарын, мән-мәнісін, жоспарын белгілемейінше адамның талап-тілегі дұрыс жүзеге аспайды. Ерік қимылдарының алғашқы көріністерінің бірі – "тілек" немесе "ниет". Тілек – келешекте істейтін ісіміздің ойға бекуі. Мәселен,

"газетке мақала жазсам", "өзенге барып шомылсам", т.б. деген сөйлемдерде адамның түрлі тілегі бейнеленген. Бұларда белгілі бір қажетті өтеу көзделген, бірақ оны орындау жолдары әлде де болса көмескі, яғни оның нақты жоспары сызылмаған. Тілекте еріктік амалға төн аздап талғамалық сипат бар. Талғау ниетке ой-өрекетінің араласуын қажет етеді, осы арқылы адам өзіне қажетсіз тілектерді тежейді де, қажеттілерін орындау үшін тиісті жоспар сызып, амал-айла, әдіс-тәсіл қарастырады. Соңғы жағдай ғана адамның тілегін нақтылы кесімді түрге келтіреді.

Мақсат айқындалғаннан кейін адам әрекеттің орындалу жолын қарастырады. Егер ол алдына мақсат қояр кезде өзіне "Не істеу керек?" деп сауал қоятын болса, жоспарлау үстінде "Қалай істеу керек?", "Қандай жолдармен мақсатқа жетуге болады?" деген сұрақтар қояды. Келесі акт – "қалау". Бұл мақсаттың айқындығын, нысанаға жеткізетін нақты жоспардың жасалғандығын, ойдың бекігендігін білдіретін атау. Бірақ, тілек те, қалау да ерік қасиетін толық көрсете алмайды. Өйткені, бұлар кейде бір-бірімен үйлесе алмай, бірі екіншісіне қайшы келіп жатады. Көбінесе, адам өзінің алдына ылғи шамасы келетін, күші жететін, орындай алатын мақсаттарды қойып, осы жолда кездесетін қиыншылықтарды жеңіп отыруы қажет.

Еркіндік – адамның о бастан ешбір сыртқы себептілікпен, жағдайлармен, ешбір сыртқы күштермен әрі өзін қоршаған ортамен алдын ала анықталмағандығы. Адам өзін-өзі жасайды, адамға еркі болу соншалықты ауыр жүк, ол оған барлық жауапкершілікті артады.

10 тақырып. "Адамзаттың болашағы"

1. Адамзат болашағы.
2. Философияның адамгершілік мәселелері.

Болашақты болжау, не оны білуге тырысу адам баласының ежелгі арманы.

Ертеңгі күнім қандай, мені не күтіп тұр деп ойламайтын адам дүниеде жоқ. Табиғаттың, қоғамның заңдылықтарын түсінбеген кезде, адамдар өр нәрсеге сыйынуға мәжбүр болды. Осыдан келіп Айдың не Күннің тұтылуын, Жердің сілкінуін әлі болмаған, бірақ төніп келе жатқан қолайсыз жағдайлардың, қауіп-қатерлердің, қырығын соғыс, не елге келетін оба ауруларының нышаны деп білген. Мұндай жағдайларда қазақтар тасаттық беріп, садақа жасап жататын. Ондай қиын кезеңдерде түрлі құмалақшылар, астрологтар не "көріпкелдер" көбейеді.

Діншілдер келешекте "ақыр заман" болады, о дүние алдында адамдардың атқарған істері таразыға салынып, күнәсі көптер тамұққа, күнәсі жоқтар жұмаққа барады деп уағыз айтады.

Әлеуметтанушылар жақын уақытты болжап, үкіметке кім келеді, оның саясаты қандай болмақ деген сұрауларға елдің пікірін аулап, болжам айтады, кейде сол болжам арқылы елді өзінің болжамына қарай икемдеп, итермелейді.

Ал алыс болашақты болжау үшін *футурология* (болашақ, сөз, ілім) қолданылады. Қазіргі ғылымда болашақты болжаудың бірнеше әдістері қолданылуда.

Оған жататындар экстраполяция (латынша – экстра – сырттай, жоғары, роли-өзгерту, бастау). *Экстраполяция* – бір нәрсенің құбылысына қарап басқа нәрсені болжау, оның келешегін, даму жолын кесіп айту. Бұл әдіс көбінесе талдауда, диагноз жасауда қолданылады. Мысалы, біз тәуелсіз мемлекет болып, даму жолын таңдағанда осы әдісті пайдаланып, өртүрлі экономикалық модельдерді салыстырдық. Дәл осы өдіске жақын тұрған тарихи аналогия әдісі.

Тарихи аналогия – грек тілінен-сәйкестік, ұқсастық деген сөздерден алынған. Бұл әдіс бойынша белгілі бір зерттелген, әбден анықталған құбылыстардың қасиетін, ұқсастығын негізге ала отырып, басқа зерттелмеген құбылыстарды болжайды. Мысалы, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев "Қазақстан-2030 Стратегиясында" бұл әдісті пайдаланып, Қазақстанды Сингапур мен Малайзиямен салыстырады.

Компьютерлік модельдеу – объектіні белгілі үлгіге түсіріп, сол үлгіні зерттеу арқылы болар істі түсіну. Модель (француз және латын тілінен аударғанда өлшем, үлгі, мөлшер деген ұғымдардан туындаған) белгілі әлеуметтік арнайы жасалған құбылыстар. Белгілі бір модельсіз болашақты түсіну, оған ұмтылу, не басқа болжамға келу өте қиын. Модель біздің болашақ жөніндегі ойымызды нақтылайды, оның суреттерін, жобаларын, көкжиегін белгілейді.

Осы айтылған ғылыми әдістердің бәрінің басын біріктіретін жаңа әдіс *ғылыми прогностика* дүниеге келді.

Оның ілгері дамуына электрондық есептеу техникасын қолданудың маңызы өте зор. Бұл техника шұғыл мерзім ішінде ғажап фактілерді, цифрларды реттеп, есепке салып, тиісті қорытынды шығарып, даму бағытын пайымдайды, қажетті тұжырым жасайды.

Профессор А.И. Ракитовтың пікірінше, егер *қоғам* төмендегі параметрлерге сәйкес келсе, онда оны *ақпараттық* деп есептеуге болады:

1) егер кез келген адам, ұжым, кәсіпорын немесе ұйым өзінің өмірқамы мен жеке немесе әлеуметтік маңызы бар міндеттерді шешу үшін кез келген уақытта елдің кез келген нүктесінен кез келген ақпаратты ала алатын жағдайда;

2) егер қоғамда кез келген индивидке, ұжымға немесе ұйымға қызмет ететін қазіргі ақпараттық технология өндіріліп, жоғары пункттегі талаптарды өтей алатын болса;

3) егер ғылыми-технологиялық және әлеуметтік-тарихи прогрестің тұрақты жедел қарқынын ұстап тұруға қажетті мөлшерде ұлттық ақпараттық ресурстарды қалыптастыруды қамтамасыз ететін дамыған инфрақұрылым болған жағдайда;

4) егер өндіріс пен басқарудың барлық салаларында автоматтандыру мен роботтандырудың жеделдетілген үдерісі жүзеге асса;

5) егер ақпараттық әрекет пен қызмет салаларын кейтуге мүмкіндік беретін әлеуметтік құрылымда радиалды өзгерістер жүзеге асса.

Жаңа ақпараттық өркениеттің қалыптасуы көптеген жаңа мәселелерді де туғызады. Әлеуметтік-экономикалық табыс бүгінгі күндері білім мен технологияға тәуелді болғандықтан, ақпараттандыру жолына дер кезінде түсе алмаған елдердің ақпараттары дамушы елдерге тәуелді болып қалатыны күмән туғызбайды. Осыған байланысты дамушы елдердің шикізат және энергетика көздері болып келген елдер ақпараттық отар елдерге айналуы мүмкін.

Сондықтан "...ақпараттық қоғам адам болмысының мәнімен қатар құрылымын өзгертетіндіктен, мыңдаған жылдар бойы философияның жұмбақ құбылыстары болып келген шығармашылық құпиялары мен адамзат ақыл-ойының терең тылсымдарына ену мүмкіншіліктері мен оны адами игеру деңгейлерін, тұлға жүйесін түбегейлі өзгертетін болғандықтан, философия көкжиегіндегі зерттеу аймағы болып қала береді" (Ракитов А.И. Философия компьютерной революции. М., 1991).

Болашақта адамзат өркениетінің дамуы қандай болмасын, мейлі ол ғарыштық дәуір, компьютерлік немесе ақпараттық және т.б. болсын, мұның бәрі адам үшін, адамның игілігі үшін жасалып жатқандығын ескеруіміз қажет. Бұл мағынада техника философияны ең алдымен адам философиясы деген американ философы Х. Склимовскидің пікірімен келісуге болады. (Т.Ғабитов. Философия. А., 2002).

2. Қазір бүкіл адамзат алдында бұрын болмаған ауқымды, *бүкіләлемдік* мәселелер қойылуда. *Олардың ішінде бейбітшілік пен қарусыздану, қоғамдық және әлеуметтік даму, кейбір мемлекет пен аймақтардың артта қалуын жою, ғылыми-техникалық алға басу, халық ағарту және мәдениет проблемалары, халық санының өсуі, денсаулық сақтау, адамның жаңа биологиялық, әлеуметтік жағдайларға үйренуі, қор мен энергетика, азық-түлік пен табиғат және т.б. күрделі мәселелер бар.*

Осы мәселелер бәрі адамзаттың қазіргі жағдайына, болашағына зор өсер етуде.

Әлем өзінің байлығымен және алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Әлемді рухани-практикалық игеру үдерісі барысында адам болмысты өз құндылықтары арқылы қарастырады. Құндылықтық қатынас әрқашан да субъектінің бойында белгілі бір эмоцияларды – қуану, сүйсіну, таңдану, табыну, т.б. туғызады. Құндылықтар әлемі – сөздің кең мағынасында мәдениет әлемі, адамның рухани әрекетінің саласы, тұлғаның рухани байлығы өлшемін білдіретін, оның адамгершілік санасының, басымдылықтарының саласы. Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрып, нормалар мен мағыналар қызметін өзіне бағындыра отырып, оны реттейді.

Дәстүр, әдет-ғұрып пен салт-сана қоғамдағы әлеуметтік қатынастар түрлерін, қоғамның мәдени деңгейін көрсетумен қатар, тәрбие талаптарының негізін құрайды, адамдардың қоғамдасып өмір сүруінің және ұйымдасуының маңызды формаларын көрсетеді. Жер жүзінде екі мыңнан астам ұлт пен ұлыс тіршілік етеді десек, солардың әрқайсысының өзіне ғана тән әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері бар. Олар – халық мәдениетінің аса мәнді құрамдас бөлігі, одан сол халыққа жататын адамдар мәдениетінің деңгейі, рухани байлығы, басқа ұлттар мен ұлыстардан, халықтардан айырмашылығының барлық белгілері айқын танылады. Сонымен қатар салт-сана, дәстүр қатып-семген, мәңгі өзгермейтін нәрселер емес, елдің экономикасының, мәдениетінің өркендеуімен бірге, олардың озықтары одан әрі дамып, жаңғыра түседі, тозықтары қолданыстан қалып, ұмыт бола береді.

Адамгершіліктің кейбір бастауларын қарастырайық.

Қайырымдылық (ізгілік) және оның антиподы зұлымдық: қайырымдылық ұғымы адамдардың жалпы мүдделерін, болашаққа деген үмітін, талап-тілектерін білдіреді; зұлымдық керісінше, өмірге кедергі жасап, оны жоюға тырысады.

"Бақыт" – ол, біріншіден, қайғысыз, жоқшылықсыз, ауру-сырқаусыз, бәле-жаласыз өмірді білдіретін игілікті береке; екіншіден, қажеттіліктерді қанағаттандыру; қанағат, ырзашылық; қуаныш.

Ар-ұят адамгершілік сананың моральдық-психологиялық тетігі ретінде қоғамдағы моральдың императивті (бұйрықты), байланыстырушы күшіне ұқсас. Ар-ұят – ол адамның ішкі дауысы. Шәкәрім ар-ұят іліміне көңіл аударған:

"Еңбекпенен, өрнекпенен
Өнер ойға тоқылса,
Жайнар көңіл, қайнар өмір
Ар ілімі оқылса".

(Ш.Құдайбердіұлы. Үш анық).

Философия пәнінен аралық бақылау тестер

IV бөлім

I вариант.

1. Қай мемлекеттің философиясы адам проблемасын ең жоғары биіктікке көтеріп, өзін түгеліндей соған арнағаны жайлы болып отыр:

A) Буддизм философиясы.

B) Қытай философиясы.

C) Грек философиясы.

D) Мысыр философиясы.

2. "Өзіңе жасалғанын қаламайтын қылықтарды сен де басқаларға жасама" – деген:

A) Сократ.

B) Конфуций.

C) Платон.

D) Аристотель.

3. Адамның арманынан шығатын "мемлекет" туралы ілімнің авторы:

A) Аристотель.

B) Сократ.

C) Платон.

D) Әл-Фараби.

4. "Бақыт – әр адамның көздейтін мақсаты, үлкен игілік" деген...

A) Әл-Фараби.

B) Аристотель.

C) Конфуций.

D) Сократ.

5. "Ой – парасат ғасыры" деп аталған:

- А) ХҮІІ ғ.
- В) ХҮІІІ ғ.
- С) ХІХғ.
- Д) ХХІ ғ.

6. Адамның табиғи-әлеуметтік мәні туралы ілім:

- А) Марксизм.
- В) Үнді философиясы.
- С) Қытай философиясы.
- Д) Фрейдизм.

7. Адамның өртүрлі құрамды жақтары мен қырларын тұтас қарастыратын ғылым:

- А) Философия.
- В) Антропология.
- С) Тарих.
- Д) Социология.

8. "Адам – қоғамдық хайуан" – деген:

- А) Платон.
- В) Фейербах.
- С) Аристотель.
- Д) Гегель.

9. Адамды құдай жаратқан деген:

- А) Атеистік концепция.
- В) Дарвин концепциясы.
- С) Еңбек концепциясы.
- Д) Христиандық концепция.

10. Адам ағзасының түр бейнесі мен құрылымын, орын-
дайтын қызметін, генетикалық негізін қамтиды:

- А) Әлеуметтік өлшем.
- В) Биологиялық өлшем.
- С) Психологиялық өлшем.
- Д) Дұрыс жауабы жоқ.

11. Адамның ішкі жан-дүниесі кіретін өлшем:

- А) Биологиялық.
- В) Әлеуметтік.
- С) Психологиялық.
- Д) Санасыздық.

12. Отансүйгіштік, баққұмарлық, т.б. :

- А) Әлеуметтік өлшем.
- В) Психологиялық өлшем.
- С) Биологиялық өлшем.
- Д) Табиғи өлшем.

13. Ақуыздық денелердің сыртқы табиғатпен зат алмасу негізі арқылы өмір сүру әдісі:

- А) Өлім.
- В) Тіршілік.
- С) Мәңгілік өмір.
- Д) Биологиялық.

14. "Өлсе өлер табиғат, адам өлмес" - деген:

- А) Абай.
- В) Әл-Фараби.
- С) Аристотель.
- Д) Шәкәрім.

15. Адам төріздес маймылдардың адам сатысына өтудегі жолдарын анықтайтын теория:

- А) Эволюциялық.
- В) Материалистік.
- С) Атеистік.
- Д) Дұрыс жауабы жоқ.

Философия пәнінен аралық бақылау тестер

IV бөлім

II вариант

1. Әділеттілік мәселесін көтерген:

- А) Египеттіктер философиясы.
- В) Қытай философиясы.
- С) Грек философиясы.
- Д) Шығыс философтары.

2. "Адамсүйгіштік" қасиетті көтерген:

- А) Конфуций.
- В) Платон.
- С) Сократ.
- Д) Аристотель.

3. Адам мәселесін ең жоғары биіктікке көтерген, өзінің алдына адамды қиналу азабынан құтқаруды мақсат етіп қойған:

- А) Қытай философиясы.
- В) Буддизм.
- С) Грек философиясы.
- Д) Неміс философиясы.

4. "Адам – қоғамдық хайуан" – деген:

- А) Платон.
- В) Конфуций.

С) Аристотель.

Д) Әл-Фараби.

5. Адамның табиғи-әлеуметтік мөнін көтеретін:

А) Марксизм.

В) Идеализм.

С) Грек философиясы.

Д) Шығыс философиясы.

6. Адамның ақыл-ой құдіретінен туатын іскерлік, белсенділік қабілеттеріне көңіл аударған:

А) Марксизм.

В) Француз ағартушылары.

С) Неміс философиясы.

Д) Үнді философиясы.

7. Адамды құдай жаратқан деген:

А) Дарвин концепциясы.

В) Еңбек концепциясы.

С) Атеистік концепция.

Д) Дұрыс жауабы жоқ.

8. Адам ағзасының түр бейнесі мен құрылымын, орындайтын қызметін, генетикалық негізін, ми, жоғары жүйке жүйесін, т. б. қамтитын:

А) Биологиялық өлшем.

В) Психологиялық өлшем.

С) Әлеуметтік өлшем.

Д) Санасыздық.

9. Саналы және санадан тыс процестер, адамның еркі мен сипаты, темпераменті, т.б.:

А) Әлеуметтік.

В) Психологиялық өлшем.

С) Биологиялық.

Д) Эмоциялар.

10. Тәрбиемен, қоршаған ортамен байланысты адамның өлшемі:

А) Әлеуметтік.

В) Психологиялық.

С) Биологиялық.

Д) Дұрыс жауабы жоқ.

11. "Бақыт – әр адамның көздейтін мақсаты үлкен игілік" деген:

А) Аристотель.

В) Әл-Фараби.

С) Конфуций.

Д) Аристотель.

12. "Ой – парасат ғасыры" деп аталған:

- А) ХҮІІ ғ.
- В) ХҮІІІ ғ.
- С) ХІХ ғ.
- Д) ХХІ ғ.

13. Ақуыздық денелердің сыртқы табиғатпен зат алмасу, негізі арқылы өмір сүру әдісі:

- А) Тіршілік.
- В) Мәңгілік өмір.
- С) Өлім.
- Д) Идеализм.

14. Адамның арманынан шығатын "мемлекет" туралы ілімнің авторы:

- А) Аристотель.
- В) Платон.
- С) Сократ.
- Д) Әл-Фараби.

15. "Өлсе өлер табиғат, адам өлмес" – деген:

- А) Әл-Фараби.
- В) Аристотель.
- С) Абай.
- Д) Шәкәрім.

"Философия негіздері" пәнінен қорытынды тестер

I вариант

1. Алғашқы қауымда ең бірінші пайда болған дүниетанымның түрі:

- А) Дін.
- В) Философия.
- С) Мифология.
- Д) Аңыздар.

2. Дүниетанымның анықтамасы:

- А) Адамның дүниеге көзқарасы.
- В) Қоғамтану.
- С) Айнала қоршаған орта, бүкіл әлем, тұтас дүние туралы, ондағы адамның орны, тіршіліктің мән-мағынасы туралы көзқарастардың, пікірлер мен түсініктердің жүйеленген жиынтығы.
- Д) Дұрыс жауаптары А, С.

3. Философияның үш ірі ошағы:

- А) Мысыр, Қытай, Грекия.
- В) Қытай, Үнді, Грекия.

С) Вавилон, Мысыр, Қытай.

Д) Қытай, АҚШ, Мысыр.

4. Дүниенің бәрі судан пайда болады және суға айналады деген пікірді ұсынған:

А) Фалес.

В) Анаксимандр.

С) Анаксимен.

Д) Диоген.

5. "Тарихи қалыптасқан кең мағыналы, терең ауқымды философиялық ұғым":

А) Материя.

В) Болмыс.

С) Табиғат.

Д) Дұрыс жауабы жоқ.

6. "Бұрын табиғатта өмір сүрмеген, адамдар өндірген заттардың, процестердің, жай-күйлердің тұтас дүниесі":

А) Бірінші табиғат.

В) Материя.

С) Екінші табиғат.

Д) Ноосфера.

7. "Адамға оның түйсігі арқылы мәлім болатын, біздің түйсіктерімізге тәуелсіз бола тұрып, сол түйсіктеріміз арқылы көшірмесі, суреті, сәулесі түсетін объективтік реалдылықты белгілеу үшін қолданылатын философиялық категория":

А) Материя.

В) Болмыс.

С) Табиғат.

Д) Биосфера.

8. Қандай пікір дұрыс болады?

А) Қозғалыс пен тыныштықтың қатынасы жоқ.

В) Қозғалыс – салыстырмалы нәрсе.

С) Тыныштық – қозғалыстың белгілі бір өткінші қалпы.

Д) В мен С.

9. "Заттардың жаратылысы мен ерекшелігін білдіретін маңызды белгілерінің жиынтығы":

А) Сан.

В) Сапа.

С) Мөлшер.

Д) Дұрыс жауабы жоқ.

10. "Жалпыға бірдей байланыс жөніндегі, даму жөніндегі ілім":

А) Диалектика.

В) Метафизика.

С) Идеализм.

Д) Схоластика.

11. Себеп-салдар байланысы жақтайтын ілім:

А) Детерминизм.

В) Индетерминизм.

С) Онтология

Д) Детерминизм.

12. "Өндіргіш күштердің белгілі бір даму сатысына сәйкес келетін қоғамның экономикалық құрылымы, өндірістік қатынастардың жиынтығы":

А) Қондырма.

В) Базис.

С) Қоғам.

Д) Өркениет.

13. Адамның дүниені танып білу мүмкіндігін жоққа шығаратын бағыт:

А) Дуализм.

В) Идеализм.

С) Агностицизм.

Д) Материализм.

14. Таным процесінің бастапқы пункті және оның негізі болып табылатын:

А) Практика (тәжірибе).

В) Рационалды таным.

С) Сезімдік таным.

Д) А мен С.

15. Қоғамдық адам түсінігіндегі, біліміндегі субъектіге, адамға, адамзатқа тәуелсіз мазмұн:

А) Ақиқат.

В) Объективтік ақиқат.

С) Салыстырмалы ақиқат.

Д) Қателесу.

16. Қоғамдық сананың түрлері:

А) Теориялық және қарапайым сана.

В) Идеология, психология.

С) Саяси, моральдық, құқықтық, діни, эстетикалық, философиялық сана.

Д) А мен В.

17. "Білімді" және "ақпаратты" (информация) теңестіруге бола ма?

А) Жоқ.

В) Иә.

С) Дұрыс жауап жоқ.

18. Личность (кісі, тұлға):

А) Ол қоғамның өмір тәжірибесін бойына сіңіріп байыған, жетілген адам.

В) Ол әлі кісілікке, адамдық сипатқа ие болған жоқ.

С) Онда кісі болып жетілудің биологиялық та, психологиялық та, тіпті әлуметтік те алғышарттары, мүмкіндіктері бар.

Д) Жетілген адам.

19. Бүкіләлемдік мәселелердің ең маңыздысы:

А) Кейбір мемлекет пен аймақтардың артта қалуын жою.

В) Бейбітшілік және қарусыздану.

С) Халық ағарту.

Д) Ашаршылық мәселесі.

20. Бүкіләлемдік мәселелердің қандай түрі адамдардың материалдық игіліктерді өндіру процесінде қоршаған ортаны ластануымен байланысты?

А) Экологиялық.

В) Демографиялық.

С) Азық-түлік мәселесі.

Д) Табиғи байлықтарды игеру.

II вариант

1. Философия...

А) Табиғат және қоғамның неғұрлым жалпы даму заңдары туралы ғылым.

В) Дүниетанымның ерекше түрі.

С) Адамның дүниеге көзқарасы.

Д) В мен С.

2. "Адамның қауымдық санасының алғашқы қалыптасуының көрінісі":

А) Дін.

В) Миф.

С) Философия.

Д) Демократия.

3. "Барлық заттардың мәні – олардың санында, сандық қатынастарда" – бұл сөздерді айтқан...

А) Фалес.

В) Анаксимен.

С) Пифагор.

Д) Аристотель.

4. "Материяның" философиялық анықтамасы:

А) Материя – энергия мен массасы бар барлық заттар.

В) Материя – сансыз көп атомдар.

С) Материя дегеніміз – санаға тәуелсіз өмір сүретін объективтік дүние.

Д) А мен В.

5. Қозғалыс пен тыныштықтың арақатынасы:

А) Қозғалыстың бәрі салыстырмалы.

В) Тыныштық – қозғалыстың бір мезгілі.

С) Қозғалыс пен тыныштықтың байланысы жоқ.

Д) А мен С.

6. Болмыс:

А) Субъективті пен объективтік реалдылықтың бірлігі.

В) Материяның өмір сүруінің тәсілі.

С) Дүние болды, бар және болады деген ұғым.

Д) В мен С.

7. Сана:

А) Айнала қоршаған орта, бүкіл әлем, тұтас дүние туралы, ондағы адамның орны туралы көзқарастың жиынтығы.

В) Ерекше ұйымдасқан материя – адам миының қасиеті, объективтік шындықтың бейнесі.

С) Қоғамның рухани өмірі.

Д) Дұрыс жауабы жоқ.

8. Диалектиканың қай заңы даму процестерінің ішкі қайнар көзін ашады:

А) Сан мен сапа өзгерістер заңы.

В) Терістеуді терістеу заңы.

С) Қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күресі.

Д) Категориялары.

9. Заттардың жаратылысы мен ерекшелігін білдіретін маңызды белгілерінің жиынтығы:

А) Сан.

В) Сапа.

С) Мөлшер.

Д) А мен В.

10. Диалектика...

А) Даму жөніндегі, жалпыға бірдей байланыс жөніндегі ілім.

В) Болмыс туралы ілім.

С) Дүниетанымның дамуы жөніндегі ілім.

Д) В мен С.

11. Құбылыстың ішкі, көзге көрінбейтін жағы:

А) Мән.

В) Құбылыс.

С) Кездейсоқтық.

Д) Мазмұн.

12. Өмір шындығының барлық құбылыстарына бірдей төн келетін қасиеттер мен белгілер:

- А) Ерекше.
- В) Жеке.
- С) Жалпы (ортақ).
- Д) Өлшем.

13. "Табиғатпен қоғамның арасындағы қарым-қатынастың мән-мағынасы сипаты қандай, адам өзін қоршаған табиғи ортамен қалай байланыс жасайды" деген сұрақтарға жауап беретін ғылым:

- А) Демография.
- В) Экология.
- С) География.
- Д) Философия.

14. Рационалдық (логикалық) танымның формалары:

- А) Қабылдау, түйсіктер.
- В) Тәжірибе.
- С) Ұғым, пікір, ой тұжырымы.
- Д) Эмоциялар мен түйсіктер.

15. Кісі, тұлға деген:

- А) Жасампаз әрекет субъектісі.
- В) Индивид.

С) Қоғамның өмір тәжірибесін бойына сіңіріп байыған, жетілген адам.

- Д) Нәресте.

16. Таптардың, ұлттардың, мемлекеттің түбегейлі мақсаттарын уағыздап қолдайтын қоғамдық ойлар формасы:

- А) Праволық сана.
- В) Моральдық сана.
- С) Діни сана.
- Д) Атеистік сана.

17. Ғылымның қорытындысының негізі:

- А) Пікір.
- В) Ой тұжырымы.
- С) Гипотеза.
- Д) Концепция.

18. Қоғамдық, саяси, құқықтық, т.б. көзқарастар мен идеялар:

- А) Базис.
- В) Қондырма.
- С) Сана.
- Д) Қоғамдық болмыс.

19. Тәжірибенің (практиканың) қандай түрі адамның болмысын ұдайы өндірумен байланысты?

- А) Саяси тәжірибе.
- В) Материалдық тәжірибе.
- С) Дәрігерлік тәжірибе.
- Д) Қоғамдық тәжірибе.

20. Бейбітшілік пен қарусыздандыру, қоғамдық және әлеуметтік даму, кейбір мемлекет пен аймақтардың артта қалуын жою, ғылыми-техникалық алға басу, т.б. мәселелер қалай аталады?

- А) Экологиялық.
- В) Экономикалық.
- С) Бүкіләлемдік.
- Д) Ұлттық қауіпсіздік.

"Философия негіздері" пәнінен қорытынды тестер III вариант

1. Адамдар өміріндегі дүниетанымның тарихи түрлері:

- А) Саясат, мораль, өнер.
- В) Мифология, дін, философия.
- С) Мораль, дін, право.
- Д) Тарих.

2. Дүниетаным деген:

- А) Адамның дүниеге көзқарасы.
- В) Қоғамтану.

С) Айнала қоршаған орта, бүкіл әлем, тұтас дүние туралы, ондағы адамның орны, тіршіліктің мән-мағынасы туралы көзқарастардың, пікірлер мен түсініктердің жүйеленген жиынтығы.

Д) Адамның ойлары.

3. Жердегі барлық тіршілік, әлем дүниесі, "материя" түсінігіне ұқсас болатын:

- А) Биосфера.
- В) Табиғат.
- С) Қоғам.
- Д) Әлем.

4. Материяның дұрыс анықтамасын беріңіз:

- А) Материя – массасы, энергиясы бар нәрселер.
- В) Материя – атомдардан құрылады.
- С) Материя – санаға тәуелсіз өмір сүретін объективтік дүние.
- Д) А мен В.

5. Табиғат пен қоғам дамуының заңдылық сипатын білдіретін категория:

- А) Мән.
- В) Себеп.
- С) Қажеттілік.
- Д) Кездейсоқ.

6. "Қозғалыстың бәрі салыстырмалы" (относительді):

- А) Дұрыс пікір.
- В) Дұрыс емес.
- С) Дұрыс жауап жоқ.

7. Болмыс туралы философиялық ілім:

- А) Гносеология.
- В) Философияның тарихы.
- С) Онтология.
- Д) Идеализм.

8. Сананың жоғары элементі:

- А) Сезім.
- В) Ақыл-ой.
- С) Жігері.
- Д) Ойлау қабілеті.

9. "Бәрі де өзгерісте, бәрі де өткінші" – бұл пікірді айтқан...

- А) Сократ.
- В) Парменид.
- С) Гераклит.
- Д) Гегель.

10. Жылу процестері мен электромагниттік процестер, ядро мен атомның ішінде болатын өзгерістер, "элементарлық" бөлшектердің өзара әрекеттері:

- А) Механикалық қозғалыс.
- В) Физикалық қозғалыс.
- С) Химиялық қозғалыс.
- Д) Биологиялық.

11. Ұзындығы, ені, биіктігі бар – ол ненің қасиеті болады:

- А) Уақыттың.
- В) Қозғалыстың.
- С) Кеңістіктің.
- Д) Биосфераның.

12. Адам миында елеңдеу мен басылу, қызығу мен жирену процестері жүріп жатады:

- А) Жігер процестер.
- В) Ойлау процестер.
- С) Эмоциялар (сезімталдық процестер).
- Д) Жантану.

13. Дамудың механизмін көрсететін заң:
- А) Терістеуді теріске шығару.
 - В) Қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күресі.
 - С) Сан өзгерістерінің сапа өзгерістеріне айналуы.
 - Д) Дұрыс жауабы жоқ.
14. Әлемнің дамуының қайнар көзі неде?
- А) Сыртта.
 - В) Әлемнің ішінде.
 - С) Дұрыс жауап жоқ.
15. Дамудың кертартпа бағыты:
- А) Тоқырау.
 - В) Регресс.
 - С) Прогресс.
 - Д) А мен С.
16. Адамның дүниені танып білу мүмкіндігін жоққа шығаратын бағыт:
- А) Идеализм.
 - В) Агностицизм.
 - С) Дуализм.
 - Д) Фрейдизм.
17. Шындықты дәл толық бейнелеу:
- А) Абсолюттік ақиқат.
 - В) Салыстырмалы ақиқат.
 - С) Объективтік ақиқат.
 - Д) Ақиқат.
18. Ой тұжырымының түрі "жеке пікірлерден жалпыға келу":
- А) Дедукция.
 - В) Индукция.
 - С) Абстракция.
 - Д) Анализ.
19. Адамның қандай өлшемі тұқым қуалаушылық көрсетеді?
- А) Биологиялық.
 - В) Психологиялық.
 - С) Әлеуметтік.
 - Д) Эмоциялық.
20. Бүкіләлемдік мәселе – халық санының өсуі мәселесі:
- А) Экологиялық.
 - В) Демографиялық.
 - С) Философиялық.
 - Д) Денсаулық сақтау мәселесі.

"Философия негіздері" пәнінен қорытынды тестер IV вариант

1. Философияның басқа ғылымдармен ұқсастығы:

- А) Статистикалық есептер.
- В) Ғылыми приборларды пайдалану.
- С) Әдістер мен тәсілдерді қолдану.
- Д) А мен В.

2. Айнала қоршаған орта, бүкіл әлем, тұтас дүние туралы, ондағы адамның орны, тіршіліктің мән-мағынасы туралы көз-қарастардың, пікірлер мен түсініктердің жүйеленген жиынтығы:

- А) Дүниетаным.
- В) Философия.
- С) Мифология.
- Д) Дұрыс жауабы жоқ.

3. Қазақ ағартушысы, орыс ақындары Пушкиннің, Лермонтов пен Крыловтың шығармаларын алғашқы болып қазақ тіліне аударған:

- А) Шәкәрім.
- В) Ы.Алтынсарин.
- С) Абай.
- Д) Ж. Аймауытов.

4. Болмыс деген:

- А) Материяның өмір сүруі.
- В) Субъективті және объективті шындықтың бірлігі.
- С) Дүние болды, бар және болады.
- Д) А мен С.

5. Санаға тәуелсіз өмір сүретін объективтік дүние:

- А) Материя.
- В) Болмыс.
- С) Табиғат.
- Д) Идея.

6. Адамға дейінгі, адамның санасынан тыс және тәуелсіз өз болмысы арқасында – ерекше тұрпатты шындық болып табылады:

- А) "Екінші" табиғат.
- В) "Бірінші" табиғат.
- С) Табиғат.
- Д) Әлем.

7. Болмысты объективтік идея деп талдаған:

- А) Субъективтік идеализм.
- В) Объективтік идеализм.

С) Материализм.

Д) А мен В.

8. Қозғалыстың қандай түріне осы анықтама келеді: "Қоғамда болып жататын алуан түрлі процестердің материалдық және рухани мәдениеттің даму процестерін қамтиды"?

А) Механикалық.

В) Физикалық.

С) Әлеуметтік.

Д) Биологиялық.

9. Сезімдік танымның формалары:

А) Түйсік, қабылдау, елестету.

В) Ұғым, пікір, ой тұжырымы.

С) Гипотеза.

Д) А мен В.

10. Қоғамдық сананың формасы, мемлекет шығаратын заңдардың белгілі бір системасы түрінде білінетін:

А) Саяси.

В) Праволық.

С) Моральдық.

Д) Шариат.

11. Жаңа ескіден өзінің алдындағы дамудың барлық жетістіктерін қабыл алатын процесс:

А) Қайшылықтар.

В) Секіріс.

С) Теріске шығару.

Д) Диалектика.

12. Табиғат пен қоғам дамуының заңдылық сипатын білдіретін категория:

А) Кездейсоқтық.

В) Қажеттілік.

С) Себеп.

Д) Кездейсоқ.

13. Қоғамдық, психологиялық, саяси, құқықтық, этикалық, т.б. көзқарастар мен идеялар және оларға сәйкес келетін мекемелер мен ұйымдардың жиынтығы:

А) Базис.

В) Қоғамдық-экономикалық формация.

С) Қондырма.

Д) Партия.

14. Таным процесінің заңдылықтарын зерттейтін ілім:

А) Онтология.

В) Гносеология.

С) Дүниетаным.

Д) Детерминизм.

15. Таным процесінің бастапқы пункті және оның негізі болып табылатын :

А) Практика.

В) Рационалдық таным.

С) Сезімдік таным.

Д) А мен С.

16. Адамның қандай өлшемі оның ішкі жан дүниесін, еркі мен сипатын көрсетеді:

А) Биологиялық.

В) Психологиялық.

С) Әлеуметтік.

Д) А мен В.

17. Адамның еңбек әрекетінің жануарлардың әрекетімен салыстырғанда бір айырмашылығы бар:

А) Қолдың дамуы.

В) Сөйлеу.

С) Ойлау.

Д) Тік жүруі.

18. Кез келген адамға шығармашылық (творчестволық) қабілеттері бола ма?

А) Иә.

В) Жоқ.

С) Дұрыс жауап жоқ.

19. Қоғамдық-экономикалық формацияның тәуелді бөлшегі:

А) Базис.

В) Қондырма.

С) Қоғам.

Д) Дұрыс жауабы жоқ.

20. Денсаулық сақтау, адамның жаңа биологиялық, әлеуметтік жағдайларға үйренуі, қор мен энергетика, т.б. күрделі мәселелер:

А) Экологиялық.

В) Дүниежүзілік.

С) Философиялық.

Д) Адамгершілік.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбішев К. Философия. – Алматы, 1999.
2. Әлеуметтік философия. Хрестоматия. – Алматы, 1996.
3. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы, 1975.
4. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы, 1971.
5. Аристотель. Метафизика. – М., 1975. – 1 т.
6. Алтай Ж., Касабек А., Мұхамбетали Қ. Философия тарихы. – Алматы: Жеті жарғы, 1999.
7. Алтаев Ж., Ғабитов Т., Касабеков А. Философия және мәдениеттану. – Алматы: Жеті жарғы, 1998.
8. Акатаев С.Н. Мироззренческий синкретизм казахов. – Алматы, 1993. – Вып: 1,2.
9. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы, 1986.
10. Ғабитов Т., Мүтәліпов Ж., Құлсариева А. Мәдениеттану негіздері. – Алматы: Дөнекер, 2000.
11. Есімов Ғ. Хакім Абай. – Алматы: Атамұра, 1994.
12. Есімов Ғ. Сана болмысы. – Алматы, 1994.
13. Есім Ғ. Пәлсапа тарихы. – Алматы: Раритет, 2004.
14. Қазақ философиясының тарихы. – Алматы, 1994.
15. Кішібеков Д. Философия. – Алматы: Рауан, 1991.
16. Қазақ тілі мен әдебиеті. № 12. 2001.
17. Құнанбаев Абай. Қара сөздер // Абай Құнанбаев. Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1977. – 1,2 том.
18. Кун Н.А. Ежелгі Грекия мифтері мен аңыздары. – Алматы, 1979.
19. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Өнер, 1996.
20. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030. – Алматы, 2001.

21. Орынбеков М. Предфилософия протоказахов. – Алматы: Өлке, 1994.
22. Рүстемов М., Қошанов С. Атақты адамдар өмірінен. – Алматы: Рауан, 1992.
23. Росенко М.Н. Основы современной философии. – Санкт-Петербург, 1997.
24. Сериккалиева Ә. Сквозь века. – Алматы: Жазушы, 1974.
25. Сегизбаев О. История казахской философии. – Алматы: Ғылым, 2001.
26. Таранов П.С. 120 философов. – Симферополь: Таврия, 1996.
27. Тәуелсіз Қазақстан: 1986 жылдың желтоқсаны. – Алматы, 1996.
28. Философия. Оқу құралы. I тарау. – Алматы, 1991.
29. Шәкәрім. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жалын, 1988.
30. Қ. Жарықбаев, Ө. Озғанбаев. Жантануға кіріспе. – Алматы, 2000.

Тест сұрақтарына жауаптар:

№	1 тарау	2 тарау	3 тарау		4 тарау		ҚОРЫТЫНДЫ			
			1 вар.	2 вар.	1 вар.	2 вар.	1 в	2 в	3 в	4в
1.	A	C	C	C	A	A	C	A	B	C
2.	A	B	Д	A	B	A		B	C	A
3.	B	B	B	B	C	B	B	C	B	C
4.	A	A	A	B	A	C	A	C	C	B
5.	C	B	B	A	B	A	C	B	C	A
6.	A	B	C	B	A	B	A	A	B	B
7.	C	A	A	а-с; в-а; с-в	A	C	A	A	C	B
8.	A	C	B	B	C	A	C	C	B	C
9.	C	B	B	B	A	B	B	B	C	A
10	B	A	C	C	B	A	A	A	B	B
11	C	A-C; B- B; C-A	A	A	C	B	A	A	C	C
12	B	C	C	C	A	A	B	C	C	B
13	B	B	B	A	B	A	C	B	C	C
14	B	C	A	A	A	B	A	C	B	B
15	A	B	B	C	A	C	B	C	B	A
16	B	C	A	A			C	A	B	B
17	C	B	B	B			A	B	A	C
18	B	C	C	C			A	B	B	B
19	A	C	B	B			B	B	A	B
20	C	C	A	A			A	C	B	B
21		A								
22		B								
23		C								
24		B								
25		A								
26		C								
27		B								
28		B								
29		A								
30		A								

IV тарау. Философиядағы адам мәселесі

<i>8 тақырып. Адам болмысы – философия мәселесі ретінде.....</i>	133
Семинар сұрақтары, тапсырмалар.....	144
<i>9 тақырып. Жеке тұлғалық. Бостандығы және жауапкершілігі.....</i>	145
<i>10 тақырып. Адамзат болашағы.....</i>	152
Тест сұрақтары.....	157
Ұсынылған әдебиеттер.....	173
Тест сұрақтарына жауаптар.....	175

«Кәсіптік білім» сериясы

Кактаева Г.А.

Философия негіздері

Оқулық

Редакторы Н. Рамазанова
Техникалық редакторы Р. Тұрлынова
Корректоры Г. Құлымбетқызы
Көркемдеуші редакторы Ж. Қазанқаров
Компьютерде беттеген М. Шаймерденов

Басуға 04.11.06 қол қойылды.
Пішімі 84x108 1/32. Қағазы офсеттік.
Офсеттік басылыс. Есептік б. т. 11,25.
Тапсырыс №191. Таралымы 1500 дана.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 87/1

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 87/1